

Нүргүл Тлебалдина

БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мектеп ұстаздары мен болашақ қазақ тілі мен әдебиеті факультеті
студенттеріне арналған

Оқу –әдістемелік құралы

Семей, 2019

ӘОЖ 681.2

КБЖ 30.10

Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университетінің Ғылыми кеңесі
баспаға ұсынған

Пікір жазғандар:

Мұқанова Қ.Қ. филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Ақманова Ғ.Р. педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Тлебалдина Н.Қ.

Т 48 Бағалаудың өлшемдік технологиялары.

Оқу- әдістемелік құрал./ Н.Қ. Тлебалдина. – Семей: «Интеллект» баспасы,
2019.-123 бет

ISBN 978-601-7915-66-7

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары» атты оқу –әдістемелік құралында оқытуда бағалаудың әр түрлі тәсілдерін, әдістері мен техникасын қолданудың жолдары қарастырылған.

Оқу –әдістемелік құралында бағдарламаға сәйкес дәріс тезистері, студенттердің өздік жұмыстары мен тест тапсырмалары берілген.

Кітап жоғары оқу орны мен колледж студенттеріне, қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімдеріне арналған.

ӘОЖ 681.2

КБЖ 30.10

Кіріспе

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда.

Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізудің бір бағыты оқытудың, әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау деп көрсетілген.

Еліміз әлемдік өркениетке кіріккен тұста білім беру жүйесінде үлкен бетбұрыс болғаны белгілі. Соның негізінде білім сапасын жаңа деңгейге көтеру мақсатында Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша мектептегі білім беру жүйесінің 12 жылдыққа көшу мәселесінің енуі бейінді оқытуды мәселесін дамытуды көздеп отыр.

Сонымен қатар, қазіргі білім беру стратегиясына сәйкес оқушының еңбегін бағалау тәсілдерінің болуы, әрбір пәндік аумақтың динамикалық үздіксіз дамуына сәйкес білімді бақылау мен бағалаудың жетілдірілген әдістемесін анықтап және оны ақпараттық коммуникациялық технологияларды кешенді қолдана отырып, жүйелі түрде жүргізу және осыған болашақ мұғалімдерін дайындау.

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәні арнайы пәндер модулінің міндетті пәндер компонентіне кіреді. Бұл пәнді меңгеруде студенттер жалпы білім беру және кәсіби пәндер модулінен оқитын пәндерден игерген білік, дағдыларына сүйенеді.

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәні педагогикалық мамандықтағы студенттердің, әртүрлі бағыттағы және мамандандырылған мектептің болашақ мұғалімі ретіндегі кәсіби дайындықтарын шыңдау мақсатында кіргізілді.

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары» оқу – әдістемелік құралында білім алушыларға бағалаудың түрлері мен ұстанымдары, бағалаудың орны мен рөлі жайында мағлұмат беріліп, критериалдық бағалау технологиясының моделі, критериалдық кесте-рубрикаторлары, форматтық бағалау және суммалық (ішкі және сыртқы) бағалаудың ерекшеліктері түсіндіріліп, оқу бағдарламасы және оқу жоспарының (қысқа, орта, ұзақ) түрлері жайында ұғымдар қалыптастырылып, портфолионың педагогикалық міндеттері, функциясы мен құрамы және оны қолданудың білік-дағдылары жайында түсінік беріледі.

1-Дәріс. Бағалау нормативтері туралы ұғым

Дәрістің негізгі сұрақтары:

1. Жеке бағдарлы оқытудағы бағалау жүйесінің ерекшелігі.
2. Оқушының жетістіктерін бағалау мақсаты.
3. Оқушының жетестігін бағалау принциптері.
3. Оқушының жетістігін бағалау түрлері.
4. 12 – жылдық білім беру кезінде қолданылатын бағалау жүйесі.

1. Жеке бағдарлы оқытуда бағалаудың әр түрі мен әдістерін қолданудың маңызы зор. Оқушыларға өз білімдері мен дағдыларын көтеруге және алдағы уақытта қай бағытта жұмыс істеу керек екендігін анықтауға мүмкіндік туса, мұғалім оқушының оқу мазмұнын терең түсінуіне және оқып-үйренуде тәуелсіз болуына қажетті ақпараттарды алады.

Бағалаудың әр түрлі тәсілдерін, әдістері мен техникасын оқушылардың өтілген тақырыпты түсіну дағдыларын қалыптастыру дәрежесін анықтау мақсатында мәліметтер жинау үшін ұтымды қолдану мұғалімге оқытуды жүйелеуге мүмкіндік береді, яғни әр оқушының талабы мен мүмкіндігі ескеріледі, ал оқушы білім алуына және алдағы өміріне қажетті өзінің білімін, жоғары құзіреттілігін қалыптастыруын бақылайды.

Бағалау – оқыту мәселерінің диагностикасы мен жетістіктерін, кері байланысты, оқу процесіне қатысушыларды (сыныптағы оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, мемлекет) білім берудің жағдайымен, мәселелерімен, және жетістіктерімен таныстыруды өлшеудің негізгі құралы. Оқушының оқудағы жетістіктерін бағалау жүйесі – білім беру бағдарламасын меңгеру сапасын бағалайтын оқу үрдісінің негізгі элементі.

Қазіргі кездегі мектептің білім беру жүйесінде *бағалау*, *баға*, *белгі* деген сөздер тек синоним түрінде қолданылады. Бірақ іс жүзінде олай емес.

Бағалау – оқушының оқу және танымдық қызметін бақылау, сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту мақсатында оқушы туралы ақпараттарды жинақтау, жазу, тіркеу және интерпретациялау процесі.

Баға – бағалау процесінің қорытындысы, бағалау бойынша іс әрекет немесе қызмет, кері байланыстың сапалы ақпараты.

Белгі – оқушының білім алудағы жетістіктерінің бағасын цифрмен, әріппен немесе басқа да түрде жинақтап өрнектейтін шартты – формальды символ.

Оқушылар білім алуда сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін қазіргі бағалау мынандай болуы керек:

- оқу процесіне қатысушылардың барлығына түсінікті;

- икемді;
- көп жабдықты;
- психологиялық жағынан жағымды;
- көп құрылымды.

Оқушының білім алудағы жетістіктерін тиімді бағалау мақсатында мұғалім бағалаудың мынандай түрлерін сәтті қолдануы тиіс: диагностикалық, формативтік (қалыптастырушылық), жиынтық.

2. Оқушының білім алудағы жетістіктерін бағалаудың мақсаты алынған білім нәтижелерінің алдын ала жоспарланған деңгейге сәйкес келу дәрежесін анықтау болып табылады.

Бағалау - оқушының оқудағы мақсаты мен жетістіктерге жету критерііне көңіл аудару;

- мұғалімнің әрекетін әр оқушыны жеке дамыту технологиясын жетілдіруге бағыттау, атап айтқанда:

- оқушыға ары қарай білім алуда дұрыс шешім қабылдауға қажетті ақпараттар беру (өз күшін қайда бағыттау, неге көңіл аудару, нені жақсарту, нені түзету, қай жағынан жетілдіру керек);

оқушыға өзін өзі бағалау дағдысын қалыптастыру;

- оқушылармен үнемі кері байланыста болу;
 - оқушыға ары қарай мақсатты түрде білім алу керек екендігін дәлелдеу;
 - ақпараттарды беру:
 - оқушыға оның жұмысының сапасы туралы;
 - оқушыдағы процестер туралы мұғалімдерге;
 - білім алу нәтижесіндегі жетістіктердің деңгейі туралы ата –аналарға;
- Мектеп және елді мекен (аудан, қала, облыс, т.с.с) бойынша жалпы есеп беру саясатын қалыптастыру.

Мақсатқа сену (целепологание) және оның бағалаудағы ролі.

Мақсатқа сену бағалаудың ажырамас бөлігі. Ол басымдылықты анықтауға, шешім қабылдауға және жоспарды жүзеге асыруға көмектеседі. Мақсат неғұрлым айқын тұжырымдалса, бағалау соғұрлым нақты және тиімді болады. Көп жағдайда мына талаптардың орындалуын ұйғарады:

а) мақсаттың нақты тұжырымдалуы;

- неге жету керек екендігі айқын болу үшін нақты, ерекше болуы;
- мақсатқа жеткенін дәл айту үшін өлшемді болуы;
- қай іс әрекеттің қалаған нәтижеге апаратынын түсіну үшін қол жетімді, іс әрекетке бағытталған болуы;
- шындыққа негізделген болуы;
- нақты мерзімі және дұрыс құралдары болу керек.

б) мақсатты жүзеге асырылатын тапсырмаларға бөліктеу;

Мұғалім мақсатты тұжырымдағанда оған жететін бағыттарын жасауы керек. Міндеттердің қойылуы мақсатқа жету үшін қолданылатын маңызды шаралардың тізбегін анықтайды.

в) дәлелдеу және табандылық;

Мұғалім оқушыға қойылған мақсатқа жетуге және оған жету үшін барлық қадамдардың орындалуын дәлелдеуі қажет.

г) үздіксіз бағалау

Мақсатқа сену-белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асатын үзіліссіз процесс. Барлық алға қойған мақсатты үнемі саралап отыру және қажет болған кезде қайта қарастыру керек. Мақсатты үзіліссіз саралап отыру мұғалімді үнемі басым бағыттарды айқындауға және маңызды шешім қабылдауға мәжбүрлейді. Орындалмаған және орындалу мерзімі үнемі шегеріліп отыратын мақсаттарға ерекше көңіл бөлу керек.

Мақсатқа сену мұғалім тарапынан да, оқушы тарапынан да мақсаттың құрылуына мүмкіндік береді. Бірінші тәсіл - дәстүрлі оқыту үшін сипатталса, екіншісі – қазіргі кезде оқытудың құзіреттілігін меңгеруге байланысты мектеп өміріне енуде.

Оқушы тарапынан құрылған сабақтың мақсаты мұғалімге оқушының сабақ материалын қалай меңгергенін білуге көмектессе, оқушыға сабақта нені меңгеру керек екендігіне көңіл аударуға мүмкіндік береді.

3. Оқушының жетестігін бағалау принциптері.

Мұғалімге өз қызметінде мынандай принциптерді басшылыққа алуға тура келеді:

Маңыздылық. Оқушының білім алудағы және іс – әрекетіндегі неғұрлым маңызды жетістіктерді бағалауға көңіл аудару.

Теңбе-теңдік. Оқушының білімінің, іскерлігінің, дағдысының, құндылықтарының, мақсаттағы құзіреттілігінің және оқудағы жетістіктерінің бағаларының сәйкес болуын қадағалау.

Шындық және әділдік. Нақты бағалау критерийін жасап, жүзеге асыру. Критерий бағалауды және белгі қоюды оқушыға ұсыным жасау қаупі нашарлайды.

Интеграциаланған. Бағалауды жүзеге асыру жоспарлы және жан-жақты ойластырылған оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Ашықтық. Бағалаудың критерийі мен әдістерін тапсырманы орындамас бұрын хабарлау. Оқушылар бағалау критерийін жасауға да қатыса алады.

Қолжетімділік. Барлық білім алу процесіне қатысушылар үшін бағалау процесінің қарапайым және оның түрлері мен әдістерінің айқын болуына ұмтылу.

Жүйелілік. Бағалау процедурасын тізбектей және жүйелі орындау.

Мейірімділік. Оқушы мен мұғалімнің арасында жетістіктерді арттыруда серіктестік қатынаста болуға жағдай жасау.

4. Оқушының жетестігін бағалау түрлері.

Мұғалімнің қызметінде оқушының жетістіктерін тиімді бағалауды жоспарлауда бағалаудың мақсатын білу қаншалықты маңызды болса, оның жеке түрлерін білу соншалықты маңызды. Осы параметрлер бойынша бағалау мынандай үш түрге бөлінеді: диагностикалық, формативтік (қалыптастырушы), суммативтік (жиынтық, қорытынды).

Диагностикалық бағалау – оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысы мен күзiреттiлiгiнiң қалыптасуының алғашқы деңгейiн анықтау. Диагностикалық бағалау әдетте оқу жылының басында немесе бiр тақырыпты, тарауды оқытудың алғашқы сабағында жүргiзiледi.

Бағалаудың бұл түрi оқушыға да, мұғалiмге де қазiргi жағдай мен талаптар туралы дұрыс көзқарас қалыптастыруға мүмкiндiк бередi. Диагностикалық бағалаудың қажеттiлiгi мыналар арқылы анықталады:

- а) оқушылардың даярлық деңгейiнiң әр түрлiлiгi;
- б) оқыту мазмұнын тiзбектей қалыптастыру;
- в) оқушының бiлiм алу процесi мен оқытуда «таяу арадағы даму аймағына» сәйкес талаптар мен мүмкiндiктерiнкөре бiлу қажеттiлiгi.

Диагностикалық бағалаудың мақсаты пән бойынша тақырыпты немесе тарауды оқуды бастарда оқытудың мақсатына қатысты оқушының алатын орны туралы ақпарат алу болып табылады. Диагностикалық бағалау мұғалiмге оқушының сұранысы бойынша оқу жоспарын өзгертуге немесе алдағы уақытта оқып- үйренуде туындайтын қиындықтарды жеңудi болжауға көмектеседi.

Диагностикалық бағалаудың бiрiншi буыны – оқушының бiр тақырыпты, курсты оқығанға дейiнгi жинақтаған бiлiм қорына немесе дағдысы мен күзiреттiлiгiнiң деңгейiне сүйенiп, оның бiлiм алу деңгейiн алдын ала сараптау (алдын-ала тест алу). Бұл жұмыс мұғалiмге жаңа тақырыптың қай бөлiгiнде оқушыға қиындық туындайтынын анықтауға және бұл қиындықтарды болдырмау қадамдарын жоспарлауға көмектеседi.

Педагогтар алдын-ала тест алудың мақсаттарының тiзбегiн анықтады:

- * алғашқы бiлiм мен тәжiрибенiң диагностикасы;
- * алғашқы бiлiм мен тәжiрибенiң өзектiлiгi;
- * алғашқы бiлiм мен тәжiрибенiң проблемалылығы;
- * оқушылардың өз дайындық деңгейлерiн өздiгiнен бағалауы;
- * оқушының көзқарасынан пәннiң маңызды аспектiсiн бөлiп қарау;
- * оқылатын тақырыпқа қызығушылық туғызу;
- * оқытылатын тақырыпқа оқушылардың күтуiн туындату.

Алдын ала тестiлеу диагностикалық бағалаудың жалғыз түрi емес екенiн байқаймыз. Тақырыпты оқытудың алғашқы кезеңiнде сол курс бойынша ой қорыту және болжам жасау үшiн рефлекстiк жағдайлар туындатуға болады. Бұл кезеңде тақырыпты, бағдарламаны, оқытылып жатқан курстан не күтетiнiн талқылау керек.

Диагностикалық бағалаудың екiншi буыны – жаңа тақырып бойынша оқушының бiлiмiн, iс-әрекетi мен дағдысын, күзiреттiлiгiн тексеру болып табылады. Мұғалiм тестiлеудi тақырыпты оқудың соңында жүргiзiп, оқушы өтiлген тақырыпты қаншалықты дұрыс қабылдағанын, күзiреттiлiктердi меңгеру дәрежесi туралы ақпараттар алады.

Формативтiк (қалыптастырушы) және жиынтық мақсат арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгiленген, бiрақ,

берілген екі терминнің мәні нақты анықталмаған. Бағалаудың екі нысаны да білім беру жүйесіне қажет-ақ. Іс жүзінде бұдан анығырақ айырмашылық жіктеу және есеп беру үшін өткізілетін **оқуды** бағалау және нақты мақсаты оқушылардың оқуына ықпал етуге арналған оқытудың бөлігі ретінде бағалауды қолдану болып табылатын **оқыту үшін** бағалау арасында жүргізіледі. Егер бағалау мақсаты баға қою, сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша бағалау **жиынтық** болып табылады және кейде оны **оқуды бағалау** деп атайды. Жиынтық бағалау оқушының, мұғалімнің немесе мектептің мәртебесіне немесе болашағына ықпал етуі (яғни, анықтайтын мәнге ие) мүмкін болатын шешімді қабылдау үшін қолданылған жағдайда өлшемдердің сенімділігін қамтамасыз ету керек, бұл ақпараттың мазмұны мен оны қалыптастыру шартын бақылауды белгілейтін арнайы тестілерді қолдану кезінде мүмкін болады. Оқуды жақсарту мүмкіндіктерін, осы мүмкіндіктерді іске асыру әдістері мен түрлерін анықтауға бағытталған бағалау **формативтік** бағалау, басқаша айтқанда, **оқыту үшін бағалау** (ОҮБ) болып табылады.

Формативті (қалыптастырушы) бағалау – оқушының білім алуын үнемі бақылап отыратын мақсатқа бағытталған үзіліссіз процесс. Формативті бағалау «формальды емес» (көбінесе белгі қоймай) бағалау болады. Ол бағалау критерилеріне сәйкестікке негізделіп, кері бойланысты ұстанады. Егер нәтиженің бағасы анықталған қажеттіліктерді ескеріп, оқу процесін жақсартуға қолданылса, онда бағалау формативті болады.

Формативті (қалыптастырушы) бағалаудың мақсаты - оқу процесі арысында оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетіне түзетулер енгізу болып табылады. Түзетулер енгізу білім алу нәтижесін жақсарту үшін мұғалімнің немесе оның оқушылармен бірігіп жаңа мәселелерді ұсынуы.

Формативті бағалау мұғалімге оқушылардың оқуда мақсатқа жету процесін қадағалап отыруға мүмкіндік береді және оқу процесіне дер кезінде өзгертулер мен түзетулер енгізуге, ал оқушыға өзінің білім алуында жоғары дәрежедегі жауапкершілікті сезінуге көмектеседі.

Формативті бағалау:

* күнделікті тәжірибеде қолданылады (сабақ сайын, күнделікті)

* оқушыға да, мұғалімге де қолайлы түрде пайдаланылады.

Суммативті (қорытынды) бағалау белгілі бір уақыт аралығында тақырыпты, тарауды оқып болғаннан кейін оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысының, құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған. Суммативті бағалау көптеген тексеру жұмыстарының нәтижелері бойынша жүргізіледі. Тексеру жұмыстарына қойылған бағалар қорытынды бағаны анықтауға негіз болады.

Суммативті (қорытынды) бағалаудың мақсаты - белгілі бір уақыт аралығында оқушының меңгерген білімінің, іс-әрекетінің, дағдысының,

құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау және алынған нәтижелердің стандарт талабына сай болуын анықтау.

Суммативті бағалауды практикада жүзеге асыру әр түрлі бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Бақылау – тексеру тапсырмаларын құрғанда оның сұрақтары мемлекеттік білім беру стандартының мазмұнына және пәндік оқу бағдарламасына сай құрылуы қажет.

Оқушының жетістігінің деңгейін тексеру үшін мұғалімдер әдетте дайындалған сұрақтар нұсқасын, тесттерді немесе оқулықтағы әр параграфтың, тараудың соңындағы сұрақтарды пайдаланады. Сонымен қатар мұғалімдер өз тәжірибелерін, қосымша әдебиеттерді пайдаланып, өздіктерінен тапсырма сұрақтарын құруға болады.



5.12 жылдық білім беру кезеңінде жалпы білім беретін мектептің сыныптарында бағалау барысында талдануға сәйкес келетін 10 балдық бағалау жүйесі алынады:

- 0 балл – қанағаттанарлықсыз
- 1-2 балл – қанағаттанарлықтан төмен
- 3 балл – қанағаттанарлық
- 4 балл – қанағаттанарлықтан жоғары
- 5 балл – жеткілікті жақсы
- 6 балл – жақсы

- 7 балл - өте жақсы
- 8 балл - үздікке жақын
- 9 балл – үздік
- 10 балл - өте үздік

Білім алушының іс әрекетінің барлық түрін бағалау оқушының алған балдарын қосу әдісімен жүргізіледі. Әрбір оқу пәні бойынша жоғары балл білім алушының белгілі бір оқу кезеңінде, іс - әрекеттің белгілі бір түрін орындағанда, сондай – ақ білім алушылардың іс - әрекеттерін бақылаудың ағымдық, аралық, қорытынды формаларында алған балдарын қосу арқылы анықталады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі оларды оқыту және тәрбиелеуде нақты алған нәтижелерді қадағалауды және оларды әрі қарай жетілдіруді көздейді.

Оқу жетістіктерін бағалау түрлері:

Сабақ сайын білім алушылардың оқыту нәтижелерін бағалау оқу іс - әрекетінің деңгейіне сәйкес белгіленген баға ауқымы аясында бір сабақ ауқымында жинақталған балдардың орташа арифметикалық мәнін анықтау арқылы жүзеге асырылады. Орташа арифметикалық мәнді анықтау үшін оқу іс - әрекеті деңгейлеріне (репродуктивті, продуктивті) сәйкес әртүрлі тапсырмаларды орындағанда алған оқушылардың балдары пайдаланылады. Жалпылау, тақырыптық және қорытынды бағалауда мұғалім олардың іс - әрекеттерінің барлық деңгейлерін (репродуктивті, продуктивті, шығармашылық) ескереді:

- Ағымдық
- Кезеңдік
- Межелік

Ағымдық - 2 – 11 сыныптардағы оқу кезеңдерінде бағалау (тақырыптық, сабақ сайын);

Кезеңдік – бөлімді аяқтауда, сондай – ақ жарты жылда, оқу жылында бағалау (тақырыптық, жалпылау);

Межелік – оқу циклдары аяқталғаннан кейін, яғни 2,4,6,8,10,12 сыныптардан кейін (тақырыптық, жалпылау) бағалау.

Бастауыш және негізгі мектепті аяқтағаннан кейін (4 және 10 сыныптардан кейін) аралық мемлекеттік бақылау және оқыту нәтижелерін межелік бақылаулар арқылы өткізіледі.

Жалпы орта білім алуды аяқтағаннан кейін (11 (12) сыныптардан кейін) Ұлттық бірыңғай тестілеу ретінде жалпы орта білім сапасын мемлекеттік бақылау түрінде өткізіледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мониторингі білім беруден күтілетін нәтижеге қатысты әрбір екіжылдық оқыту циклдары соңында өткізіледі.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Оқу жетістігін бағалау жүйесі.
2. Оқу жетістігін бағалаудың негізгі принциптері.
3. Оқушылардың оқу жетістігін бағалау түрлері.
4. Формативті және суммативті бағалау жүйесі.
5. 12-жылдық білім берудегі бағалау жүйесі.

2-Дәріс. Мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау

Дәрістің негізгі сұрақтары:

1. Оқу жетістіктерін критерийлік бағалау туралы жалпы түсінік.
2. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критерийлері.
3. Критериалды бағалаудың негізгі принциптері мен функциялары.
4. Критериалды бағалаудың тиімділігі.

Критериалды бағалау бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені қазір білім алушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасау, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылғандығында. Критериалды бағалауда күтілетін нәтиже: болашақ маман білімді бағалау туралы ақпарат алады, салыстырады, топтық бағалау арқылы критерий жасауды үйреніп, бағалау парақшасын жасап, сабақта қолдануға бейімделеді.

Критерийлік бағалау жүйесі - қандай да бір оқу материалы қаншалықты мөлшерде меңгерілгендігін анықтайтын, іс жүзіндегі дағдылар қалыптасатын, оқу курсына бекітілген белгілі бір талаптардың ең аз көлемін меңгеру деңгейін салыстыру мүмкіндігі анықтайтын жүйе.

Критериалды бағалауды енгізудің **мақсаты** — мектепте білім беру сапасын көтеру, мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критерийлік бағалау:

- Оқушының жеке басы емес, оның жұмысы ғана бағаланады;
- Оқушының жұмысы басқа оқушылардың жұмысымен емес, эталонмен салыстырылады, (үздік орындалған жұмыс үлгісімен), эталон оқушыларға алдын ала белгілі;
- Оқушы өз жетістіктері мен өзінің бағасын анықтайтындай бағалаудың нақты алгоритмі жасалған;
- Оқушыға берілген білім ғана бағалана алады, сондықтан бағалау критерийі - оқу мақсаттарының нақты көрінісі.

Пән бойынша жалпы оқу мақсаттары оқушылардың сол пән бойынша жетістіктерін және олардың жекелей жұмыстарының нәтижесін жалпылау – бағалау критерийлері болып табылады;

Рубрикатор – оқушының өткен тақырып бойынша алған білімін бағалау критерийлерінің тізбесі. Ол қандай да бір тақырыпты меңгеру мақсатымен анықталады және берілген рубриканы ашатын критерийлермен толықтырылады.

Критерий – оқыту міндеттерімен анықталады, оқушының жұмыс барысында орындайтын және нәтижесінде меңгеруге тиісті әртүрлі іс-әрекетінің тізбегі.

Дескрипторлар – әрбір критерий бойынша оқушының жетістік деңгейін сипаттайды және белгілі ұпайлармен бағаланады: жетістік жоғары болған сайын ұпай да жоғары болады.

Өткен тақырып бойынша барлық жұмыстар, бақылау жұмыстары да сәйкес рубрикамен бағаланады. Рубрикаларды оқушы әр тақырыпты бастар алдында алады. Бұл берілген тақырып бойынша қорытынды жұмысы қалай бағаланатындығын түсінуіне мүмкіндік береді. Рубрика оқушыға берілген тақырыпты меңгеру нәтижесінде нені үйренетіндігін және осы тақырыпты меңгеру үрдісінде неге көбірек көңіл аудару керек екендігін көрсетеді. Яғни, оқушы өз оқушының белсенді бір жағы – субъект болады.

Рубрика – оқушы не үшін оқып жүргендігін, критерий – ол нені үйренуі керек екендігін, ал дескриптор – оқушы оны қалай орындау қажеттігін көрсетеді. Егер рубриканы қандай да бір төбе деп есептесек, критерий – баспалдақ, ал дескриптор – жоғары көтеріле отырып, сенімді түрде мақсатқа қарай жылжуға болатын жеке басқыштар.

Критерийлер және дескрипторларды қолдана отырып, оқушы жақсы нәтижеге жету үшін қандай қадамдар жасауы керектігін анық көре алады. Ол жұмысын өздігінен бағалай алады және уақытында аяқтай алады.

Критерий оқушыларға жұмыстың басында таныстырылады. Сондай-ақ, критерийді мұғаліммен бірге талқылайды, тұжырымдалуына және критерий құнына өзгеріс енгізе алады. Сонымен қатар оны оқытуды жақсарту үшін бағалау деп те атауға болады.

Балдық бағалауда оқушылар жасаған еңбегіне сәйкес бал жинайды. Балдық жүйеде белгілі критерийлермен өлшенетін жазбаша жұмыс болу керек. Бағалаудың әр параметрі сабақтың және деңгейдің тармағында көрініс табады. Барлық көрсетілген параметрлер белгіленген критерийлер бойынша өлшенеді және есептеледі және оқушылар онымен таныстырылады. Бағалау критерийлерімен және дескрипторлар оқушыларға ұсынылады. Сол дескрипторлар арқылы оқушылар өзінің деңгейін анықтай біледі.

Жауап парағы:

№	Оқушының аты - жөні	Критерийлер бойынша ұпайлар	Ұпай жиыны	Бағасы
---	---------------------	-----------------------------	------------	--------

		A	B	C		
1		6	6	14	28	
2						

немесе

№	Оқу шын ың аты жөні	A Білім және түсінік						B Коммуника ция						C Жағдаятты шешу						D Рефлексия						ұпай				
		Жетістік деңгейі(max 24)						Жетістік деңгейі(max 24)						Жетістік деңгейі(max 24)						Жетістік деңгейі (max 24)										
		0	1	2	3	4	5	6	0	1	2	3	4	5	6	0	1	2	3	4	5	6	0	1	2	3	4	5	6	
1																														
2																														

Кесте 1.Жиналған ұпайларды мектеп бағасына ауыстыру:

Жиналған ұпай саны	Бағасы
24-28 (85-100%)	«5»
20-23 (70-84%)	«4»
14-19 (50-69%)	«3»
13-0 (0-49%)	«2»

3. Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі — алдын ала ұсынылған бағалау шкаласы, анық, айқындылығы, бағаның әділдігі, баланың өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі. Бұл тәсіл баланың күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайды. Негізгі бақылау жұмысына дейін білімін жүйелейді. Қателіктерден сабақ алуды үйретеді.

Әр пәннің әр тапсырмасының бірнеше критерийі бар. Еліміз компьютерді толық меңгеру, ғаламторда жұмыс істеу бойынша Сингапурдан 20 жыл кейін қалған екен. Ал критериалды бағалау жүйесінен Англиядан 40 жылға кейін қалғанбыз. Әлем елдері критериалды жүйеге әлдеқашан көшіп кеткен.

Критериалды бағалаудың функциялары:

- бақылау;
- дамытушылық;
- оқытушылық;
- мотивациялық;
- тәрбиелік;
- диагностикалық.

4.Критериалды бағалаудың тиімділігі

Мұғалімдерге:

- Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
- Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
- Білім беру сапасын арттыруға;
- Оқытудың сапасын жақсартуға;

- Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
- Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
- Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушыға:

- Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;
- Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
- Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
- Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Ата-анаға:

- Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
- Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;
- Оқу үдерісінде оқушыға қолдау көрсетуге;
- Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
- Баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

- 1.Критериалды бағалау жүйесінің мақсат – міндеттері.
- 2.Аталған бағалау жүйесінің негізгі принциптері мен атқаратын функциялары.
- 3.Бағалаудағы критерий, дискриптор, рубрикатор ұғымдарына анықтама.
- 4.Критериалды бағалау жүйесін пайдаланудың тиімділігі.

3-Дәріс.

Блум таксономиясы

Дәрістің негізгі сұрақтары:

1. Блум таксономиясы туралы түсінік.
2. «Түсіну» ұғымының төрт тобы.

Қазіргі мектеп практикасында американдық ғалым Б.Блум таксономиясын қолданылып жүр. Ол – білім және білікті меңгеру деңгейін сипаттайтын белгілер жіктеуі. Бұл таксономия оқушының танымдық және сезімдік өрісін бағалауға бағытталған. Танымдық салада оқу мақсаттары адамның білімді меңгеру және интеллектуалды білік, дағдыны игеру деңгейлерінде қарастырылады. Интеллектуалды білік және дағдыны қалыптастырумен байланысты мақсаттар: түсіну → қолдану → талдау → жинақтау → бағалау деп жіктеледі.

Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан.

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделін ұсынды. Бенджамин Блум– америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан: адами мінездеменің өзгеруі мен бірқалыптылығы және білім беру мақсаттарын жүйелеу.

Таксономия - белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады.

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру студенттердің дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні- студенттерді кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады.

Білу. Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді: тест тапсырмалары, жатқа айту, анықтамалар мен атауларды қайталау, оларды қолдану тәртібін айту.

Түсіну. Мәліметтерді басқа таныс жүйеге ауыстыру, оларды түрлендіру; есте сақталған мағлұматтарды басқаларға жеткізу жолдарын айқындау. Ұқсастықытарды анықтау, айырмашылық жасау мен салыстыру, нәтижені суреттеу.

«Түсіну» ұғымын төрт топқа бөлуге болады:

1. *Түсіндірме (интерпретация)* – негізгі идеяларды және олардың өзара байланыстарын анықтау: «Қалай? Неліктен?» сұрақтарына жауап іздену, «Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер» тапсырмаларын орындау.

2. *Аударма (трансформация)*– мағынаны сақтай отырып, идеяларды таныс жүйеге, формаға ауыстыру; форманы сөзбен айтып беру, графикті оқып беру, суретті түсіндіру, мәліметті өз сөзімен мазмұндау.

3. *Мысалдар* – мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсетеді.

Анықтамалар – атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтамаларды тұжырымдау (*анықтамалар жаттанды немесе қайталамауы керек*).

Қолдану. Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне карағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Талдау. (анализ) Зерттеу нысанының құрылымын анықтау мақсатымен оны құрамдас бөліктерге жіктеу. Студент әртүрлі бөліктердің қалайша жұмыс істейтіндігін және нәтижеге қалай жеткізетіндігін анықтайды, түсіндіреді. Түсінуден талдау мәліметті терең өңдеумен, игерумен ерекшеленеді.

Талдаудың түрлері:

1. *Негізін талдау;*
2. *Астарлы мағынаны ажырату;*
3. *Қозғаушы күшті (мотивацияны) анықтау;*

1. *Негізін тану* – құрамдас бөліктерге жіктеу (мәліметтің негізі түсініктері арасындағы қатынастарды көрсету үшін студенттер оның шеңберінен шығуы керек), айтылған ойды дамыту.

2. *Астарлы мағынаны ажырату (Подтекст)* – екі тұжырымның қатынасын көрсетуді талап етеді (тура көрсетілмеген шешімдер, ассоциациялар, себеп-салдар келтірілуі мүмкін).

Мотивация - себептерді айқындау. Оқушы тура және жасырын (астарлы) мағына мен әрекеттерді танып, өз ойларын дәлелдер арқылы қорғауы керек.

Жинақтау /синтез/ Жаңа мазмұн тудыру мақсатымен элементтерді шығармашылықпен біріктіру. Болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа модель (құрылым) құрастыру.

Жұмыс және нәтиже түрлері:

1. Шығармашылық жанрлар;
2. Жоспар құрастыру немесе тәжірибе қою, өткізу;

Абстрактылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер.

Бағалау. Даулы және пікірталас тудыратын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдеу. Студенттер өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды негіздеуі қажет. Бұл деңгейде олар өз позицияларын нақтылық, логикалық, жүйелілік, дәйектілікке негіздеуі қажет.

«Инсерт» технологиясы бойынша алған білімдеріне талдау жасай отырып бағалау.

Не білдім?/ Не білгім келеді.

Кесте 2. Блум таксономиясы бойынша ойлау әрекетінің деңгейлері

Дағдылар	Сипаттамасы
Білу	Нақты фактілерді, ақпараттарды

	және олардың сипаттамасын білу және көрсету
Түсіну	Ақпаратты дұрыс көрсету, болжау немесе түсіндіру арқылы ұғынуды көрсету
Қолдану	Ақпаратты және бұрын алынған білімдерді жаңа немесе таныс емес мәнмәтінде немесе жағдаятта қолдану
Талдау	Ақпараттық материалдарды құрылымдық бөліктерге бөлу қабілетін көрсету, дәлелін немесе себебін анықтау арқылы түрлі қорытынды алу үшін ақпаратты зерделеу, жалпы ережелерді негіздеу үшін ой қорытындысын және/немесе дәлелдер табу
Синтез	Бұрын алынған білімдердің түрлі бөліктерін жаңа мәнмәтінде қайта қарау қабілетін көрсету
Бағалау	Белгіленген критерийлер бойынша идеялардың немесе фактілердің маңыздылығы туралы пікір қалыптастыру

Кесте 3. Блум бойынша ойлау дағдылары деңгейінің таксономиясы

Ойлау дағдыларының деңгейі	Ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес келетін етістіктердің тізбесі.
Білу	Атап өту, есте сақтау, атау, көрсету, аяқтау, қайталау, елестету, әңгімелеу, еске түсіру және т.б
Түсіну	Қолдану, есептеу, өзгерту, таңдау, жіктеу, аяқтау, көрсету, табу, сахналау, қатыстыру, зерттеу, эксперимент өткізу, суреттермен суреттеу, түсіндіру, сүйену, жаттықтыру, ара қатынасын белгілеу, жоспарлау, көрсету, нобай жасау, шығару, пайдалану және т.б.
Қолдану	Қолдану, есептеу, өзгерту, таңдау, жіктеу, аяқтау, көрсету, табу,

	сахналау, қатыстыру, зерттеу, эксперимент өткізу, суреттермен суреттеу, түсіндіру, сүйену, жаттықтыру, ара қатынасын белгілеу, жоспарлау, көрсету, нобай жасау, шығару, пайдалану және т.б.
Талдау	Талдау, топтастыру, есептеу, санаттау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, қарама-қарсы қою, талқылау, саралау, ажырату, бөлу, зерттеу, эксперимент жасау, түсіндіру, қорытынды шығару, реттеу, күдіктену, ара қатынасын белгілеу, таңдау, бөлу, тексеру және т.б
Синтез	Топтастыру, жинау, араластыру, құрастыру, жасау, әзірлеу, тұжырымдау, жинақтау, біріктіру, ойластыру, түрлендіру, ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, ұсыну, қайта топтастыру, көшіру, белгілеу, алмастыру, қайта анықтау және т.б.
Бағалау	Дәлелдеу, таңдау, салыстыру, қорытынды жасау, сендіру, дәлел келтіру, шығару, негіздеу, түсіндіру, өлшеу, болжау, ұсыну, белгілеу, жинақтау, қолдау, тексеру, бағалау, кеңес беру, эксперименттеу, рецензиялау, зерттеу, шығару

Мұғалім білім алушылармен бірлесе отырып оқу мақсатына жетудің табыс критерийлерін талқылай алады және қажет болған жағдайда оларды толықтырады.

Қалыптастырушы бағалау барысында мұғалім белгілі дағдыларды бағалаудың тиімді тәсілі ретінде топтық жұмыстарды қолдана алады. Топтық жұмыс барысында мұғалім әрбір топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды және бақылайды: кейбір білім алушылар бағалау критерийлеріне сәйкес оқу мақсатына жеткендігін жылдам көрсете алады. Мұғалім одан әрі оқу мақсатына жетуге ұмтылған білім алушылардың іс- әрекетін бақылауы және қосымша сұрақтар қоюы тиіс:

- Бұл туралы не ойлайсыздар?
- Сіздің топта не талқыланғаны туралы түсінік бере аласыз ба?

Егер білім алушылар практикалық жұмыс орындаса, онда сұрақты әр тапсырма бойынша қоюға болады:

- Сіздер қазір не істеп жатырсыздар?
- Сіздің ойыңызша бұдан әрі не болады?
- Сіз бұл тапсырманы орындау барысында ерекше бірдеңені байқадыңыз ба?

Топтық жұмыс барысында мұғалім барлық топтардың жұмысын бақылауы тиіс. Топты бақылауды тапсырманы орындауға қатысумен бірге жүргізуге де болады. Жауаптарды бағалаудан кейін мұғалім оқу мақсатына жетуге ұмтылған.

Кесте 4. Блум таксономиясы бойынша бағалау критерийлерінің мазмұндық сипаты

Бағалау критерийлері	Мазмұндық сипаты
Білім	Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.
Түсіну	Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады: <i>Трансляция</i> – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.); <i>Интерпретация</i> – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау; <i>Жорамалдау</i> – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.
Қолдану	Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіне деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.
Жинақтау	Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді. Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені)

	құрастыру.
Талдау	Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, т.б.), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.
Баға (сыни өзіндік пікір)	Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

- 1.Блум таксономиясы дегеніміз не?
- 2.Блум таксономиясының 6 деңгейін түсіндір.
- 3.«Түсіну» ұғымының төрт тобын саралаңыз.

4-Дәріс. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша критериалды бағалаудың ұстанымдары

Дәрістің негізгі сұрақтары:

- 1.Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты мен ұстанымдары.
2. Оқыту мен бағалау нәтижелері арасындағы байланыс.
3. Өзін-өзі бағалау.

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі - білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту болып табылады.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі - білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Көптеген жылдар бойы оқушы жетістігі басқа оқушымен салыстырмалы түрде бағаланып келді.

«Бағалау» термині «жақын отыру» латын тіліндегі мағынада-бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады.

Өз кезегінде, білім беру сапасын жоғарылату оқушылар жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлерін жасауды талап етеді. Бағалаудағы ерекше амал критерий арқылы бағалау болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау мен ішкі жиынтық бағалаудан тұрады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін педагогтер мен ата-аналар әртүрлі қабылдады. Сол себепті, жыл бойы сұрақтар туындады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі:

- оқыту мен бағалаудың біртұтастығына негізделеді;
- білім алушылардың ілгерілеушілігі мен үлгерімін қамтамасыз етуде біртұтас тәсілді қалыптастыруға бағытталады;
- оқу бағдарламаларына сәйкес дағдыларды дамыту және білім алуға дәлелдемелер жинақтау мен оқыту мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

- әрбір сынып үшін пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізінде бағалау түрлері мен әдіс-тәсілдерінің алуан түрлерін қамтиды. Критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу мен бағалаудың өзара байланысына негізделгенін есте сақтау маңызды.

Критериалды бағалаудың нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру үшін пайдаланылады.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдыларының даму дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір сабақ оқыту мақсаттары мен оларға жету критерийлерін айту /көрсетуден басталуы керек. Білім алушы қойылған оқу мақсатын түсінуі, ұғынуы және оған қалай қол жеткізуге болатынын білуі тиіс.

Критериалды бағалау технологиясын пайдалану қандай да бір практикалық дағдының қалыптастырылғанын, оқу материалының қаншалықты табысты меңгерілгенін анықтауға мүмкіндік беретін анық айқындалған, алдын ала белгілі критерийлермен білім алушылардың жетістіктерін салыстыру. Осыған сәйкес, әрбір білім алушының жалпы дайындық деңгейінің өзгерістері сияқты, оның алдыңғы жетістіктерімен салыстырғандағы табыстарының динамикасын да тіркеуге мүмкіндік бар. Мұғалімге критериалды бағалауды оқу процесін неғұрлым тиімді ұйымдастыру, білім алушыларға уақытылы қолдау көрсету және олардың оқудағы жетістіктерін қамтамасыз ету.

Бағалаудың бұндай жүйесі біріншіден балаларды табысты оқуға ынталандыруға, біліміндегі олқылықтарды анықтауға және олардың өсуін көрнекті түрде көрсетуге бағытталған. Критериалды бағалау жүйесінің үлкен артықшылығы білім алушыға түсетін күйзеліс жүктемесінің төмендеуі болып табылады.

Бірлескен ынтымақтастықта өзіндік, жұптық, топтық жұмыс дағдыларын иелену процесі белгісінен, маңызды әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға өзгереді. Критериалды бағалау білім алушылардың оқуға деген

қызығушылығын дамыту, оқытудың ізгілікті, достық ортасын құру, оқу процесінде білім алушыларды қолдау, білім алушылардың оқуға деген ынтасын одан әрі нығайту, зерттеу, шығармашылық іс-әрекеттерге қатысу үшін пайдаланылады

Критерий - ұсынылған талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі, негіздемесі және белгісі. Әр критерийдің дискрипторы болады, онда оқу тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дискрипторға сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатына жетуін анықтайды. Критериалды бағалау-бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, яғни белгілі бір критерийлер арқылы бағалау болып табылады.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

1. Мектепте оқыту сапасын жоғарылату;
2. Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критерий арқылы бағалаудың оқыту үшін маңызы неде?

Оқушы өзін-өзі талдау мен рефлексия жасау тәжірибесін үйренуі, оқу үдерісі ғана емес, бағалау үдерісінің де белсенді қатысушысы болуы керек. Бұл жағдайда өзін-өзі бағалауға баса назар аударылады.

Білім сапасын бағалау жүйесінде жаңарту мәселесі:

1. Бес балдық жүйенің қазіргі заманға сай білім жүйесін қанағаттандыра алмауы
2. Оқушы танымындағы өзгерістер мен білім саласындағы қалыптасқан қайшылықтар.
3. Әлеуметтік сұраныстардың өзгеруі.

Ұстанымдар негіздері:

1. Бағамен оқушының жұмысы бағаланады.
2. Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі болуы шарт.
3. Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.
4. Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

1. алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
2. анық, айқындылығы;
3. бағаның әділдігі;
4. өзін-өзі бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Сабақта критерий арқылы бағалауды қолдану:

-сабақтың мақсаты критерий құрудың негізі болып табылады.

-сабақтың /бөлімнің басында оқу мақсатын түсіндіру.

-алдын-ала критерийлердің үлгісін дайындау, оқу мақсаттарына сай келуін қарау.

-критерийлерді оқушылар тіліне аудару, оларға түсінікті болу үшін өздеріне құрғызу (немесе) бірге құру.

- критерийлерді тақтаға немесе оқушының дәптерлеріне жаздырту.
- белгіленген критерийлерді оқушылардың барлығы бірдей түсінгеніне көз жеткізу.
- оқушыларға өз жұмысын құрылымдауға көмек беру үшін жоспарлауға /жазуға арналған ережелер.

Критериалды бағалаудың функциялары: Ынталандыру. Белсенділік. Түзету. Дамытушы.

Принциптері: Нақтылық Әділдік. Жүйелік.

Критериалды жүйе арқылы бағаның қойылуы: Оқытуда зерттеушілік іс - әрекеттердің кеңінен қолданылуы қазіргі талаптарға сай келетін жаңаша бағалау жүйесін қажет етеді.

Критериалдық бағалау жүйесі арқылы:

1. Оқушының тұлғалық бағытын белсенділікке бағыттау.
2. Тұлғаны нәтижеге жеткізу.
3. Өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтау.

4. Критериалды бағалаудың қағидаттары (принциптері):

Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.

Шынайылық, сенімділік және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.

Ашықтық және қолжетімділік. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.

Үздіксіздік. Бағалау оқушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

Дамуға бағыттау. Бағалау нәтижелері оқушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

«Тіл» пәндерін оқыту нәтижесін бағалау критериалды бағалау жүйесін енгізу арқылы жүзеге асады. Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына (оқушылар, білім беру ұйымдарының әкімшіліктері, педагогикалық персонал, ата-аналар және басқа да заңды өкілдер) алдын-ала белгілі, пән бойынша білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай оқушылардың оқу- танымдық қабілеттерін қалыптастыруға септігін тигізетін критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі.

Критериалды бағалау оқыту, тәлім - тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижесі оқыту үдерісін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру үшін қолданылады. «Тіл»

пәндері бойынша критериалды бағалау жүйесі формативті (ағымдық) бағалау (ҚБ) және ішкі жиынтық бағалауды (ІЖБ) қамтиды.

Формативті (ағымдық) бағалау – сабақтағы және/не үйдегі күнделікті жұмыс барысындағы білім мен дағдыларды меңгерудің ағымдық деңгейін айқындайды және оқыту кезінде оқушы мен педагог арасында жедел өзара байланысты жүзеге асырады, оқушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындап, оқу мақсатына қол жеткізгендігін түсінуге мүмкіндік береді;

Ішкі жиынтық бағалау – сынып бойынша оқу материалдарының үлкен тарауын не бөлімін оқығаннан кейін меңгерілген білім мен қалыптасқан дағдылар деңгейін айқындайды; Ішкі жиынтық бағалау білім беру ұйымының педагогтары тарапынан жүзеге асырылады.

Жиынтық жұмыстар үшін қойылған бағалар есептік оқу кезеңдері үшін қорытынды бағаларды анықтауға негіз болып табылады.

Сыртқы жиынтық бағалау – негізгі орта және жалпы орта білім беру соңындағы меңгерілген білім мен қалыптасқан дағдылар деңгейін айқындайды.

Қалыптастырушы бағалауды сабақта қолдану. Оқу жоспарында бағдарламадағы оқу мақсаттарын бағалау кезінде пайдалануға болатын тапсырма үлгілері берілген. Бұл тапсырмаларды оқушылардың өзіндік ерекшеліктері мен қажеттіліктерін, мектептегі оқу үдерісін ескере отырып, қолжетімді ресурстарды пайдалану арқылы қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалау бойынша оқу мақсаты мен тақырыбына сәйкес басқа да тапсырмаларды құрастыруға болады. Мысалы, 2-тоқсанның оқу жоспарында «мәтіндегі бейнелі сөздердің астарлымағынасын таниды» деген оқу мақсаты берілген болса, оған төмендегідей тапсырма беріледі: Сынып оқушыларын 4 топқа бөліңіз.

Оқушылардан дайындап әкелінген материалдарын ортаға салып талқылауын сұраңыз. Тыңдап отырған топтардың ауыспалы мағынада қолданылған сөздерді тауып, өздеріне түртіп алып, мағынасын анықтап беруін өтініңіз. Егер сіздің оқушыларыңыздың бұл тапсырманы орындау үшін тәжірибесі жеткіліксіз екенін байқасаңыз, онда бұл оқу мақсатын өзге әдіспен бағалауға болады.

Мұғалім оқушылардың мәтіндегі бейнелі сөздердің астарлы мағынасын дұрыс таба алуын жұпта /топта талқылау кезіндегі пікірі мен өз көзқарасын білдіру қабілеттері арқылы бағалайды. Оқушыларды пікірталас кезінде ынталандыру үшін тандау бойынша бірнеше карточкаларды тақырыптармен беруге болады. Осы оқу мақсатына арналған бағалау бойынша ұсыныстар мен жетістік критерийлері төмендегідей:

Бағалауға арналған ұсыныстар: Мұғалім мәтін ішіндегі оқырманға эмоциялық әсерін тигізетін сөздерді немесе сөзтіркестерін оқушыларға астын сызып белгілету және лексикалық мағынасына талдау жасату арқылы

оқушылардың мәтіндегі бейнелі сөздердің астарлы мағынасын тану қабілетін бағалайды.

Оқушылар жұпта немесе шағын топтарда сол сөздердің немесе сөзтіркестерінің астарлы мағынасын талқылайды, сол сөздің /сөз тіркесінің түрі менолардың оқырманға тигізетін әсерін анықтап, ауызша түсіндіреді. Мұғалім талқылауларды қадағалап, жетістік критерийлері орындалды ма, жоқ пасоны анықтау мақсатында оқушылардың таңдаған сөздері мен сөз тіркестеріне жасаған талдауларын және берген түсініктемелерін бағалайды. Дәлелдердің құрамына талқылаулар, ерекшеленген /түсініктеме берілген сөздер мен сөз тіркестері және лексикалық талдаулар кіруі мүмкін.

Жетістік критерийлері: Оқушы оқу мақсатына жетті, себебі Оқушы оқу мақсатына талпынады, себебі мәтіндегі бейнелі сөздерді дұрыс таба алады; бейнелі сөздердің астарлы мағынасын түсіндіре алады. Мәтіндегі бейнелі сөздерді дұрыс табуда немесе бейнелі сөздердің астарлы мағынасын түсіндіруде қателіктер жібереді. Бұл ақпараттар тапсырмаларға сәйкес келеді және осы оқу мақсаты бойынша қалыптастырушы бағалауға қатысты дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Қол жеткізуге тиісті жетістік критерийлері саны әр оқу мақсатын бағалау бойынша ұсыныстарымен 3-бөлімде жан-жақты сипатталған.

«Оқу мақсатына талпынады» шешімін қабылдауға арналған мұғалімнің жұмыс жоспары Қалыптастырушы бағалау бойынша іріктелген оқу мақсаттарын қабылдау шешімінен кейін оқушылардың нәтижесіне ойша шолу жасап, ой қорыту маңызды. Осы оқушылардың білімдеріне сүйене отырып, өзіңіздің не күткеніңіз жайлы ойланыңыз. Осы шешімдер сіздің күткеніңізбен сәйкес келе ме? Сіз неге таңғалдыңыз? Өз ойларыңызды келесі қадам жасауыңызға қолданыңыз. Мысалы, егер ҚБ кезінде жоғарыда аталған оқу мақсаттары бойынша нәтиже сіз күткендей болмай, оқушылардың көпшілігі орташа орындаса, онда оқу мақсатына жетуге талпынатын оқушылардан оқу мақсатына жеткен оқушыларды тыңдауды өтінуіңізге болады.

Қалыптастырушы бағалау (ҚБ) - білім беру мен оқытудың бір бөлігі ретінде оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сәйкес жүргізетін мұғалімнің ағымдағы бағалауы. Оқушылардың оқу үлгерімі мен оқудағы жетістіктері оқыту мақсаттарына «талпынды» немесе «жетті» деген белгілермен тұжырымдалады.

Ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ) – мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін тоқсан соңындағы оқу ақпаратының бөлімін аяқтағаннан кейінгі білім және оқу дағдысының қалыптасқан деңгейін анықтайтын бағалау. Бағалаудың нәтижелері балл түрінде тұжырымдалады.

Оқушылардың оқу нәтижелері төмендегідей түрде ұсынылады: Тоқсандық баға – қалыптастырушы және тоқсандық ішкі жиынтық бағалаудың нәтижелері белгілі бір пайыздық көрсеткіште енгізілген әр тоқсанның соңындағы баға. Жылдық баға – төрт тоқсандағы

калыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау нәтижелері білгілі бір пайыздық көрсеткіште енгізілген оқу жылының соңындағы баға. Бағалау түрінің аралық үлес салмағы:

Бағалау көрсеткіштері	Қалыптастырушы бағалау	Ішкі жиынтық бағалау
Тоқсандық баға	30%	70%
Жылдық баға	30%	70%

Өзін-өзі бағалау – бұл өзінің мықты және әлсіз жақтары, мүмкіншіліктер мен мәселелері жайлы ақпараттарды талдап жинауға бағытталған процесс.

Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес, әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де бала келесі балаға баға қоймайды, тек бағалайды. Өзін өзі бағалау өзін өзі реттеуге жетелейді.

Оқуды бағалау. *Оқуды бағалаудың мақсаты*, керісінше, оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Негізінен, ол тікелей келешек оқытуға үлес қосуға бағытталмаған, бірақ маңызды мәні бар тестілеу оқыту үдерісіне кері әсерін тигізуі мүмкін (Assessment Reform Group, 2002b). Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормалармен немесе бірдей жастағы оқушылар тобының қол жеткізген деңгейімен ара-қатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе әдетте балл немесе деңгей түрінде келтірілген межелікке *«сәйкес/сәйкес емес»* деген нысанда жасалады. Бұл олар негізделген өлшемдер мен стандарттардың таңбалануы.

Оқыту үшін бағалау. ОҮБ кезінде бақылау, интерпретация және өлшемдер оқытуды бағалау кезінде қолданылатын өлшемдерге ұқсас болуы мүмкін, бірақ олардан туатын қорытынды және шешім басқа сипатта болады. Негізінен, ОҮБ балалар оқыту үдерісінің қандай кезеңінде екенін, әсіресе олардың мықты және әлсіз жақтарының сипаты мен себептері қандай екендігі туралы алынған мәліметтерге басты назар аудартады. Осылайша, ОҮБ қорытындысы бұдан әрі дамыту үшін олардың не істеуі мүмкін екендігіне негізделген.

Бағалау Реформасының Тобы (2002) оқыту үшін бағалауға мынадай анықтама береді:

Оқыту үшін бағалау– бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері

қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Берілген анықтаманың маңызды элементтерінің бірі оқушылардың деректерді қолдануына баса назар аударту болып табылады. Бұл ретте, мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады.

Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек. Талпынғандар ғана білім ала алады. Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет, сондықтан оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеу қажет. Бұл олардан түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді.

Кесте 4. Критерий бойынша білім алушылардың білім жетістігін бағалауға арналған дескрипторлар

Критерий	Дескрипторлар
F	Бағдарлама материалы бойынша білімдер жоқ; оқу бағдарламасының негізгі материалын білмеу; дөрекі қателерді жіберу.
D	Жауап негізінен дұрыс, бірақ толық емес; бағдарлама материалын терең түсінбейтіні байқалады; басымды идеялар мен теориялық қағидаларды баяндау барысында жеке қателіктер жіберіледі.
C	Материалды тек репродуктивті баяндай алатыны байқалады; дербес қорытындылар мен тұжырымдар жасай алмайды.
B	Жауап толық, дұрыс, негізгі идеяларды білетіні көрінеді; оқыған заңдардың қағидаларын білу, қоғамдық құбылыстарды дұрыс бағалау. Нақты материалды, негізгі түсініктерді және заңдылықтарды білу. Периодтық баспадан және басқа пәндерден материалды қосымша қолдану. Дәлелдей білу, аргументтер келтіру, қорытынды, тұжырымдар және қарсы пікірлер бере білу. Бірақ баяндау барысында басымды емес қателіктерге әкелетін мәліметтердің болуы.
A	Жауап толық, дұрыс, негізгі идеяларды білетіні көрінеді; оқыған заңдардың қағидаларын білу, қоғамдық құбылыстарды дұрыс бағалау. Нақты материалды, негізгі түсініктерді және заңдылықтарды білу. Периодтық баспадан және басқа пәндерден материалды қосымша қолдану. Дәлелдей білу, аргументтер келтіру, қорытынды, тұжырымдар және қарсы пікірлер бере білу.

Бағалау критерийлері мазмұнның күрделілік дәрежесіне тікелей бағынышты және тапсырмалардың күрделілігіне сәйкес квалиметриялық

амал (сапаны өлшеу амалы) негізінде қойылған баға ғана білім сапасының нағыз әділ көрсеткіші бола алады: егер оқушы үш деңгей тапсырмаларын біртіндеп: толық және 75 пайыздан төмен емес көрсеткішпен дұрыс орындаса «өте жақсы», алғашқы екі деңгей тапсырмаларын ғана дұрыс орындаса – «жақсы», тек бірінші деңгей тапсырмаларымен шектелсе – «қанағаттандырарлық» деп бағаланады.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты мен ұстанымдарына тоқтал.
2. Жетістік критерийлеріне мысал келтіріңіз.
3. Бағалауға арналған ұсыныстар.

5-Дәріс. Қалыптастырушы бағалаудың түрлері мен әдістері

Дәрістің негізгі сұрақтары:

1. Қалыптасырушы бағалаудың түрлері: формативті бағалау, оқыту үшін бағалау.
2. Топпен бірге жұмыс кезінде оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау
3. Оқушының жеке қабілетін бағалау.

Формативті бағалау әдістері. Формативті бағалау әдістерінің басты ерекшелігі оқушылардың түсіну қабілетін бағалауда, сондай-ақ оқушылардың аналитикалық құралдар мен мысалдарды қолдануында танымдық прогресін анықтау. Мұндай бағалаудың қорытындыларын оқыту деңгейін жақсарту барысында қолдануға болады. Формативті бағалау әдістерін бірнеше шартты қатарлар мен түрге жіктеуге болады.

Әдістердің бір түрі мұғалімнің сабақ түсіндіру және жаттығулар орындау барысында қолданылады.

Формативті бағалаудың әдістері.

Әдістері	Қолданыстары
Сұрақтар үшін карточканың индексі	Мұғалім оқушыларға екі жағында да тапсырмасы бар карточка тапсырады. 1 жағы: Өткен тақырыптың ең негізгісі 2 жағы: Өткен тақырыптан ұқпағаныңызды сұрақ қылып жазыңыз.
Қол белгісі	Мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгендігін я түсінбегендігін қол белгілері арқылы арқылы көрсетуді сұрайды. <ul style="list-style-type: none"> • Мен түсініп отырмын_____ және түсіндіре аламын. (қолдын бас бармағы жоғары бағытталады) • Мен әлі түсінбей отырмын_____ (қолдын бас бармағы жанына қарай жантаяды) • Мен түсінгеніме сенімді емеспін_____ (қолды бұлғау)

	Осы белгілерге сүйеніп мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін сабақтайды.
Бағдаршам	<p>Әр бір оқушыда бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылған. Мұғалім олардың сабақты меңгергендеріне байланысты карточкаларды көтеруін сұрайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жасыл карточка көтерген оқушылар – барлығын түсінді. - Не түсіндіңіз? • Сары және қызыл карточка көтергендер: - Сіздерге не түсініксіз? <p>Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.</p>
Бір минуттық эссе	<p>Бірминуттық эссе – тақырып бойынша пысықтаудың біржүйесі. Эссе жазу үшін мұғалім бірнеше сауал қояды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бүгінгі білгеніңнің ең маңыздысы? • Қай сұрақтар сен үшін түсініксіз? <p>Сабақ соңында, келесі сабақта қай тақырыпты өтетіндігі жайлы хабарлайды</p>
Сөздік үлгісі (еске салу)	<p>Ұстаз оқушыларға сөздік үлгі береді, (подсказка) көмектесушілер жауап құрады.</p> <p>Мысалы: Негізгі идея (ұстаным немесе процесс) _____ болып табылады, өйткені _____ т.с.с.</p>
Қате түсінікті тексеру	<p>Ұстаз қатысушыларға қандайда бір ұстанымның (идея) талдауларының қате болжамдарын немесе әдеттегі қате түсініктерді әдейі береді. Сонан соң ол қатысушылардан айтылғандармен келісетіндігін немесе келіспейтіндігін, өздерінің көзқарастарын айтуларын сұрайды.</p>
Оқушылармен жеке әңгімелесу	<p>Ұстаз оқушылармен олардың деңгейі мен түсініктерін байқау үшін жеке әңгіме жүргізеді.</p>
Үш минуттық үзіліс (пауза)	<p>Ұстаз қатысушыларға сабақтың идеясы жайлы ойлануына, алдыңғы өткен тақырыптармен, білімімен және тәжірибесімен байланыстыруға, сонымен қатар түсінбеген жерлерін анықтауға үш минуттық үзіліс береді.</p>
Температураны өлшеу	<p>Бұл әдіс оқушылардың тапсырманы дұрыс орындап жатқандықтарын тексеру үшін қолданылады. Ол үшін оқушылардың іс-әрекеттері тоқтатылады және ұстаз «Біз не істеп жатырмыз?» деген сұрақ қояды. Оқушылардың осы сұраққа жауап беруіне қарай мұғалім</p>

		олардың тапсырманың негізгі шартын түсінгендіктері немесе оны орындау барысы жайлы мағлұмат алады. Кейбір жағдайда ұстаз жұптардың немесе топтардың бірінен тапсырманы қалай орындап жатқандықтары жайлы айтып берулерін ұсынады. Ал қалғандары оларды бақылап, өздері не істеу керегі жайлы түсінік алады.
Қысқы-тест		Қысқа-тест қатысушылардың нақты білімін, шеберлігін және дағдысын, яғни қандайда бір материалдың нақты мағлұматтарын білетіндігін бағалайды. Бұл тестті: <ul style="list-style-type: none"> • Берілген көп жауаптардың ішінен • Дұрыс немесе қате жауап ішінен таңдау арқылы орындайды
Элективтік (таңдаулы)	тест	Мұғалім әрбір оқушыға «А,В,С,Д» әріптері бар карточкаларды таратып шығады да олардан дұрыс жауаптарын карточкаларын көтерулері арқылы білдірсін дейді. Ұстаз міндетті түрде оқушыларға ойлануға 20 секунд беруі қажет. Ұстаз қатысушылармен жауаптардың әр түрлі нұсқаларын талқылап, оларға өздерінің таңдауларын түсіндіріп берулерін ұсынады. Олардың жауаптары оқушылардың оқытылған тақырыптың түсінгендіктері және деңгейлерін байқатады. Соған орай мұғалім тақырыпты тағы бір түсіндіру керек пе, әлде жалғастыра беру керек па соны анықтайды.
Формативті тест		Мұғалім оқушыларды ерікті түрде бірнеше топтарға бөлді. (әрбір топта 4-5 оқушыдан). Әрбір қатысушы сұрақтары бар бір бет және жауап жазуға бір бет алады. Әр кіші топтардағы қатысушыларға тесттағы сұрақтарды талқылауларына уақыт беріледі. Оқушылар талқылаудан кейін әр біреуі жеке жауап парақтарын толтырады. Әрбір оқушының ұпайлары жеке есептелінеді.
Күнделікті бағалау журналы	өзін-өзі	Күнделікті өзін-өзі бағалау журналы мұғалім оқушылардың сабақ барысында қабылданған білімін, дағдылары мен шеберліктерін бағалауға және оларды қандай әдіспен жүзеге асырғандарын қадағалау үшін құрылады.

	Күнделік ұстазға оқушылардың алға жылжу деңгейлерін және соған сәйкес білімдерін әрі қарай жетілдіруі үшін жәрдемдеседі.
Формативті сұрау	<p>Бұл әдіс презентациядан кейін бірден немесе қандайда бір сабақтағы тексеруге арналған. Мұғалім «Неге? Қалай? Қайтіп?» деген қосымша нақтылау сұрақтарын қояды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Олар несімен ұқсас әлде айырмашылығы қандай? - Мінездемесі қандай_____? - Ондағы негізгі идеясы, тұжырымдамасы қандай? - Сіз қандай идея немесе қосымша мағлұмат қоса аласыз? - Сіз қандай қорытынды жасай аласыз? - Сіз не істеуді ұсынасыз? - Қандай әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады?
Жаңа материалды қабылдауларын тексеруге арналған жаттығулар	<p>Мұғалім «Болжау», «Түсіндіру», «Айтып беру», «Бағалау» деген төрт терезеден (шаршы) тұратын кесте құрады. Жаңа материалды түсіндіріп болған соң ол оқушылардан берілген шаршылардың бірін таңдауларын ұсынады. Бұл арада мұғалім әрбір оқушыға бұл әдіс арқылы өтілген тақырып бойынша өздеріне өздері тапсырма алып, орындайтындығын түсіндіріп өтуі қажет. Сонан соң олардың шаршыларды таңдауларына қарай мұғалім сұрақтар қояды.</p> <p>Мысалы: Егер оқушы «Айтып беру» деген шаршыны таңдаса, мұғалім оған «Жаңа материалдағы негізгі идеяларды атап шық» деген тапсырма береді.</p>
Ішкі және сыртқы шеңбер	<p>Оқушылар ішкі және сыртқы екі шеңбер құрады. Балалар бір-біріне қарама-қарсы тұрып, өтілген тақырып бойынша бір-бірлеріне сұрақтар қояды. Сыртқы шеңберде тұрған оқушылар ауысып өздеріне жаңа жұптар құрады. Сөйтіп сұрақтар қою істері әрі қарай жалғаса береді.</p>
Бір сөйлемде барлығын айтып беру	<p>Оқушылардан оқытылған тақырып бойынша «Кім? Не? Қайда? Қашан? Неге? Қалай?» деген сұрақтарға жауап беретін бір-ақ сөйлем құруларын ұсынады.</p>
Жазбаша түсініктеме	Бағалаудың міндетті бір элементі – кері

(жазбаша кері байланыс)	байланысты ұсыну. Оқушылардың жазба жұмыстарын тексеру кезінде мұғалім бағалау өлшемдеріне қарай өз түсініктемелерін жасайды және жеткен нәтижелерінің деңгейін бақылайды. Түсініктемелері анық және түсіндіре білуі керек. Жазба жұмыстарын тексере отырып, дұрыс жерлерін бір түспен, ал әрі қарай жетілдіру керек жерлерді екінші бір түспен белгілеп қоюға болады. Жазба жұмыстарға түсініктеме бергенде еске салу, ой айту немесе мысалдар көрсетуге болады.
Сөздік бағалау (ауызша кері байланыс)	Бағалау түрінің ең көп тараған түрі: Мұғалім оқушыны жаттығуларды жақсы орындағаны үшін мақтады, осылайша ауызша кері байланыс орнатты. Осыған орай оқушылар берілген материалды немесе мағлұматты сәтті ұққандары жайлы түсінуіне болады. Мұғалім оқушыға жаттығуды орындағандағы қателерін көрсетеді. Ол оның жұмысына ешқандай белгі қоймайды, бірақ оны бағалайды. Нәтижесінде оқушылар жетістікке жетулері үшін одан әрі биік нәтижелерге жетуі керек деп ұйғарады.
Өзін-өзі бағалау.	Бұл әдісте қатысушылар өздерінің білімдері жайлы мағлұмат жинайды, оларды талқылап, алға жылжуларына қорытынды жасайды. Өзін-өзі бағалауды жүргізгендегі міндетті шарттары – оқушылардың оқытылатын тақырыпты өтер алдында және жұмысты орындар алдында олар барлық жұмысты бағалау межелерімен (критерий) таныс болулары қажет.
Екі жұлдыз және тілек (бірін-бірі бағалау)	Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық жұмыстарын, яғни шығарма, эсселерін бағалауға қолданылады. Мұғалім, оқушыларға сыныптастарының жұмыстарын тексеруді ұсынады. Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын тексеру кезінде олар жұмыстарды бағаламайды, ал ондағы екі оң сәтті анықтап және бағыт береді. Олар «Екі жұлдыз» - бір сәт, яғни толыққанды жұмыс, ал екінші бірі «Тілек», мұнда одан әрі жұмысты толықтырулары қажет.
Жинақтау парақшасының индексі	Мұғалім білім алушыларға екі жағында да көрсетілген тапсырмалары бар парақтарды жиі таратып отырады.:

	<p>1-беті: Өткен тақырып бойынша негізгі идеяларды атап шығыңыз (бөлімдер, тақырыптар) және оны қорытып айтыңыз.</p> <p>2-беті: Өткен тақырыптан тағы нені түсінбегеніңізді анықтаңыз (бөлімдер, тақырыптар) және өз сұрақтарыңызды құрастырыңыз.</p>
Бір минуттық эссе	<p>Білім алушының оқу материалын меңгергенін кезең-кезеңімен қадағалау үшін сабақтың кез келген уақытында қолдануға болады.</p> <p>Мұғалім қоюы мүмкін сұрақтар:</p> <p>-Ең бастысы (б.гін)сіз не білдіңіз?</p> <p>-Есіңізде не қалды?</p> <p>-Қандай сұрақ сіз үшін түсініксіз болды?</p>
Ауызша бағалау	Білім алушы мен мұғалімнің ауызша кері байланысы сабақтың барлық кезеңінде тиімді.
Температураны өлшеу	<p>Білім алушының тапсырманы қаншалықты орындағанын анықтау үшін қолданылады. Ол үшін мұғалім алушыларды тоқтатып, сұрақ қояды:</p> <p>Біз не істеп жатырмыз?</p> <p>Білім алушы осы сұраққа жауап береді, тапсырманың орындалу жолы, оны орындау үрдісі туралы ақпаратты ұсынады.</p>

2.Топпен бірге жұмыс кезінде оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау

Мұғалімдердің жиі қоятын сұрақтары:

- Топтық жұмыс әдісімен оқушылардың жетістіктерін қалай бағалауға болады?
- Топтық жұмыс әдісін бағалау формативті бағалауға қандай үлесін тигізеді?

Топпен бірге жұмыс жасау кезде қандайда бір істің атқарылуы маңызды емес, оның топпен қалай жасалғаны маңыздырақ. Бұл жағдайда жұмыстың нәтижесі ғана бағаланбайды, сонымен қатар жұмыс барысы да бағалануы тиіс, өйткені топта жұмыс істей білу оқушыны қалыптастырудағы өте маңызды құзіреттілік (компетенция). Бұл жағдайда формативті бағалау оқу процесінің бір бөлімі болып табылады, себебі топпен бірге жұмыс істеу арқылы оқушылар бір-бірімен ақылдасып, сұрақтар қойып олар өзара байланыс жасайды. Осы арада ұстаздың топтық жұмыс кезінде міндетті түрде бағалау керек еместігін есте ұстағаны жөн.

Топтық жұмысты бағалаудың бірнеше бағыттары бар.

- ұстаздың әрбір топтың белсенділіктерін бағалауы;
- ұстаздың белсенді қатысып отырған оқушыларды бағалауы;

- өзін-өзі бағалау - топпен бірге жұмыс кезіндегі оқушылар мен мұғалімнің байланысын бағалауы;

Топпен бірге жұмыс істеуді ұйымдастырғанда мұғалім төмендегі *шарттармен* таныстырып өтуі керек.

- Топтық жұмыстың мақсаттарын хабарлау және оның оқытылатын тақырыпты оқыту әдісімен үйлесімділігі;
- Тапсырмаларды бағалау кезіндегі сындарды анықтау;
- Соңында кім бағалайтыны жайлы хабарлап алу; (мұғалімнің өзі; мұғалім мен оқушылар бірлесе отырып; тек қана оқушылардың өздері; арнайы әділқазылар)
- Топтық жұмыстың уақыты мен өткізілу түрін анықтау;
- Бағалаудың ұстанымдарын хабарлау;

Мұғалімнің топтық жұмысты бағалау кезінде топтағылардың әрқайсысына әр түрлі баға қоюы ұсынылмайды, себебі ол топтық жұмыстың белсенділігіне (концепциясына) кері әсерін тигізеді. Бірақ мұндай жағдайда да ұстаздың топтық жұмысқа қатысып отырған және мүлдем белсенділік танытпай отырған оқушылар жайлы айта кетуі жөн.

Топтық жұмыстың бағалануы.

Мұғалім бақылаудың бір түрін құрастырып оны қатысушылармен бірге талқылайды және мақұлдайды. Топтық жұмысты бағалауды қандайда бір уақыт көлемінде, яғни тоқсандықта, жартыжылдықта пайдаланған жөн.

Топтық жұмысты бағала

Топ нөмірі	Топтағы бірлестік (орналастыру және міндеттердің орындалуы)	Тәртібі (басқа топтардағыларға кедергі жасамау, берілген тапсырмадан ауытқымау, айғайламау)	Тапсырманың, тақырыптың, материалдың ашылуы	Топтың басқа мүшелерінің презентацияларын тыңдай білу, сұрақтар қою, толықтыру жасау.	Барлық ұпайы
I	+	+	+++	+	
II	+	+			
III	+	-	++	+	
IV	-	-	+	++++	
V					

Мұғалім тапсырмаларды берген соң әрбір топ белсенділіктерін бақылап, кестені толтырып отырады. Оқушылар тапсырмаларды орындап жатқан кезде мұғалім кестедегі «Топтық бірлестік» пен «Тәртібі» деген қатарларды толтырады. Ал әр топ өз жұмыстарын баяндап жатқанда, келесі екі қатарды толықтырып отырады. Осылайша процесс жалғаса береді. Ең соңында қорытындысын шығарып және нәтижелерді талқылайды. Бұл кезде ұстаз қатысушыларға төмендегідей сұрақтар қоюына болады.

- Әр топтың жұмыстарының қандай жағымды жақтары болды?

- Тапсырмаларды орындау барысында қандай кедергілер болды? Оларды қалай жеңуге болады?

Бірінші сұраққа жауап алу кезінде мұғалім қатысушылармен әрбір топтың жұмыстарындағы жетістіктерін айта кетіп ортақ нәтиже шығарады.

Ал екінші сұрақ оқушылардың зейінін пайда болған кедергілерге шоғырландырып, бірлесе шешуді қарастырады.

Топтық жұмыс орындағандағы нәтиже мұғалімнің қандайда бір шешім қабылдауына мүмкіншілік береді.

- Егер де оң нәтижелер көрсетсе, онда мұғалім тақырыпты ары қарай жалғастыра береді;
- Ал егер нәтижелер жоғары болмаған жағдайда, онда ол оқушыларға қосымша тапсырмалар, жаттығулар беріп, тағы да басқа әдістерді қолдана отырып, тақырыпты тереңірек түсіндіре түсуі қажет.

3. Оқушының жеке қабілетін бағалау.

а) топтық жұмыс кезінде мұғалім әр оқушының жетістіктерін жеке бағалауына мүмкіндік алады. Ол үшін ұстаз «Топтық жұмыс істегенде жеке оқушының қабілетін бағалау» үлгісін қолданады. Мұғалім алдын-ала (сабаққа дейін) кімді бағалайтыны жайлы жоспарлап алады. (2-6 оқушы)

Кесте 5. Топтық жұмыс орындағанда жеке оқушының қабілетін бағалау.

Оқушылардың аты-жөні	1.	2.	3.	4.	5.	6.
Топта әрқайсысына міндеттерді үйлестіріп, өз міндеттерін атқарады.	+	+	+			
Идеялар ұсынады	-	-	+			
Топ ішіндегі талқылауға белсене қатысады. (ұсынған идеялар, мәліметтерді жетілдіріп, жалпылайды)	+	-	+			
Топ қатысушыларына көмектеседі		+	++			
Мұқият тындап, сұрақтар қояды	+					
Талқылау жүргізе біледі (сыпайы түрде қарсылық көрсетіп, дау тудырған сұрақтарға дұрыс шешім беруге тырысты)	++		+			
Топқа берілген тапсырмаға зейін қойып орындайды	+					
Ортақ ұпай						

Мұғалім топтардың тапсырмаларды қалай орындайтын қадағалап, әр оқушының қабілеттіліктерін зерттеп кестеге түртіп отырады. Жұмыстың қорытындысы бойынша оқушыларға бақылаудың қорытындысын жариялап, әрқайсысымен кері байланыс жасап өзіне белгілеп отырады.

б) Мұғалім оқушылардың бірін-бірі бағалау әдісін қолданып, жұмыстарының нәтижесін және оқушылардың қабілеттерін байқап оларды бағалайды. Ол үшін мұғалім қатысушыларға топтағы әріптестерінің жұмыстарын бағалауын сұрайды. Бұл жұмыстың барысында оқушыларға бағаның межелеріне (критерилеріне) назарын аударту қажет.

Топтық жұмысқа бұл үлгіні қолданар алдында мұғалім қатысушыларға осы белгілемелердің қорытындысы жеке оқушының жетістіктерін бақылауға қажет екендігін түсіндіре кетуі керек.

Топтық жұмыс барысында өзін-өзі бағалауы. Мәліметтің көмегімен алынған бақылаулар және оқушылармен қарым-қатынас орнату арқылы мұғалімдер талдау жасай отырып, топтық жұмыстағы дағдыларының дамыту деңгейін, оқу материалының меңгерілуінің сапасын анықтауға және оқушылардың оқудағы жетістіктерінің сапасын жақсартуы бойынша ары қарайғы қадамдарын жоспарлай алады.

Нәтижесінде қолданылған әр түрлі формадағы топтық жұмыстың бағалауларын мұғалім оқушыларға үйрете алады:

(1) топта жұмыс істеу процесін бағалау;

(2) өзін-өзі бағалау механизмін қолдану арқылы дайын тұрған жұмыстың күшті және әлсіз жақтарын анықтау.

Қалыптастырушы бағалау негізгі бес стратегиядан тұрады:

- күтілетін нәтижелерді және бағалау критерийлерін түсіндіру;
- білім алушылардың түсінігі туралы дәлел беретін сыныптағы тиімді талқылау және қарым-қатынасты қалыптастыру;
- білім алушыларды нәтижеге жетуге ынталандыратын кері байланыс орнату;
- білім алушыларды өзара оқытудың дереккөзі және ресурсы ретінде қатыстыру;
- білім алушының өз білімінің «негізін қалаушы» ретінде қалыптасуы.

Қалыптастырушы бағалау барысында мұғалім бағалаудың жекелеген тәсілін қолдануы тиіс. Егер мұғалім кейбір білім алушыларға қандайда бір дағдыны дамыту үшін көп уақыт қажеттігін байқаса, онда оқудың бұл мақсатын бағалау туралы шешім қабылдауы және білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлеу барысында түзетулер енгізуі тиіс. Сонымен қатар мұғалім тілдік пәндер бойынша сөйлеу әрекетінің 4 түрін бағалауы тиіс екенін есте сақтауы қажет: тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым.

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырманы мұғалім өздігінен құрастыра алады немесе қалыптастырушы бағалау бойынша ұсынылған тапсырмалар жинағын қолданады. Қалыптастырушы бағалау бойынша есептік құжаттама талап етілмейді.

Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелерін тіркеу нысанын мұғалімнің өзі анықтайды (сандық, графикалық, балдық). Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелері мұғалімнің есеп беру құжаттамасы болып саналмайды.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Қалыптастырушы бағалаудың негізгі стратегиясын ата.
2. Қалыптастырушы баға технологиясындағы мұғалім қызметінің алгоритміне тоқтал.
3. Қалыптастырушы бағалауға арналған ұсыныстарды атаңыз.

6-Дәріс. Ішкі жинақтық бағалау

Дәрістің негізгі сұрақтары:

1. Ішкі жинақтық бағалаудың мақсаты.
2. Ішкі жинақтық бағалау кезіндегі бірдей жастағы оқушылар тобының қол жеткізген деңгейі мен арақатынасы.
3. Оқу үшін бағалаудың маңызы.

Оқу бағдарламасында және оқу жоспарында анықталған, оқу бағдарламасының мазмұнын оқушылардың білуі, дағдылары және түсінуі туралы дәлелді ішкі жиынтық бағалау береді.

Ішкі жиынтық бағалау ҚР Ұлттық білім беру академиясымен ұсынылады. Бағалау барлық оқу мақсатын тоқсандағы оқу жоспарына сәйкес тексереді.

Бағалаудың нәтижесін мұғалім және оқушылар оқушының оқудағы прогресін өлшеу үшін пайдалануына болады. ІЖБ нәтижесін, оқушылардың оқу бағдарламасының мазмұнын және қандай дағдыларды қаншалықты тиімді игергеніне сараптама жасауға болады. Қалыптастырушы бағалауда сияқты, осы ақпарат мұғалімдерге болашақта оқыту үдерісін жоспарлауға көмегін тигізеді.

Ішкі жиынтық бағалаудың тест спецификациясы.

ІЖБ тест спецификациясы ІЖБ үлгісін және мазмұныны көрсетеді. Олар ІЖБ дайындау үшін негіз болып табылады. Пәндер және сыныптар бойынша тест спецификациялық құжаттар келесі ақпараттан тұрады:

- Әр сынып үшін бағалауды өткізудің ұзақтығы
- Әр сынып үшін әр жұмыстың балдары
- Оқу мақсаты бойынша балдардың бөлінуі
- Балдарды қою кестесі және мысал сұрақтары
- Бағалау өткізу үшін практикалық талаптар

Мұғалімдер мен оқушылар тест үлгісімен осы спецификация арқылы таныса алады.

Ішкі жиынтық бағалауды өткізу

Ішкі жиынтық бағалау бақылау жұмысы ретінде берілген, сондықтан ІЖБ өтерге дейін материалдар оқушылардан қатаң құпия түрінде ұсталынуы қажет. Олар жабық шкафта, оқушылар көре алмайтын жерде сақталуы тиіс. Тапсырмалар белгілі бір қызметкерлер кіруге ғана мүмкіндігі бар анықталған жерде сақталынады.

ІЖБ негізінен мұғалімдер өткізеді, оқушылар ІЖБ жазғанда, кабинетте тек бір мұғалім болуы мүмкін. Мүмкіндігінше, кез-келген бос мұғалім ІЖБ

өткізуде мұғалімге көмектесуі қажет. Бұл адам, көмекші бақылаушы рөлін атқарады және ол бас-бақылаушы мұғалімнен нұсқаулық алады. ІЖБ өткізу кезінде мұғалімдер және басқа бақылаушылар бағалауды тиісті деңгейде және тәртіппен өткізуді мұқият бақылаулары қажет, басқа іс-әрекет жасамаулары өте маңызды (мысалы, дәптер тексеру, ноутбукте жұмыс жасау). Бағалау кезінде барлық мұғалімдер мен қатысқан бақылаушылар шапшаң және зейін қоятын мұғалімдер болуы керек.

Ішкі жиынтық бағалауды өткізуге дайындық.

ІЖБ өткізілетін кабинеттерді, мұғалімнің алдын-ала дайындап қоюы қажет. Бұл кабинеттер оқушылардың күнделікті сабақ өтетін кабинет болуы және қоршаған орта оқушыға таныс болуы керек. ІЖБ кабинетті дайындағанда назар аудару қажет:

- оқушыларды қалай отыратыны туралы, олар жеке, шусыз жұмыс жасайтынын ойлау қажет;
- оқушылар бір-бірден, тақта жаққа қарап, басқа оқушылардың жұмыстарына қарай алмайтындай болып отырулары керек. Екі партаның арасы егер оқушылардан сұрақ және мәселе туындаса мұғалім мен бақылаушылар оңай өтуі болатындай болуы керек;
- негізгі нұсқаулықтар мен уақытты көрсетіп жазатын тақта немесе флипчарт оқушылардың алдында тұруы керек;
- оқушы тапсырма орындаған кезінде көмек беретіндей кез келген көмекші құралды немесе плакатты қабырғадан жауып қою немесе алып тасталынуы қажет.

ІЖБ өткізер алдында, мұғалім, оқушылардың ІЖБ тапсыруға көмектесетіндей заттарды әкелмегендеріне көз жеткізуі керек. Оқушылар өздерімен тек нұсқаулықтың сұрақ кітапшасында жазылған заттарды, құралдарды немесе материалдарды алып келуіне болады. Тыйым салынған заттарды әкелу ережені бұзу болып есептелінеді.

Ішкі жиынтық бағалау өткізу бойынша мұғалімдерге нұсқаулық

Оқушылар орындарына отырғаннан кейін және ішкі жиынтық жұмысын орындауға дайын болғанда, мұғалім келесілерді жасау керек:

- тапсырмаларды төмен қаратып, оқушылардың партасына қояды және оқушылардан парақтарды аудармауын сұрайды;
- оқушыларға бағалау өткізудің ережесіне сәйкес өтуін түсіндіреді;
- оқушыларға бағалау өту кезінде бір-бірімен сөйлеспеуін немесе көмек сұрамауын және басқа біреуге көмектеспеу керек екендігін естеріне салады;
- басталғанға дейін, оқушыларда тапсырма орындауда керекті құралдардың бар екендігіне көз жеткізу керек. Егер қосымша құралдар қажет болса, мысалы олар сұрақ кітапшаларының алдында тұруы керек;
- оқушылардан тапсырмалары бар парақтарды аударып ақпаратты толтыруын өтінізі: оқушының фамилиясы, аты және сыныбы (мектебі) толтырылады;
- бірінші беттегі нұсқаулықты дауыстап оқып және оқушыларға жұмыс орындауға қаншалықты уақыт бөлінгенін айтыңыз.

Бағалау өткізуде оқушылардың бір-бірімен сөйлеспейтіндігі туралы естеріне салыңыз. Мұғалім нұсқаулық өткізіп болғаннан кейін, жұмыс басталарға дейін барлық сұрақтарға жауап беріп олардың оқушылардың түсінгеніне көз жеткізуі керек;

-барлық оқушылар еститіндей, басталу және аяқталу уақытын тақтаға жазып және дауыстап айту керек;

-бағалау кезінде оқушылардың өздерінің жеке жұмыс орындағанына көз жеткізіңіз. Олар сөйлеспеулері немесе жұмысты бір-бірінен көшірмеулері керек;

-оқушылардың тапсырма орындауында оларға көмектесетіндей қосымша түпнұсқалардан ақпарат алатындай мүмкіндіктері жоқ екеніне көз жеткізіңіз (егер де осы заттар тестік спецификацияда қарастырылмаса);

-оқушыларға мүмкіндігінше барлық тапсырмалардың орындауларын және орындай алмаса, қиналмауларын түсіндіру қажет;

-оқушыларға дұрыс емес жауапты өшіргеннен де сызып тастауы керектігін түсіндіру керек.

-бағалау кезінде, жұмыс орындау барысында мұғалім нұсқаулыққа қатысты сұрақтарға жауап беруіне болады.

Мұғалім оқушыларға жұмыс орындауына көмектеспейді, сұрақтарды ауыстыруға немесе ақпарат алуға көмектеспеуі тиіс.

Ішкі жиынтық бағалау кезінде мұғалім үнемі оқушыларды бақылап және осыған көп көңіл бөлуі қажет. Қай оқушының қатысқанын немесе қатыспағанының белгілейді.

Оқушылардың жас айырмашылығына байланысты оларды уақтылы жұмыстың аяқталуына қанша уақыт қалғанын айтып тұруы керек. Бағалаудың аяқталынуына 5 минут қалғаны туралы оқушыларды хабарландырып отыру керек. Егер бір оқушы тапсырманы көрсетілген уақыттан ертерек аяқтаса, оны өз жауаптарын тағы да бір рет қарап шығуын немесе жауап бермеген сұрақтарға жауап беруін ескерту керек. Оқушылардан жұмысты орындау үшін берілген уақыт біткеннен кейін жазбауларын және партаға қаламсап /қарындаштарын алып қоюларын айту керек. Оқушылардан сұрақтар бойынша барлық керекті ақпаратты жазғанын қарап шығуды сұраңыз. Барлық жұмыстарды жинап алғанға дейін барлық оқушылардың тыныш отырып және бір-бірлерімен сөйлеспеулері маңызды. **Бағаларды қою.** Ішкі жиынтық бағалау балл қою кестесіне сәйкес дайындалуы керек, олар мұғалімдерге тексеру үшін беріледі және критерийлерден тұрады, осыларға байланысты оқушының үлгерімі туралы шешім қабылданады.

Ішкі жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін мұғалімдер балл қояды. Осы қойылған балдар салыстыруды қамтамасыз ету үшін әдістемелік бірлестіктің жетекшілерімен тексеріледі. Мұғалім әр жауаптың балдары мен нәтижелерінің дұрыс жазылғанын тексеруі керек.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Ішкі жиынтық бағалауды өткізуге қойылатын талаптар.
2. Ішкі жиынтық бағалауды жүргізудің әдістемесі қандай?

7-Дәріс. Қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалаудың модерациясы

Дәрістің негізгі сұрақтары:

1. Қалыптастырушы бағалаудың модерациясы.
2. Ішкі жиынтық бағалаудың модерациясы.

Қалыптастырушы бағалауды бірыңғай түсіну мақсатында мұғалімдер модерация өткізу үшін үнемі жиналып отырулары керек.

Керек жағдайда әр оқу мақсатының модерация үдерісін қолдау үшін нақты пәнді бағалау бойынша дәлелдемелерді әдістемелік ұсыныстар береді.

Модерация – әр мұғаліммен бағалау өткізу бойынша бірыңғай стандартты қамтамасыз ету үдерісі. Ол мұғаліммен бағаланған жұмыс үлгілері немесе іріктелген мысалдар арқылы өткізіледі. Мысалы, мұғалім бір оқу мақсаты бойынша оқушылардың 3 жұмыс үлгілерін: оқу мақсатына жеткен екі оқушының жұмысын және «талпынады» нәтижесін алған оқушы жұмысын іріктеп алуына болады. Содан кейін бұл жұмыс үлгілері басқа мұғалімдердің үлгілерімен бірыңғай стандарттың болуын шешу үшін салыстырылады. Қалыптастырушы бағалаудың модерациясы бірыңғай жетістік критерийлердің қолданғанының және барлық оқушылар әділетті де нақты бағаланғанының кепілі. Модерацияны оқушының портфолиосын пайдаланып та өткізуге болады.

Қалыптастырушы бағалаудың модерациясы бірнеше элементтерден тұрады:

- Стандарттау
- Ішкі модерация – мектеп ішінде

Стандарттау: Стандарттаудың мақсаты - оқушының жетістігі туралы шешім қабылданғанға дейінгі бағалау және стандарттау үдерісінде жалпы түсініктің бірдей болуын қамтамасыз ету. Стандарттау әр тоқсан басында қалыптастырушы бағалау өткенге дейін өткізілуі керек. Аға мұғаліммен және әдістемелік бірлестіктің жетекшісімен мұғалім оқушының оқу мақсатына жетуін немесе оған жетуге талпынатынын көрсететін оқушылар үшін тапсырма материалдарының үлгілерін қарайды. Материал үлгілерін талқылау мұғалімге жетістік критерийлерін қалай қолдануға және пікірлердің әр түрлі болған жағдайында сұрақтарға жауап беру үшін негіз болады немесе оны шешуге мүмкіндік береді.

Ішкі модерация: әр тоқсанда қалыптастырушы бағалау өтердің алдында ішкі модерация өткізу үшін мектеп ішінде пәндік топтарға жиналады. Ішкі

модерация өткізу кезінде мұғалімдер бірлесіп, өздерінің кәсіптік пікірлерін салыстырады және келіседі. Бұл үдеріс мектеп ішінде мұғалімдермен анықталған оқу мақсаттарын бірыңғай бағалауды қамтамасыз ететін талқылауға әкелуі қажет.

Қалыптастырушы бағалауды қолдануда біркелкілік кепілін қамтамасыз етуде, әр оқу мақсаты бойынша дәлел ретінде кемінде екі мұғалімнің қарауы керек және алдыңғы бағалауда болған түрлі пікірлер анықталып, жазылуы және дайындалуы қажет. Кез келген шешілмеген әр түрлі пікірлер әдістемелік бірлестіктің басшысымен тоқсан басында стандарттау үдерісінде қаралған материалдар үлгісі басшылыққа алынып шешіледі.

Ішкі жиынтық бағалаудың модерациясы. Ішкі жиынтық бағалаудың модерациясы тоқсан аяғында өтіледі және ол оқушылардың ішкі жиынтық бағалауының нәтижелерін талқылау үшін арналған. Аталған үдерісті мұғалім бір сынып және пән бойынша бағалауды стандарттау мақсатында өтізеді. Модерация қорытындысы бойынша ішкі жиынтық бағалаудың нәтижесі өзгерілуі мүмкін.

Ішкі жиынтық бағалаудың модерациясы анықталған тәртіп бойынша өткізіледі. Мұғалім:

1. бағалау стандарты (критерий бойынша минималды және максималды балл, бағалауы қиындық тудыратын жұмыстар) болатын жетістік деңгейін анықтауы, осыларға сәйкес жұмыстарды іріктеуі;
2. қойылған бағалауды анықтауы, алдын-ала бекітілген критерийлерге сәйкес оқушылардың жұмысына соңғы баға беруі және қойылған бағаларды талқылап, стандарттауы;
3. модерация қорытындысы бойынша оқушыға жиынтық жұмысына балды қаламсаппен қоюы;
4. керек болған жағдайда жиынтық бағалаудың нәтижесін жоғарлату және төмендету жағына өзгертуге болады;
5. модерацияны есепке алып жиынтық бағалаудың нәтижесін қоюы;
6. отырыс хаттамасына қол қоюы қажет.

Бағалау критерийі	№тапсырма	Дескриптор	Балл
	1	Тақырыпқа қатысты мәселені анықтайды;	
	2.	Сөйлеу кезінде ойын жүйелі жеткізеді; (өз көзқарасын)	

		Аргументтер мен мысалдар арқылы дәлелдейді;	
		Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды орынды қолданады;	
		Сыни пікірлер айтады.	

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Қалыптастырушы бағалаудың модерациясы элементтеріне сипаттама.
2. Ішкі жиынтық бағалаудың модерациясының басты міндеті.

8-Дәріс.

Бағалау үдерісі

Дәрістің негізгі сұрақтары:

1. Бағалау үдерісі және мұғалімнің бағалаудағы рөлі туралы түсінік.
2. Оқытуды бағалау стратегиялары.
3. Өзара бағалау және өзін-өзі бағалау.

Жаңа бағалау жүйесі білім алушыда өз әрекетін бақылау мен бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін анықтау мен қалпына келтіру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқыту процесі білім алушылардың бойында функционалдық сауаттылықты және кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл оқыту процесінде оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан алшақтап, білім берудің 6 саласы бойынша айқындалып күтілетін нәтижелерге негізделеді және білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды», яғни іс-әрекеттік аспектіні болжайтынын ескеру маңызды.

Қалыптастырушы бағалау технологиясын қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс, бұл – оқушының білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді. Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет- тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді күзiреттiлiктерiн қалыптастырады.

Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп отыруы, қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беруі керек. Қалыптастырушы бағалаудың маңызды компоненттерінің тағы бір түрі – өзін-өзі бағалау және

өзара бағалау. Өзін – өзі бағалау – өзіне – өзі баға қою деген сөз емес, бірақ бағалау қызметімен байланысты бағалау әрекетінің бір түрі.

Өзін – өзі бағалаудың алгоритмі мынадай:

- 1) Тапсырманы орындауда нені жасау қажет?
- 2) Тапсырманың барлығын дұрыс орындады ма, әлде қателіктер жіберді ме?
- 3) Оқушы тапсырманы толығымен жеке орындады ма, әлде біреудің көмегіне сүйенді ме?
- 4) Тапсырманы орындау барысында қандай біліктіліктер дамыды?

«Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін -өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет.

Қазіргі бағалау түрлі нысанда, түсінікті, психологиялық тұрғыдан жайлы, екі құрамды: жиынтық және формативті болуы керек.

Жиынтық бағалаудың немесе оқытуды бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім тест, емтихан т.б. түрде өткізіп, өзі бағалайды.

Формативті бағалау үшін не қажет? Оқушылардың оқудың мақсатын білуі және түсінуі;

Мақсат кең және сұрақ түрінде тұжырымдалу керек. Бала қандай нәтижеге келетінін толық білу керек. Нәтижелер нақты, бақыланатын, өлшемді мақсатқа жауап беру керек.

Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету;

Кері байланыс оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму туралы хабарлама беру болып табылады. Мұғалім бала дұрыс жауап беру үшін оған уақыт беру керек. Егерде бала қателессе жетекші сұрақтар қойып, баланы өзі дұрыс жауап табуға бағыттайды. Кері байланыс көбінесе уәж болып табылады және де ол мұғалім мен оқушы арасында сенім мен сыйластық орнатады. Сөйтіп мұғалім әр оқушының нені біліп, нені ойлап, қалай оқитыны туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым оқушылардың жетістіктерін арттыру мен өзінің оқытуын жетілдіруге мүмкіндік көп.

Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы; «Оқу түбі тоқу» дегендей оқушы алған білімін қолдана білуі керек. Сондай ақ түрлендіру, дамыту, толықтыру керек. Әртүрлі қалып пен мән мәтінде қарастыра білу керек. Оқушылардың өздерін өздері бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттілігі;

Бағалау үдерісін шынайы және бәріне түсінікті болу үшін бағалау критерийлерін құру керек.

Оқушылардың өз жұмыстарын талдауға мүмкіндіктері мен біліктері

М	П	И
-кемшіліктер	+ жақсы	S қызықты жауап

Өзінің оқуының мақсаты мен жетістікке қалай жетуін білу үшін оқушылар өз өзін бағалауды үйрену керек. Ол үшін өз өзін бағалау және бірін бірі бағалау парақтарын, өз ойын пайымдайтын сұрақтар беруге болады.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту. Бағалау оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Формативті бағалауды пайдалану тиімді оқытудың негізі болып табылады. Себебі бағалау оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру жолдарына елеулі әсер етеді.

Тәжірибелік бөлім:

- Дембо және Рубинштейннің «ғажайып сызғыш» әдістемесі арқылы бағалау;
- Оқытудың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесіндегі» бағалау (Қараев пен Кобдиқованың оқыту технологиясы бойынша бағалау);
- Б.Блум таксономиясы бойынша бағалау;
- Жеке жетістіктер парағын толтыру арқылы бағалау;
- Эмоциялық қалыптар кескіндемесі арқылы бағалау.
- Пікірнама жазу арқылы бағалау;
- Липкинаның «Үш баға» әдістемесіне сәйкестендірілген бағалау;
- Жапсырма қағаздар көмегімен бағалау;
- Портфолио көмегі арқылы бағалау;
- М.Люшер әдістемесін басшылыққа ала отырып бағалау.

Мысалы: Оқушыларда қызыл, жасыл және сары түсті карточкалар бар, оны олар өз парталарына қояды немесе жоғары көтереді (қызыл = түсінбеймін, жасыл = барлығы түсінікті).

• Оқушылар бағдаршамның түстерін пайдалана отырып, өздерін бағалайды. Мұғалімге көрсетілген бағалауды оқушылардың күнделіктеріне жазуына болады.

• Сыныптастары бағдаршам түстерінің көмегімен таныстырылымдарды және т.б. бағалайды. Басында балалардың барлығы жасыл түстіні көрсетуі мүмкін. Содан кейін өз қателерін тауып, дұрысын дәлелдей алмағандар сары немесе қызыл түсті көтеріп жатады. Бағалаудың өзіндік қиындықтары да байқалып жатады. Басында балалар өздеріне жоғары баға береді. Ол жағдайда оқушыларға бағаның шын болу керектігін айта отырып, яғни шын баға өзінің қаншалықты түсінгенін көрсететінін айтып өткен жөн.

Формативті бағалаудың дәстүрлі бағалау жүйесінің артықшылығына сын көзбен қарайтын болсақ:

Оқушының жетістік деңгейін нақты сипаттайды;
Білімге деген ынтасын арттырады;
Баланың өзіне деген сенімділігі артып, жауапкершілікті сезінеді; Оқушының өзін өзі бағалауы дамып, оны тек сабақ барысында ғана емес, кез келген

өмірдегі болып жатқан қайшылықтарға өзіндік бағалау жүргізе алатын тұлға қалыптасады.

«5» деген баға оқу бағдарламасының мазмұнын терең және толық білетін, оқу материалындағы теория мен фактіні ажырата алатын, жауабын өз бетімен жүйелі етіп құрастыратын, анықтама, ұғымдарды түсінетін, тілдік нормаларды сақтап сенімді, қатесіз, жауап беретін қосымша материалдар қолдана алатын, ойы оралымды оқушыға қойылады.

«4» бағасы ұғым, ереже, анықтамаларды дұрыс түсініп, дәлелдей алатын, бірақ кейбір жерлерін нақты айтпайтын, жекелеген қате жіберетін оқушыға қойылады.

«3» бағасы оқу материалындағы негізгі ережелерді, тәуелділіктерді үстүрт түсінген, ой-пікірлерді талдай алмайтын, жауабы жүйесіз, мұғалім көмегімен жауап беретін оқушыға қойылады.

«2» бағасы білімі жүйесіз, негізгі мен көмекшіні, теория мен фактіні ажырата алмайтын, жаттанды сөйлейтін, бағдарламаны игеруге мүмкіншілігі жоқ, бағдарламаның материалын түсінбейтін оқушыға қойылады. Оқушылардың үлгермеушілігін болдырмау шаралары:

Үлгермеушілікті болдырмау үшін оқу материалдарын түсінбеу себептерін анықтау керек. Үлгермеудің негізгі **себептерінің бірі** –жұмыс істеу қабілетінің, ынтаның, зейіннің жоқтығы. Егер бұл сапалар отбасында қалыптаспаса, онда балаға мектепте оқу қиынға түседі.

Екінші себеп– білімнің жүйесіздігі, жауапкершіліктің төмендігі. Оқушы бұрынғы оқу материалдарын түсінбегенін мұғалім уақытында байқамаса, онда оқушының оқуға қабілеті жеткіліксіз болады. Әдетте мұндай оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, оларға кеңес беріледі.

Үшінші себеп– материалдан мәнді белгілерді бөле алмау, негізгі мен негізгі емес мәселелерді ажырата алмау, оқушылардың жаттап оқып, бәрін есте сақтауға тырысуы. Мұндай оқушыларға абстрактілі ойлауларын дамыту үшін талдауға, қорытындылауға жаттығулар беріледі.

Төртінші себеп– пәнге деген қызығушылықтың жоқтығы. Нәтижесінде оқушының зейіні, білімге деген ықыласы төмендейді. Бұл тәжірибесіз мұғалімнің ашу-ызасын туғызып, түрлі дау-жанжалдарға себепші болады. Оқушыларға талап қою, құрметтеу, оқушының жеке тұлғалық сапаларын ескеру, баланы қызықтыру оның оқу жұмысын белсенді етіп, кемшіліктерін түзетуге ықпал етеді.

Бесінші себеп– оқушының отбасындағы қолайсыз жағдай, құрбыларымен тіл табыса алмау, оқушының оқу жұмысын атқара алмауы, "қиын" балаларға еліктеуі. Үлгермеудің басқа да себептері бар. Ең бастысы – үлгермеу себебін анықтап, жеке жұмыстың жолдарын белгілеу. Мұғалімнің, мектептің міндеті әрбір оқушының жақсы оқуына көмектесу. Баға қою білімді және шеберлікті талап етеді. Баға бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін анықтайды.

****Зерттеу нәтижелері.** Сауалнаманың нәтижесі. Білім сапасының мониторингісі нәтиже

Проблема бойынша жұмысқа талдау жасау (SWOT-анализ)

Күшті жағы: барлық жастағы балалардың зерттеу әрекетін қолдайтындар жарыстар, түрлі конкурстар болуы.

Әлсіз жағы: барлық баламен бірге жоба жазу, қатысуының тиімді жолдарын білмеушілік.

Мүмкіндіктер: мұғалімнің дарындылықты дамытудың тәжірибесінің қалыптасуы, жинақталуы, басқа оқушыларды тартуы.

Қауіп: бала бойындағы ерекшеліктерді уақытында қолға алмау, бала қажеттігін қанағаттандыра алмау.

Мектептегі оқытудың сапасы қойылған мақсаттарға жету үшін құрылған, педагогикалық технологияға тікелей байланысты болады.

Жоспарланған қорытындыларға жетуді бағалау технологиясы сияқты, бағалау жүйесі, мектептік білім беру кеңістігінің басты факторы, кері байланысты жүзеге асыруының және оқыту мәселелерінің диагностикасының негізгі құралы болып табылады.

Өлшемдік бағалау, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес, үйренушілердің жетістігін бағалау мен бақылауының баламалы жүйесі болып табылады.

«Өлшемдік бағалау технологиясы» келесіні анықтайды:

- Өлшемдік бағалауының функцияларын;
- Өлшемдік бағалауының тапсырмаларын;
- Жаңа бағалау жүйесіне деген талаптар.

Өлшемдік бағалау - білім берудің мазмұны мен мақсатына сәйкес болатын, үйренушілердің оқу-танымдық біліктілігінің қалыптасуына жағдай жасайтын, айқын анықталған, ұжымдық қалыптастырылған, барыс қатысушыларына алдын-ала мәлім белгілері бар оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.

Педагогикалық қызметтің келесі кезеңі білім беру барысына өлшемдік бағалау технологиясын енгізуді болжаған.

Қалыптастыратын (ағымды) бағалау кезінде өзін-өзі бағалау мен бақылау дәптерлерін қолданамын, олар маған сабақтағы жұмыстың білімдері мен дағдыларын ұғып алуының ағымды деңгейін анықтауға көмектеседі. Сабақта оқушылардың жетістіктерін бағалау үшін, белгілер бойынша карточканы құрастыруға ұсынамын. Бағалау үшін белгілер тізімін, олар оқушылармен ұғыну мөлшері бойынша бірте-бірте енгіземін. Берілген бағалау түрі маған (мұғалімге) жол береді:

- сапалы нәтижелерді алуға мүмкіндік туғызатын белгілерді әзірлеуге;
- өз әрекетімді талдау мен жоспарлау үшін шұғыл ақпараттың бар болуы; оқыту сапасын жақсартуға. Менің оқушыларыма: өзінің түсінуін білдіру үшін ойлау әрекеті мен қабілеттілігінің түрлерін, білім беру стилінің әртүрлілігін қолдану; нәтижелерді болжау үшін бағалау белгілерін білуге

және түсінуге; жетістіктің белгілерін сезіну; өзін және өзінің құрдастарын бағалай отырып рефлексияға қатысу; Ата-аналарға: Баланың жаттыққандық деңгейінің дәлелдерін алуға; Баланы оқытудағы ілгерілікті қадағалауға; Оқу барысында баланы қолдауды қамтамасыз етуге.

Өлшемдік бағалаудың тәжірибелік мағынасын белгілеймін: оқушының жұмысы ғана бағаланады; оқушының жұмысы, оқушыларға алдын-ала мәлім, дұрыс орындалған жұмыс үлгісімен (эталонмен) салыстырылады.

Оқушыға баға шығаруының айқын бағдаржолы мәлім, ол бойынша ол өз жұмысының деңгейін өзі анықтай және ата-анасына хабарлайалады; Өлшемдік бағалау жүйесі ағымды және қорытынды белгілерін қою тәсілі мағынасында, сонымен қатар осы белгілер қойылатын мақсаттарға жету жағынан мүлде ашық. Сондай-ақ ол мен-мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы тұрақты байланысты ескертіп және қамтамасыз етіп, оқыту мәселелері диагностикасының құралы болып табылады.

Осылайша, өлшемдік бағалау технологиясы стандарт негізінде жататын қағидаттарды өзіне нақтылы түрде көрсетеді.

Оны қолдануының әдістемесін сақтау жағдайы кезінде, бейімделу кезеңінің еңбек сыйымдылығы мен шығындарының орны, баланың танымдық ынтасының сақталуымен, онда оқу, еңбек ету ықыласының дамуымен, яғни үйренушілердің білім сапасының жоғарлауымен толтырылады.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Өзін – өзі бағалаудың алгоритмі дегеніміз не?
2. Оқушылармен тиімді кері байланысты ұйымдастыруға мысал келтір.
3. Өлшемдік бағалаудың функцияларына тоқтал.

9-Дәріс.

Оқушы портфолиосы

Дәрістің негізгі сұрақтары:

1. Портфолио қолдану және сипаттамалары туралы түсінік.
2. Портфолионы бағалау жолдары.
3. Портфолио толтыру кезеңдері мен түрлері.

Білім алушылардың ілгерілеуін қадағалау мақсатында мұғалімдер оқытудың белгілі бір кезеңінде орындалған жұмыстарды сақтауы қажет. Білім алушылардың портфолиосы бағалау нәтижелерінің анықтығы мен дәлдігін арттыруға бағытталған.

Портфолио - бағалау тәсілі ретінде алғаш 1980 жылдары АҚШ-та қолданылды.

Портфолио ұғымы итальян тілінен аударғанда «құжаттар салынған папка», «маман папкасы» деген мағынаны білдіреді.

Портфолио - бұл бір мақсатқа бағытталған оқушылардың жұмыс жинағы, оқушының жұмыс істеу кезіндегі талабын, оның дамуын және бір немесе бірнеше пән бойынша жеткен жетістігін көрсетеді.

Кілтті (түйіндік) кезеңдер:

- Қарастырылатын материалдың мазмұнын таңдаудағы оқушының қатысуы.

- Материалды таңдау үшін ойластырылған белгілер.

- Ойластырылған бағалау белгілері.

- Оқушылардың аналитикалық ойлауына түрткі болатын (рефлексия) дәлелдер.

Портфолио іріктеп алынған жақсы жұмыстарды көрсететіндіктен, жоспарлаған нәтижелерінің табысқа кенелгендігін, оқушының өсуі мен дамуын көрсететін оқушы өзі таңдап алған жұмыстардан тұрады.

Портфолио сөзі қолданысқа француз тілінен енген. Жалпы шет тіліндегі сөздіктерді саралай отырып, оның төмендегідей мағыналар беретінін анықтадық:

- 1) мазмұндау, алып жүру, құрастыру;

- 2) бет, қағаз;

- 3) дәйек, белгілі бір мағлұматтар жинағы, жетістіктер жинағы. Яғни, портфолио дегеніміз тұлғаның қандай да бір ерекшеліктерін уағыздайтын, нақты бір мақсатты жүзеге асыруға байланысты құжаттармен безендірілген, оның жетістіктерінің дәлелі бола алатындай мағлұматтар жинағы.

Оқушылар портфолиосының түрі оның мақсатына, мазмұнына қарай бөлінеді.

Мақсатына қарай:

- Жеке портфолио.

- Портфолио-есеп болып бөлінеді.

Портфолио әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескере отырып, оқушының білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, диалектикалық дүние-танымын, өмірлік мақсат-мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектеседі.

Мазмұнына қарай портфолио:

- Жетістіктер портфолиосы (оқу-шының үздік жұмыстары);

- Рефлексивті портфолио (оқушының материалдары және бағалары);

- Проблемалық бағыттағы (белгілі бір проблеманы шешу нәтижесі мен мақсатын көрсететін материалдар);

- Тақырыптық портфолио (белгілі бір тақырып бойынша оқушының жұмыстарын көрсететін материалдар);

- Мақсатсыз портфолио (оқушы жұмысының жинақ папкасы) болып бөлінеді.

Білім алушы портфолиосына ұсынылған құрылым:

- Титул беті;

- Пән бойынша бөлгіштер;

- Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары, мысалы: бағалау критерийлері, балл қою кестесімен жазба жұмыстары, таныстырылымдар, бақылау жұмыстары, эссе, т.б.;

- Білім алушылардың оқу жетістігі деңгейін көрсететін күнделікті сабақ үдерісінде орындаған жұмыстары;

- Мұғалімнің кері байланысы, пікірлері, ұсыныстары;

- Білім алушының рефлексиясы.

- Портфолионың формасы білім алушылардың жас ерекшелігіне, пәнге байланысты. Мысалы, портфолио электрондық үлгіде болуы мүмкін (электрондық портфолио), ол электрондық тасымалдаушы құралда сақталады (дискіде). Портфолионың мазмұны міндетті түрде болу керек.

Портфолио қолданудың реті:

- Әр оқушының өзіне портфолио неге керек екенін түсінуі;

- Портфолионың түрін анықтау: мұғалім көрсетеді немесе оқушы таңдайды;

- Портфолиомен жұмысты аяқтау уақытын білуі;

- Портфолионың құрылымын анықтау;

- Бағалау көрсеткіштерін анықтау (бұл оқушымен бірлесе отырып шешілетін мәселе);

- Бағалау тәсілін анықтау.

Портфолио білім беру үрдісіндегі бағалау жүйесін ұсынады. Оның дәстүрлі әдістерден айырмашылығы бар.

Аяқталған портфолионың көрсеткіштері:

- Ойлылығы (оқушының портфолионы жүргізудегі түсінігін бақылау);

- Оқу – білімге қарым-қатынасының өсуі мен дамуы;

- Негізгі әрекеттерді түсінуі;

- Портфолио бойынша қолданған әдістер мен үрдістердің дұрыстығы, қажеттілігі;

- Тәсілдердің көптүрлілігі.

Оқушы портфолиосын Ресейде оқушының даму траекториясын бақылау үшін қолданады.

Біздің елімізде мектеп 12 жылдық білім беруге көшкенде, оқушы портфолиосы, олардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесі ретінде енгізіледі. Сондықтан жақын болашақта портфолио ұғымы білім беру, тәрбие үрдісінде негізгі категория санатына кіретіні айдан анық.

Оқушылардың портфолиосы бірқатар өзіндік ерекшеліктермен сипатталады. Олар:

- Оқушылар портфолиосы оқу нәтижесін ғана емес, оған жұмсалған еңбекті көрсететін жұмыс жинақтамасы, оқушының салыстырмалы түрде алға жылжушылығы.

- Оқу жетістіктерінің белгілі пәндер бойынша жинағы (тоқсан, жартыжылдық, жыл бойынша).

- Оқу нәтижесін жүйелі, мақсатты, үздіксіз бағалау және өзіндік бағалаудың түрі.

- Оқушының жеке жетістігін көрсететін жинақ, оның өзіндік бағалауы, өзіндік талдауы.

Сонымен қатар, оқушылар портфолиосы, олардың дамуын, өзін-өзі көрсете білуін, жеке тұлға ретіндегі ерекшелігін, оқушының өз жұмысына рефлексиясын көрсетуін, оқушы жұмысының нәтижесінің өзіндік бағалауын қамтамасыз етеді. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкін-діктерін ашып көрсету. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады.

Оқыту жүйесінде оқу үдерісін жеңілдету үшін көптеген мұғалімдердің арасында оқушының портфолио жүйесі сұранысқа ие болып келеді. Соңғы анықтамалар бойынша, портфолио белгілі бір уақыттағы арнайы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған оқушы жұмыстарын (бағалау парақтары, жаттығу жұмыстары, орындалған тапсырмалар тобы немесе жоба жұмыстары ретінде) жинақтау дегенді білдіреді.

Оқушы портфолиосын ұйымдастыруда бірнеше тиімді жақтарын тізіп беруге болады. Ең басты артықшылықтарының бірі оқу жылының басында тоқсан бойы орындалуы тиіс тапсырмалар тізімі бекітілген күндерімен оқушылар үшін таратылып беріледі. Сонымен қатар, әрбір тапсырманың қай оқу мақсатына бағытталғаны және сол тапсырманы орындау үшін қандай жетістік критерийлері қажеттігі анық портфолио ішінде көрсетіледі. Тапсырманы орындау барысында жетістік критерийлеріне қосымша оқушылар үшін рубриктар дайындалады. Бұл әр тапсырманы сарамаланған бағалау арқылы орындауға тиімді. Портфолионың артықшылығы:

- Белгілі бір уақыт ішіндегі оқу үдерісі мен нәтижені көрсетеді;
- Оқушыларды өздерінің жұмыстарына рефлексия жасап, өз-өзін бағалауына мүмкіндік береді;
- Оқушының өз-өзіне деген сенімін арттырып, мәселелерді өздігінен шешу дағдысын қалыптастырады;
- Оқушыларда нақты жетістік критерийіне құрылған тапсырмалар тізбегі болады ;
- Оқушылар жетістік критерийіне құрылған тапсырманы өздігінен орындай алады;
- Әрбір тапсырмаға құрастырылған рубриктарды көрген кезде өзінің нақты қай жерде екендігін көріп, келесі сабақтарға оқушы өзінің қай тұстарына көбірек күш салу керектігін нақтылайды;
- Оқушы мен мұғалім арасындағы пікір алмасуға итермелеуші, байланыстырушы фактор.

Әрбір оқушы портфолионы бір оқу жылында ғана қолданады. Бір жыл ішіндегі оқушы жетістігі, жетілдіретін тұстары айқын көрінеді.

Екіншіден, әр тақырыпты бастамас бұрын мұғалім алдын ала оқу мақсаттарын, жетістік критерийлерін және тапсырмаларды дайындайды. Бұл одан әрі оқу мақсатына бағытталған рубрикалармен толықтырылады. Кейін сабақ барысында мұғалім оқушыларға оны үлестіргеннен кейін оқушылар

үшін олардан не күтіліп тұрғаны анық болады. Соңғы шыққан ғылыми еңбектердің пайымдауынша, егер оқушы нақты не істеу қажеттігін және қандай жолдар арқылы мақсатқа жету керектігін білген жағдайда оның сабаққа деген ынтасы артады. Үшіншіден, тапсырмалар орындалғаннан кейін арнайы қалдырылған, бос орында мұғалім оқушылар үшін кері байланыс қалдырады. Кеңестер немесе мадақтаулар түрінде келетін мұғалімнің оқушыға кері байланысы олардың бойындағы ерік-жігеріне оң ықпалын тигізеді.

Портфолио арқылы бағалау жүйесіндегі соңғы қадам – оқушылардың тоқсан соңындағы жазбаша түрде қалдыратын рефлексиясы. Өз жұмысын талдай отырып, бірнеше сұрақтар төңірегінде ой бөліседі.

Портфолио қолдану. Қазіргі замандағы оқыту кезеңінде бағалау бағыты оқушылардың оқу жоспары бойынша негізгі пәндерден шеберлігі мен дағдысын жақсы меңгеруі мониторинг арқылы анықталады. Сондықтан портфолионың маңыздылығы:

-бағалау процесін жақсартады, оқушының осал жағы немесе күшті жақтарын көрсетеді;

-оқу мақсаттарының табысқа жетуіне бағыт-бағдар береді;

-үйрену барысындағы өзгеріс пен өсудің деңгейін көрсетеді;

-оқушының, мұғалімнің және ата-аналардың аналитикалық ойлауына мүмкіндік туғызады;

-оқушыны үйретудегі мирасқорлықтың жылдан-жылға қамтамасыз етуі.

Мұғалім әр түрлі мақсаттар үшін портфолио қолдана алады.

- Өздігінен бағытталған үйренуді мадақтау.
- Оқудағы өрісін кеңейту.
- Оқуда білуге мүмкіндік туғызу.
- Жоспарланған нәтижелердің табысқа жетудегі өрлеуін көрсету.
- Оқушылардың өзін өзі бағалауына мүмкіндік беру.
- Оқушыларға өзара қолдау және дамытуды мүмкіндік ретінде ұсыну.

Тиімді портфолио сипаттамалары

Портфолионың көмегі көп қырлы болғандықтан, келесі сапалармен сипатталады:

Үздіксіз процесс болып табылады да, формативті және суммативті бағалауды қамтамасыз етеді, негізгі жоспарланған нәтижелердің табысқа жету жолындағы оқушының өрлеуін барлауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың оқу процесіндегі әр түрлі жұмыстарын, әр түрлі өткерген іс-әрекеттерін кеңейтілген тұрғыда көрсетеді.

Бірлескен рефлексияны ескереді, оқушылардың ойлау процесі мен өзін-өзі талдауын, өзінің қабылдауы мен түсінуін қадағалайды; мәселені шешу жолын ой өзегінен өткізіп, шешімді қабылдау мен өзінің өсуін бақылайды, пәннің мазмұны мен дағдыларын жетілдіреді .

Барлық зерттеушілер портфолионы өңдеу жолдарындағы түрлернулерді мақұлдайды да, портфолио:

- Куррикулума қойған білім беретін мақсаттарды ашық қамтып көрсетеді.
- Жеке - бағдарланған оқытуға, негізгі білімге, біліктіліктер мен ұстанымдарына зейінін жинақтау.
- Бағалау мерзіміндегі жиналған жұмыстардың үлгілері болады.
- Бағалаудың әр түрлі техникаларының қолдануымен бағаланған оқушылардың жұмысы болады.
- Өздерінің оқушылары, басқа оқушылар, мұғалімдермен және ата-аналармен бағаланған жұмыстың үлгілерінің жиыны болады.

2. Портфолионы бағалау

Дәстүрлі әдістерге қарағанда портфолио оқушыларды оқытудағы бағалаудың мүмкіндігін, өте жақсы әдісін қолдануды ұсынады. Портфолионың көмегімен жетістікті бағалауға көп мүмкіндік туады, оқу процесін мұғалімдер мен оқушылар өте кең көлемде бақылауға, жорамалдауға, тәуекел етуге, шығармашылық ойлауды дамыту мен оқытуды, өзінің жетістіктерін бағалауды үйретеді. Бағалау әділетті болу үшін, мұғалімдерге оқушының дамуын бағалаудың түрлі стратегияларын қолдану керек. Портфолионы бағалау белгілеріне келесі пункттерді енгізу қажет:

- Саналылық (рефлексияның және шығармашылық ойлаудың бар болуы);
- оқу жоспарының негізгі мақсаттарымен және индикаторларымен сәйкес өсуі және дамуы;
- негізгі процесстерді түсінуі және қолдануы; аталып өткен талаптарға портфолиодағы көрсетілген жұмыстардың сәйкестігі;
- түрлі жазулар (мысалы, түрлі формаларды қолдану, жоспарланған стандарттарды оқушылардың жетістіктерімен көрсету).

Мұғалім мен оқушының бағалауда бірге жұмыс істеуі маңызды. Оқушылардың табыстарын бағалайтын басты белгілерді пайдаланғанда формативті және суммативті бағалаулар да қолданылады.

Мұғалімдер мен оқушылар портфолиоға енгізілетін маңызды және нақты жұмыстарды барлық оқу жылы ағымында шынайы ынтымақтастықта анықтай алады. Бұдан басқа, олар баллдар жүйесі мен бағаларды жетілдіріп, соның көмегімен портфолиодағы жұмыстар бағаланады. Айдарлар, ережелер және баллдар портфолиодағы әрбір бөлім үшін де жасала алады. Сонымен қатар, жұмыстарға қойылған белгілер (бағалар, баллдар) суммативті бағалау үшін қосылу керек. Суммативті бағалау процесі кезінде портфолионың барлық бөлімдері мұқият талданып, шешім қабылдау процесі мен жұмыстарды бағалағанда мұғалімді, оқушыны, сарапшылар тобын қатыстыру керек.

1. Портфолио толтыру кезеңдері

1- кезең. **Ұйымдастыру және жоспарлау** – бұл портфолионы толтырудың бастапқы кезеңі. Бұған оқушы мен мұғалім портфолионың қандай болуы керек екендігін және оған қандай жұмыстар кіруі керектігін

бірге шешеді. Оқушылар толық іріктеп алған мәселелеріне жауап бергенде портфолионың негізгі мақсатын және оның мәнін түсіне алады (барлау құралы ретінде және өзінің дамуын бағалауда).

Мұғалім және оқушы келесі сұрақтарға жауап беруі керек:

-Осы пән бойынша оқылатын сұрақтарды бейнелеу үшін мен материалдарды қанша және қалай іріктеуді жоспарлаймын?

-Мен жинағандарымды қалай ұйымдастыруды және нәрселерді, материалдарды көрсетуді қалай жоспарлаймын?

-Портфолионың толтырылуы, мазмұны және сақталуы қалай жоспарланады?

2- кезең. Жиын - бұл жинақталған мағыналы жұмыстардан тұратын, оқудың мақсаттары мен оқушылардың табыстарын қамтып көрсететін жұмыстар. Портфолионың мазмұны туралы шешім әдейі осыған анықталған, осы кезеңде қабылдануы тиіс болып табылады мақсаттар мен міндеттерге негізделген.

Іріктеп алынған жұмыстар және материалдардың әр түрлі факторларға негізделуі керек. Оларға жататындары:

- нақты тақырыптың мазмұны;
- оқыту процесі;
- арнайы жобалар, тақырыптар немесе бөлімдер.

Портфолиоға іріктеп алынған барлық материалдар бағалаудың стандарттары мен белгілерін ашық қамтып көрсетуі тиіс.

3- кезең. Рефлексия – оқу процесінде оқушылардың мүмкіндігінше аналитикалық ойлау және негізгі білімдер мен дағдыларды өзінің түсінуін барлауда қажетті дәлел.

Рефлексия күнделікті ойлаудың және басқа формалардағы тапсырмалардың орындалуының талдауындағы ойлау процесстерінде сонымен қатар оқушылардың нақты уақыт аралығындағы есепті шешу үшін қолданылып, идеяларды жазудың формасына айналады.

Оқушылардың портфолиосында көрсетілгендей мұғалімнің рефлексиясымен ата-аналардың түпкі мақсатты процесі біріктірілуі тиісті. Көрсетілген тізім межелік бағалау емес. Қазіргі уақытта мұғалімдер қандай да бір қалыптасқан бағалау жүйесін қолданып жүр. Мұғалім қалыптасқан бағалау жүйесін пайдаланғанда ең үлкен әсер (эффект) беру үшін мақсаттылық пен жүйелілікті қолдану керек.

Оқытудың және бағалаудың әр түрлі жүйесін қолдану кез келген сыныптағы таныстыру әдістерінің көпшілігін жетілдіруде мұғалімге үлкен мүмкіндік береді. Әр түрлі бағалау жүйесін қолдану - бағытталған әр түрлі оқыту стильдеріне және оқушылардың қажеттіліктерін өтеуге, олардың даралығын есепке алуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың білімін, білгірлігін және дағдысын тексеру үшін мұғалім оқушыларға бір тақырыптан әр қилы формадағы тапсырмалар беру арқылы олардың даралығын, әр түрлі парасаттылығын ескереді.

Портфолионың түрлері: Портфолионың әр түрі бар, олардың әрқайсысы оқытуда және бағалауда бағдарламаның бір бөлігі сияқты нақтылы мақсаттарға қызмет көрсете алады. Портфолио түрлерінің төменде келтірілген тізімі ғылыми әдебиетте жиі беріледі:

Құжатты немесе «жұмысты» портфолио: Ол нақтылы мерзім ішіндегі іріктеп алынған жұмыстарды жинақтайды және жоспарланған нәтижелеріне қарап оқушының табыстарының өзгерісін көрсетеді. Құжатты портфолио барлық мидағы жазылған идеялардан, жобалардан және оқушының толық бітірілген жұмыстарын қамтиды (презентация, шығарма, эссе тағы сол сияқтылар). Портфолио материалдары нақты бір білім беретін мақсаттарға бағытталғанда ғана мағыналы болып қалыптасады. Портфолиоға күшті және әлсіз жұмыстар да кіре алады.

Портфолио процесі: Мұндай портфолио барлық тұрғыларды немесе оқытудағы процесстің фазасын құжаттайды. Бұл портфолио түрі барлық оқу процесін құжаттауға келгенде өте пайдалы. Ол оқушының бойына сіңірген нақтылы білімін немесе дағдыларын және негізгі деңгейден жоғары деңгейге алға басуын көрсете алады.

«Портфолио процесі» оқушының рефлексиясын оқу туралы процеске күшейтеді. Мұндай портфолио ойлау күнделіктерінің, жазылған идеялардың және тағы басқа оқушы рефлексиясының қолданылуын ескереді.

Демонстрациялық (көрсетпелі) портфолио. Бұл портфолио түрі суммативті бағалауда өте көп қолданылады. Ол мұғалім мен оқушылардың таңдап алған жақсы жұмыстарынан тұрады. Тек қана толық аяқталған жұмыстар осы портфолио түріне кіреді. Бұл портфолио түрін көбінесе көрнекілік құралдарымен толықтырады: фотосурет, бейнежазбалармен, компьютер арқылы есептелген нәтижелермен. Демонстрациялық портфолио оқушының қандай жұмыстарды осы портфолио түріне еңгізетіні туралы шешім қабылдауда жазған ойларынан тұрады.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Оқушылардың портфолио құрылымына тоқталыңыз.
2. Портфолияны мазмұнына қарай топтастыр.
3. Портфолионың түрлерін атаңыз.

10-Дәріс.

Оқу жоспары (қысқа, орта, ұзақ)

Дәрістің негізгі сұрақтары:

1. Оқу бағдарламасы және оқу жоспарының түрлерінен мағұлмат беру.
2. Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау арасындағы өзара байланыс.
3. Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлаудың ерекшеліктерін білу.

Сыныптар бойынша оқу бағдарламасының мазмұны пәндер бойынша оқу жоспарындағы ұсыныста берілген. Оқу жоспарындағы тапсырмаларды

мұғалімдер оқушылардың барлық оқу мақсаттарына жеткеніне және оқу бағдарламасының мазмұнын білетіндеріне көз жеткізу үшін қолдана алады. Оқыту мақсаты – берілген кезең аяғында оқушылардың дағдылар мен түсініктерді, білімді меңгергендері немесе оларды түсінетінін көрсететін тұжырым. Олар пәндер бойынша сыныптан сыныпқа нақты құрылым прогресін көрсету үшін оқу жоспарында белгіленген. Оқу жоспары ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді мақсаттарды жоспарлау үшін дайындалған.

Ұзақ мерзімді жоспар:

- ортақ тақырып бойынша оқу мақсаттарын бөлімдер бойынша топтайды;
- алдыңғы жұмыспен, мақсатпен өзара байланыс орнатуға және оқытудың одан кейінгі жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді;
- бөлімдер бойынша теңестірілген және басқарылатын байланысты орнатуды қамтамасыз етеді.

Орта мерзімді жоспар:

- мұғалімдерге өз сабақтарын жоспарлауда қажетті бөліктерді береді;
- сабақ беруде әр түрлі тәсілдерді қолданудағы мүмкіндік жолдарын анықтайды;
- оқытудың кіріспе, дамыту мен бекіту тәсілдерін және негізгі ресурстарын ұсынады;
- бағалаудың мүмкіндіктерін анықтайды;
- тіл қабілетін жақсарту бойынша талаптарды анықтайды.

Қысқа мерзімді жоспар:

- оқытуды ұйымдастыру үдерісін анықтайды: жаппай оқыту, топтық, жұптық жұмыс, жеке жұмыс;
- оқытудың әр түрлі тәсілдерін ұсынады;
- бағалауды ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады және оқушымен оқу мақсатына жету туралы кері байланысты береді.

Оқушылар мен мұғалімдердің сабақ барысында жететін мақсаттарды бірыңғай түсінуі маңызды. Бірыңғай түсінікті қолдау үшін мұғалімдер әр түрлі стратегияны пайдалануы мүмкін:

- сабақты оқушыларға түсінікті тілде беріп оқу мақсаттарын талқылау;
- сабақ барысында және сабақ аяғында көңіл аудару үшін тақтаға оқу мақсаттарын жазу;
- сабақ барысында шағын топтар /жеке оқушылармен берілген оқу мақсаттарының прогресін талқылау;
- оқу мақсатына қатысты кері байланысты беру;
- сабақ басында жазылған оқу мақсаттарына рефлексия жүргізу үшін сабақ аяғында уақыт қалдыру;
- оқу жоспарында ұсынылатын жұмыс мысал ретінде берілген, және мұғалім жұмыстың балама түрлерін қолдана отырып оқушыларды бағалай алады.

Бөлім атауы: **Таза, мінсіз асыл сөз**

Меңгерілген білімді дамыту. Бөлімде қалыптастырылған білім, білік, дағдыларын жетілдіре отырып, оқушылардың оқу, зерттеу, креативті және сыни ой айту дағдыларына негізделген.

Бөлімнің негізгі мақсаты - жанрлық ерекшеліктеріне, көркемдік сипаттарына жан-жақты талдау жасау арқылы халық ауыз әдебиеті мұралары мен жыраулар поэзиясын меңгерту.

Бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының тізімі:

5.Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау.

5.Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.

5.Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу

5.Т/Ж4. Көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту

5.А/И1. Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен карама-қарсы суреттеулерді табу

5.А/И2. Эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау.

5.А/И3. Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау.

5.А/И4. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу.

5.Б/С1. Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау.

5Б/С2. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, музыка, бейнелеу өнері пәндерімен және театр, кино өнерімен т.б. байланыс жүзеге асырылады.

Сыныптан тыс шаралар: әдеби оқулар, әдеби кештер, сахналық қойылымдар, театр, кино, тарихи-өлкетану мұражайларына т.б. саяхат жасау.

Бөлімге қатысты лексика мен терминология: тұрақты сөз тіркестері, көнерген сөздер, ауыспалы мағыналы сөздер, мақал-мәтелдер, жанр, фабула, сюжет, образ, тұжырымдама, композиция, композициялық тәсілдер, аңыз т.б.

Коммуникативтік дағдыларға сілтеме.

Оқыту мақсаттары Ұсынылатын әдіс-тәсілдер мұғалімге ескертулер оқыту ресурстары.

«Керкұла атты Кендебай» ертегісі (5 сағат)

Т/Ж1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні.

Т/Ж3. Көркем шығармадағы образ.

5.Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау.

5.Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.

Ми шабуылы. Суреттерде не бейнеленген?

Олар туралы не білесіңдер?

Ертегінің өзіндік белгілері қандай?

Оқушылар ертегі мазмұнымен танысады.

Т. «Пазл әңгіме» Топтарға ертегі бөлімдері қиылып таратылады. Оқушылардан берілген бөліктерден әңгіме құрауы сұралады.

Соңында оқушылар өз жұмыстарын жалпы сыныпқа немесе топтарға ұсынады.

Ертегінің қорытынды бөлімін бермей, оқушылардың өздеріне аяқтауға мүмкіндік беруге болады.

Қалыптастырушы бағалау.

Т. «Суретті әңгімеле». Ертегідегі бір кейіпкерді бейнелейтін сурет алынады. Оқушыларға сурет көрсетіледі және оның сипаттары сұралады. Суретте ертегі кейіпкерінің басынан өткен қандай оқиға бейнеленгені, келбеті түсіндіріледі.

Оқушыларға проектор арқылы немесе парақшаларда түйінді сөздер тізімін беріп, топтарда сол сөздерді пайдалана отырып, кейіпкер образын ашуға жетелейді.

Сабақ тақырыбына кіру үшін ертегілер бойынша иллюстрациялы суреттер, т.б. материалдарды көрсету арқылы ойқозғау сұрақтарын қоюға болады.

Жанр (французша *genre*, латынша *generis* — түр, тек) — өнердің барлық түрлерінде тарихи қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі.

Фабула (лат. *Fabula* — аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) — көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу.

Сюжет (фр. *sujet* – зат) – өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі.

Т/Ж 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс.

А/И1. Әдеби шығарманың композициясы.

А/И3. Көркем шығарманың тілі.

5.Т/Ж4. Көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.

5.А/И1. Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен карама-қарсы суреттеулерді табу.

5.А/И3. Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет,

Кері байланыс. Сабақтың соңында «**Кендебай**» деген сөзден басталатын 5 сөйлем айтып, кері байланыс жасалады.

Т. Ертегі үзіндісін ойнап көрсету.

Мұғалім ертегі мәтінінен сахналық көрініске лайықты эпизодтарды іріктеп, сыныпты екі топқа бөледі. Әр топ ерекше көрініс үлгісін жасайды.

Оқушылар көрініске дайындық барысында мыналарға назар аударуы керек:

- қозғалыс пен іс-әрекет, актерлердің ойыны;
- диалогтың айтылуы, түпнұсқадан алшақтамау;

Қалыптастырушы бағалау.

Ж. Венн диаграммасымен жұмыс.

Кендебай мен ханның балаларын суреттеген тұстарын салыстыр.

Қалыптастырушы бағалау. ЖЖ.

«Сегіз қырлы ой» /Гарданер бойынша көп қырлы зияттың 8 жолы/
сандар қандай көп...

сөздер қайдан келді...

біртұтас желісі.

Образ, көркем образ – шындықты танып-білуде әдебиет пен өнерге тән ерекше эстетикалық категория

Композиция – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім- бөлшектерінің бір- бірімен қисынды түрде қиоластырылып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық-бірлігі.

Композициялық тәсілдер: екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулер Қазанқап, Кендебай, сауыт - сайман, аузына құлып салынған зындан, алтын кебіс.

Б/С2.Заманауилығы мен жаңашылдығы.

А/И4.Шығармашылық жұмыс ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау

Б/С2.5.Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

5.А/И4. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу.

Адамдар кім...

Көңіл-күй қандай сезімдер...

Табиғат қоршаған ортаның әсері...

Әрекет адамдар немен шұғылданады...

Дыбыстар бұл туралы қандай әндер жазылды... көзқарас қандай суреттер бейнеленген...

Екі идея: оқушылардан әр бұрыштағы тірек сөздер мен тақырып сұрағын сәйкестендіру сұралады.

Жұптық бағалау.

Т. «Керемет пікірталас» Барлық оқушылар бірнеше шағын топтарға бірігеді. Әр топтан бір өкіл шығады. Әрқайсысы бір кейіпкерді таңдап алады. Сол кейіпкерді шынайы өмірдегі бір тұлғамен салыстыра отырып баға береді.

Топтық бағалау.

Ж. «Кендебай» деген сөзге байланысты «Бес жолды өлең» жазу.

Құстай ұшқан Керкұла ат,

пұл алтын құйрық,

қоржын, алмас қылыш, т.б.

Мұғалім бағалауға негізделген сұрақты алдын-ала дайындап келуіне болады.

Бұл әдіс Оқушылардың Кейіпкерді (шеберлікпен) автордың қалай суреттегеніне анализ жасауға ынталандырады.

Олар кейіпкерлерді сомдағанда шығармадан дәлелдемелер, мысалдар ала отырып бергені қадағаланады.

«Бес жолды өлең» Зат есім-1 Сын есім-2 Етістік-3 Нақыл сөз. Синоним.

Сыныптан тыс оқу. «Алтын сақа» ертегісі.

Екі жұлдыз, бір тілек.

«Қобыланды батыр» жыры (8 сағат)

Т/Ж 2.Әдеби шығарманың тұжырымдамасы. 5.Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.

С. «Болжау» стратегиясы. Жырдан үзінді тыңдай отырып, тақырыбын болжайды. Оқи отырып, жырдың негізгі ойын, «ашық», «жабық» сұрақтар арқылы жыр идеясын анықтайды.

Қалыптастырушы бағалау. ЖЖ. Оқушылар жұптаса отырып, **«Мұғалім - Оқушы»** әдісі бойынша шығарма үзінділерімен жұмыс істейді. Концепция (латынның «conceptio» - түсіну, жүйе дегенді білдіреді) іс-әрекеттің түрлі бағыттарын, белгілі бір құбылыстарды түсіну тәсілі.

Т/Ж4.Шығарма үзінділерімен жұмыс.

А/И1. Әдеби шығарманың композициясы.

5.Т/Ж4.Көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.

5.А/И1.Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен карама-қарсы суреттеулерді табу. Жұптар шығарма үзіндісін мәнерлеп оқып шығады. Содан соң бірі мұғалім рөлін алса, екіншісі оқушы рөлінде жауап береді, ал мұғалім рөліндегі оқушы үзінді бойынша сұрақтар қояды, кейін рөлдері алмасады.

Өзара бағалау. Ж. Қобыланды мен Қараман оқушылар аталған екі кейіпкердің арасындағы қарым-қатынасты өз сөздерімен салыстырып, қорытындылап жазады.

Т Ақыл-ой картасы Содан соң топтасып, үлкен параққа **«Ақыл-ой картасын»** жасайды. Олар алдымен «шимай», артынан таза нұсқасын тақта алдында көрсету үшін дайындайды. Оқушылардың екі кейіпкердің біреуін жақтайтын талқылау жұмысына мұғалім басшылық жасайды. Сол сияқты Қобыланды мен Құртқа, Алшағыр мен Қараман бейнелерін салыстыра алады.

Қалыптастырушы бағалау. Т. Мұғалім оқушыларға Қобыланды туралы бірнеше үзінді таратады. Оқушылар Қобыланды образымен жұмыс істей алады. Мұғалім оқушылардың үйрену «деңгейін» де бағалай алады.

Өз сөзімен жазу- тіл үшін де, әдебиет үшін де өте маңызды дағды. Бұл дағдыны өзге пәндерде де қолдануға болады. Мұғалім оқушыларға олар жасаған «ақыл- ой картасы» мен талқылау жұмыстарына қарап баға бере алады. Мәтіннен дәлел келтіре отырып, ой бөлісу мен оны қолдану

оқушыларға өз көзқарасын білдіру, өз ойын жеткізу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Қысқартулар:

ТЖ – топтық жұмыс;

ЖЖ – жұптық жұмыс;

С – сыныппен жұмыс;

Ж – жеке жұмыс;

ҚБ – қалыптастырушы бағалау;

ЖК – жетістік критерийлері.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Жоспарлаудың әрбір деңгейінің ерекшеліктері мен негізгі қолдану тәсілдерін талқылаңыздар.
2. Сабақты жоспарлаудың жаңа үдерісі несімен өзгешеленеді?
3. ҚМЖ-ны жазудың бөлімдері қандай?

ПӘН БОЙЫНША ГЛОССАРИЙ

Әр түрлі деңгейлік тапсырмалар – білім алушылардың қабілеттерін ескере отырып, саралап оқытуды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын күрделілігі әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

Баға – бағалау процесінің қорытындысы, бағалау бойынша іс әрекет немесе қызмет, кері байланыстың сапалы ақпараты.

Бағалау – оқушының оқу және танымдық қызметін бақылау, сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту мақсатында оқушы туралы ақпараттарды жинақтау, жазу, тіркеу және интерпретациялау процесі.

Белгі – оқушының білім алуға жетістіктерінің бағасын цифрмен, әріппен немесе басқа да түрде жинақтап өрнектейтін шартты – формальды символ.

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі. Бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журнал – жиынтық бағалау (бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсан) нәтижелерін тіркейтін және тоқсандық, жылдық, қорытынды бағаларды автоматты түрде есептеуді жүзеге асыратын электрондық құжат.

Балл қою кестесі – тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте.

Білім алушы портфолиосы – пән бойынша оқу жылына білім алушының оқу жетістігінің жеке және жинақталған бағаларын тіркейтін тәсіл.

Білім алушының оқу жетістігінің деңгейі – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі.

Бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журнал – жиынтық бағалау (бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсан) нәтижелерін тіркейтін және тоқсандық, жылдық, қорытынды бағаларды формула бойынша автоматты түрде есептеуді жүзеге асыратын электрондық құжат.

Дескрипторлар – әрбір критерий бойынша оқушының жетістік деңгейін сипаттайды және белгілі ұпайлармен бағаланады: жетістік жоғары болған сайын ұпай да жоғары болады.

Диагностикалық бағалау – оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысы мен құзіреттілігінің қалыптасуының алғашқы деңгейін анықтау.

Критерий – оқыту міндеттерімен анықталады, оқушының жұмыс барысында орындайтын және нәтижесінде меңгеруге тиісті әртүрлі іс-әрекетінің тізбегі.

Критерийлік бағалау жүйесі - қандай да бір оқу материалы қаншалықты мөлшерде меңгерілгендігін анықтайтын, іс жүзіндегі дағдылар қалыптасатын, оқу курсына бекітілген белгілі бір талаптардың ең аз көлемін меңгеру деңгейін салыстыру мүмкіндігі анықтайтын жүйе.

Өзін-өзі бағалау – бұл өзінің мықты және әлсіз жақтары, мүмкіншіліктер мен мәселелері жайлы ақпараттарды талдап жинауға бағытталған процесс.

Портфолио (portfolio – ағылшын сөзі.) – портфель сөзі – маңызды

Рефлексия – оқу процесінде оқушылардың мүмкіндігінше аналитикалық ойлау және негізгі білімдер мен дағдыларды өзінің түсінуін барлауда қажетті дәлел.

Рубрикатор – оқушының өткен тақырып бойынша алған білімін бағалау критерийлерінің тізбесі. Ол қандай да бір тақырыпты меңгеру мақсатымен анықталады және берілген рубриканы ашатын критерийлермен толықтырылады.

сөздігінде» портфолио визиттік карточка есебінде қолданылады, яғни, адам

Суммативті (қорытынды) бағалау - белгілі бір уақыт аралығында тақырыпты, тарауды оқып болғаннан кейін оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысының, құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған.

Талдау (ежелгі грек тілінен «жіктелу») – танысу процесінде нақты бөліктің санамен орындалатын немесе адамның пәндік-тәжірибелік қызметінде құрама бөліктерге (заттар, қасиеттер немесе заттардың арасындағы қатынастар) жіктелуі.

туралы ақпарат, ұйымның белгілі құжаттарының жинағы, жұмыс үлгілері деп түсіндіреді.

Формативті (қалыптастырушы) бағалау – оқушының білім алуын үнемі бақылап отыратын мақсатқа бағытталған үзіліссіз процесс.

Формативті (қалыптастырушы) бағалаудың мақсаты - оқу процесі арысында оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетіне түзетулер енгізу болып табылады.

Ынталандыру – дегеніміз бұл адамның іс-әрекетінің қажеттіліктерін анықтайтын, оның бастамасын, бағытын және белсенділігін құптайтын факторлар жүйесі.

Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау – сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады.

Ішкі жиынтық бағалау – оқу ақпараты блогын оқып болғаннан кейін білім және оқу дағдысының қалыптасу деңгейін анықтау.

Сыртқы жиынтық бағалау – оқу дағдысы мен білімін қалыптастыру деңгейін анықтайды, оқытудың есеп беру кезеңінің қорытынды бағасын анықтауға негіз болып табылады.

Жиынтық жұмыс – оқудың белгілі бір кезеңінде пән бойынша білім алушылардың оқу жетістігі деңгейін анықтауға арналған білім алушылар жұмысы. Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру.

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі.

Жиынтық жұмыс – белгілі бір оқу кезеңінде пән бойынша оқу жетістігі деңгейін анықтауға негізделген білім алушының жұмысы.

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі. Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі.

Модерация – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс.

Ойлау дағдыларының деңгейлері – әрбір деңгейі ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі.

Оқу бағдарламасының ортақ тақырыбы – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент.

Оқу мақсаттары – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым.

Оқытудың күтілетін нәтижелері – білім алушының оқу үдерісі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын айқындайтын құзыреттіліктер жиынтығы.

Рефлексия – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі.

Рубрика – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар.

Түрлі деңгейдегі тапсырмалар – білім алушының қабілетін есепке ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

Оқу бағдарламасының ортақ тақырыбы – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар.

«БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» ПӘНІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҒЫ

1- тақырып: Критериалды бағалаудың ерекшеліктері.

Сабақтың мақсаты: Критериалды бағалаудың ерекшеліктерін меңгеру.

Негізгі сұрақтар:

- 1.Критериалды бағалаудың негізгі мақсаттары.
- 2.Критериалды бағалауды қолданудың тиімділігі.
- 3.Бағалау жолдарының әдістемесі.

Тапсырма: Оқыту мен оқу әдіс-тәсілдеріне үлестірмелі материал дайындау.

Әдістемелік нұсқау: Критериалды бағалаудың ерекшеліктерін қосымша материалдар арқылы қарастыру.

Есеп беру түрі: жазбаша

2- тақырып: Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың мақсаты мен принциптері

Сабақтың мақсаты: Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың мақсаты мен принциптерін меңгеру

Негізгі сұрақтар:

- 1.Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың мақсаты мен принциптерін білу.
2. Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың негізгі функцияларын меңгерту.
3. Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың міндеттерімен танысу.

Тапсырма: Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың негізгі функцияларын талдап жазу.

Әдістемелік нұсқау: Қалыптастырушы бағалау негізгі бес стратегиясын саралау туралы әдіскерлер еңбектерінен мысалдар келтіру.

Есеп беру түрі: жазбаша

3- тақырып: Жиынтық (суммативті) бағалау

Сабақтың мақсаты: Жиынтық (суммативті) бағалау туралы түсінік.

Негізгі сұрақтар:

- 1.Жиынтық (суммативті) бағалаудың негізгі мақсаттары.
- 2.Тоқсандық жиынтық (суммативті) бағалау жұмысы.

Тапсырма: Жиынтық (суммативті) бағалаудың әдістемесіне тоқтал.

Әдістемелік нұсқау: Тоқсандық жиынтық (суммативті) бағалау жұмысы туралы ғалымдар көзқарастарын салыстыра отырып, өзіндік ой-тұжырымын жасау.

Есеп беру түрі: жазбаша

4- тақырып: Бағалау критерийлері.

Сабақтың мақсаты: Критериалды бағалаудың қағидаттарымен танысу.

Негізгі сұрақтар:

- 1.Бағалау критерийлерінің мақсаты мен мазмұны.
2. Бағалау критерийлерінің түрлері.
- 3.Бағалау критерийлеріне қойылатын талаптар.

Тапсырма: Топпен бірге жұмыс кезінде оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау жұмыстарын жүргізудің әдістемесі.

Әдістемелік нұсқау: Өзін-өзі бағалаудың тапсырмалар жүйесін қарастыру.

Есеп беру түрі: жазбаша

5- тақырып: Бағаланатын дағдылардың сипаттамасы.

Сабақтың мақсаты: Бағаланатын дағдылардың сипаттамасы туралы түсінік.

Негізгі сұрақтар:

1. Бағаланатын дағдылардың маңызы.
2. Бағаланатын дағдыларға қойылатын талаптар.

Тапсырма: Оқыту мен бағалаудың өзара байланысына мысалдар жазу.

Әдістемелік нұсқау: Критериалды бағалаудың қағидаттарын конспектілеу

Есеп беру түрі: жазбаша

6- тақырып:Тиімді бағалаудың принциптері.

Сабақтың мақсаты:Тиімді бағалаудың негізгі принциптерімен танысу.

Негізгі сұрақтар: 1.Тиімді бағалауда жүргізілетін жұмыстар.

2.Тиімді бағалауға қойылатын талаптар.

Тапсырма: Бағаланатын дағдылардың сипаттамасына тоқталып, мысалдармен дәлелде.

Әдістемелік нұсқау: Кері байланыстың тиімділігін тексеру сұрақтарын жаса.

Есеп беру түрі: жазбаша

7- тақырып:Топтық жұмыстағы қалыптастырушы бағалауы.

Сабақтың мақсаты: Топтық жұмыстағы қалыптастырушы бағалаудың маңызы.

Негізгі сұрақтар:

- 1.Топтық жұмыстағы қалыптастырушы бағалаудағы әдіс-тәсілдер.
- 2.Топтық жұмыстағы қалыптастырушы бағалаудағы мұғалімнің ролі.

Тапсырма: Критериалды бағалаудың құрылымын сызба арқылы көрсет.

Әдістемелік нұсқау: Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағына шолу.

Есеп беру түрі: жазбаша

8- тақырып: Оқушы портфолиосы

Сабақтың мақсаты:«Портфолио» әдісі және оның шығу тарихы.

Негізгі сұрақтар:

1. Портфолионың негігі қызметтері.
- 2.Портфолионың құрылымы.

Тапсырма: Кері байланысты ұйымдастыруда мұғалімнің әрекеті.

Әдістемелік нұсқау: ҚБ мен ІЖБ нәтижелері, тіркеу журналы туралы әдістемелік нұсқаумен танысу.

Есеп беру түрі: жазбаша

9- тақырып: Оқушылардың оқу жетістіктері туралы есеп.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама (PISA) және ЭЫДҰ. «Мәліметтерді» жинау.

Негізгі сұрақтар:

1. PISA-2009 бағдарламасының маңыздылығы.

2. Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық салыстырмалы зерттеулер (TIMSS-2008 және PISA-2009)

Тапсырма: PISA жобасына шолу.

Әдістемелік нұсқау: Экономикалық Үлгілік және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ) 2010 жылғы желтоқсанда 15 жасар оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасымен танысу.

Есеп беру түрі: жазбаша

10- тақырып: Қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалаудың модерациясы

Сабақтың мақсаты: Қалыптасырушы бағалау (формативті бағалау немесе оқыту үшін бағалау).

Негізгі сұрақтар:

1. Оқыту үшін бағалау кезінде қолданылатын қадағалау, интерпретация және өлшемдер.

2. Оқушылардың өзіндік оқуға белсене қатысуы.

Тапсырма: Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастырудың жолдарын қарастыр мысал келтір.

Әдістемелік нұсқау: Ішкі жиынтық бағалаудың модерациясының жүргізілу тәртібін көрсету.

Есеп беру түрі: жазбаша

11- тақырып: Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау, оқыту және ол бойынша рефлексия жүргізу

Сабақтың мақсаты: Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлаудың мақсаты.

Негізгі сұрақтар:

1. Мұғалімдерге тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлаудың қажеттілігі.

2. Тізбектелген сабақтар мерзімін жоспарлау (қысқа, орта, ұзақ)

Тапсырма: Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін оқу әрекеттерін ұйымдастыруға мысал келтір.

Әдістемелік нұсқау: Сыни тұрғысынан ойлау, ақпараттық-коммуникациялық технология, оқыту және оқудағы жаңа тәсілдер, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалаудың нұсқаулығын басшылыққа алу.

Есеп беру түрі: жазбаша

12- тақырып: Білім алушылардың өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі

Сабақтың мақсаты: Білім алушылардың өз білімін арттырудағы жұмысы.

Негізгі сұрақтар:

1.Түсінушілік, қызығушылық және ықыласпен әрекет етуге қажеттілігі.

2.Тұжырымның оқыту мен оқу тәжірибесі үшін маңызы, өзектілігі.

Тапсырма: Бақылау парағының үлгісіне үлестірмелі қағаздар жаса.

Әдістемелік нұсқау: Бағаланатын дағдылардың сипаттамасын қарастыру.

Есеп беру түрі: жазбаша.

13- тақырып:Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету

Сабақтың мақсаты:Оқушылардың тиімді кері байланысты қамтамасыз ету.

Негізгі сұрақтар:

1.Кері байланыс арқылы жұмыс.

2.Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды түрлендіру.

Тапсырма:Кері байланыстың тиімділігін тексеру сұрақтарын жаса.

Әдістемелік нұсқау: Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау әдістемесін қара.

Есеп беру түрі: жазбаша

14- тақырып: Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама (PISA) ЭЫДҰ.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама (PISA) және ЭЫДҰ. «Мәліметтерді» жинау.

Негізгі сұрақтар:

1.PISA-2009 бағдарламасының маңыздылығы.

2.Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық салыстырмалы зерттеулер (TIMSS-2008 және PISA-2009)

Тапсырма: PISA жобасына шолу.

Әдістемелік нұсқау: Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ) 2010 жылғы желтоқсанда 15 жасар оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасымен танысу.

Есеп беру түрі: жазбаша.

15- тақырып: Пікірлер парағы.

Сабақтың мақсаты: Бағалаудың негізгі сипаттамасы.

Негізгі сұрақтар:

1. Сабақ беру жолдары, үлгілер, оқытуға ықпал ету.

2.Оқытуды бағалау стратегиялары.

Тапсырма: Пәндік тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын бағалау критерийлеріне сәйкес құрастыр.

Әдістемелік нұсқау: Пән бойынша жиынтық бағалаудың барлық түрлері бойынша бақылау тапсырмаларын, әдістерін, кезеңдерін көрсетіп, оқу жылына жиынтық бағалаудың жоспарын қарастыр.

Есеп беру түрі: жазбаша

**БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» ПӘНІНІҢ ОҚЫТУШЫ
БАСШЫЛЫҒЫМЕН СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУҒА
АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҒЫ**

1- тақырып: Критериалды бағалау технологиясы пәнінің мақсаты мен міндеттері

Сабақтың мақсаты: Критериалды бағалау технологиясы пәнінің мақсаты мен міндеттері туралы білу.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Критериалды бағалаудың қағидаттары.
2. Топтық бағалау арқылы критерий жасау.
3. Бағалау парақшасын сабақта қолдануға бейімделу.

Тапсырма: Зерттеудің алты қадамының сызбасын жасау.

Есеп беру түрі: Конспект

Әдістемелік нұсқау: Студенттерге дәрісте қарастырылған тақырыптарға қоса қосымша әдебиеттерді пайдалану. Конспектіте жұмыстың авторының аты-жөні толық жазылады, жұмыс атауы, шыққан баспасы, жылы көрсетілуі қажет, конспект жасалған беттерін көрсетуі, нақты, таза жазылуы тиіс. Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.- Астана. Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

2- тақырып: Баға беру- бағалаудың нәтижесі, яғни сапалы кері байланыс

Сабақтың мақсаты: Баға беру- бағалаудың нәтижесі, яғни сапалы кері байланыс туралы түсінік.

Қарастырылатын сұрақтар: 1. Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау модулі.

2. Бағалаудың дидактикалық ұстанымдары.
3. Бағалаудың ғылымилық, когнитивтік, коммуникативтік, саналылық ұстанымдарымен байланысы.

Тапсырма: Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау модуліне тапсырмалар дайындау.

Есеп беру түрі:Сабақ жоспары

Әдістемелік нұсқау:ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.- Астана. Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

3- тақырып:Фонетикалық білім деңгейін критериалды бағалау

Сабақтың мақсаты:Білім деңгейін критериалды бағалаудың мақсаты.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы.

2) Фонетикалық тапсырмаларды орындауда критериалды бағалау жұмыстары.

3). Фонетикалық білім деңгейін критериалды бағалауда ҚМЖ.

Тапсырма: ҚМЖ сабақ жоспары

Есеп беру түрі: жазбаша

Әдістемелік нұсқау: Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.- Астана. Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

4- тақырып:Морфологиялық білім деңгейін критериалды бағалау

Сабақтың мақсаты: Білім деңгейін критериалды бағалауда жүргізілетін жұмыстар.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Морфологиялық білім деңгейін критериалды бағалауды меңгеру.

2) Морфологиялық тапсырмаларды орындауда критериалды бағалау жұмыстары.

3) Морфологиялық білім деңгейін критериалды бағалауда ҚМЖ.

Тапсырма:ОМЖ сабақ жоспарын жасау.

Есеп беру түрі:жазбаша.

Әдістемелік нұсқау:Alexander R., (2001). Culture and pedagogy. [Мәдениет пен педагогика] Willey-Blackwell жұмыс барысында қолдану.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

5- тақырып: Сөз тіркесі синтаксисін оқыту және оқушылар білімін критериалды бағалау

Сабақтың мақсаты: Сөз тіркесі синтаксисін оқыту және оқушылар білімін критериалды бағалау жолдарын қарастыру

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Морфологиялық білім деңгейін критериалды бағалауды меңгеру.

2) Морфологиялық тапсырмаларды орындауда критериалды бағалау жұмыстары.

3) Морфологиялық білім деңгейін критериалды бағалауда ҚМЖ.

Тапсырма: Оқылым жаттығуын дайындау.

Есеп беру түрі: жазбаша.

Әдістемелік нұсқау: Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 жылғы еңбегін басшылыққа алуды ұсынамын.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

6- тақырып: Сөзжасамды оқыту және оқушылар білімін критериалды бағалау

Сабақтың мақсаты: Сөзжасамды оқытуда критериалды бағалауда жүргізілетін жұмыстар.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Сөзжасамды оқыту және оқушылар білімін критериалды бағалауды меңгеру.

2) Меңгеру деңгейі. Сөзжасамды оқытуда критериалды бағалау жұмыстары.

3) таныстыру деңгейі. Сөзжасамды оқытуда білім деңгейін критериалды бағалауда ҚМЖ

Тапсырма: Пазл әдісін қолданған сабақ жоспарын дайындау.

Есеп беру түрі: жазбаша

Әдістемелік нұсқау: Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.-256 с. Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

7- тақырып: Жай сөйлем синтаксисін критериалды оқыту

Сабақтың мақсаты: Жай сөйлем синтаксисін оқытуда критериалды бағалауда жүргізілетін жұмыстар.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Жай сөйлем синтаксисін критериалды оқытуды меңгеру.

2) Жай сөйлем синтаксисін оқытуда критериалды бағалау жұмыстары.

3) Жай сөйлем синтаксисін оқытуда білім деңгейін критериалды бағалауда ҚМЖ.

Тапсырма: Ресми дебат өткізу ережесіне сабақ жоспары

Есеп беру түрі: жазбаша

Әдістемелік нұсқау: Стилл Дж., Мередит К. т.б. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары. - Алматы, 1988.Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

8- тақырып: Құрмалас сөйлемді оқыту және критериалды бағалау

Сабақтың мақсаты: Құрмалас сөйлемді оқытуда критериалды бағалауда жүргізілетін жұмыстар.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Құрмалас сөйлемді оқыту және критериалды бағалауды меңгеру.

2.Құрмалас сөйлемді оқытуда критериалды бағалау жұмыстары.

3.Құрмалас сөйлемді оқытуда білім деңгейін критериалды бағалауда ҚМЖ.

Тапсырма: БББ Айтылым дағдыларына карточка дайындау.

Есеп беру түрі: жазбаша

Әдістемелік нұсқау: Мирсеитова С.С. Становление и развитие философии учителя: гуманистическая парадигма.- Алматы: Верена 2008

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

9- тақырып: Дидактикалық әдістер мен критериалды бағалау сабақтастығы

Сабақтың мақсаты: Дидактикалық әдістер мен критериалды бағалау сабақтастығы туралы түсінік.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Дидактикалық әдістер мен критериалды бағалау сабақтастығы туралы түсінік.

2.Оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін меңгертуде критериалды бағалау.

Тапсырма: Сабақты жоспарлауда басшылыққа алынатын қағидаттарды айту

Есеп беру түрі: ауызша.

Әдістемелік нұсқау: Аманашвили Ш.А. Обучение. Оценка. Отметка. [Оқу. Бағалау. Баға].- М: 1980.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

10- тақырып: «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі қазақ тілі сабақтарында

Сабақтың мақсаты: «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі туралы түсінік.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.«Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі туралы түсінік.

2. «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулін сабақта қолдану.

3. «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулін сабақта қолдану жолдары

Тапсырма:Тиімді оқыту мен оқу тәсіліне үлестірмелі материал әзірлеу

Есеп беру түрі: ауызша

Әдістемелік нұсқау: Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе: Учебное пособиею- Пермь, 2010.Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

11- тақырып: Болашақ мамандарға оқыту үшін бағалауда Инсерт стратегиясы

Сабақтың мақсаты: Оқушыны бағалауда Инсерт стратегиясын қолдану.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Инсерт стратегиясы туралы түсінік.

2. Оқушыны бағалауда Инсерт стратегиясын қолдану.

3.Инсерт стратегиясын қолданудың тиімді әдістерімен танысу.

Тапсырма: Инсерт стратегиясын қолданылған сабақ жоспары.

Есеп беру түрі: жазбаша.

Әдістемелік нұсқау: Загашев И.О., Заир-Бек С.и. Критическое мышление: технология развития. [Сын тұрғысынан ойлау: даму технологиясы]. - СПб: Альянс- Дельта, 2003.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

12- тақырып: Болашақ қазақ тілі мамандарына формативті, суммативті (жиынтық) критериалды, дескрипторлы (сөзбен баяндау) бағалау түрлері туралы ақпарат.

Сабақтың мақсаты: Бағалау әдістемесі. Формативті, суммативті (жиынтық) критериалды, дескрипторлы (сөзбен баяндау) бағалау түрлерін қолдану.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Бағалаудың негізгі мақсаттары туралы түсінік.

2. Бағалау әдістемесі. Формативті, суммативті (жиынтық) критериалды, дескрипторлы (сөзбен баяндау) бағалау түрлерін қолдану.

3.Қалыптастырушы (формативті) және жиынтық (суммативті) бағалау арасындағы айырмашылық.

Тапсырма: Сабақ жоспарының шаблонын жасау.

Есеп беру түрі: сабақ жоспары

Әдістемелік нұсқау: Загашев И.О., Заир-Бек С.и, Муштавинская и В. Учм детей мыслить критически. [Балаларды сын тұрғысынан ойлауға үйретейік]. 2-басылым- СПб: «Альянс «Дельта және «Речь», 2003. Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

13- тақырып: Оқу бағдарламасы

Сабақтың мақсаты: Оқу бағдарламасының мазмұнымен танысу.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Оқу бағдарламасының мазмұны.

2.Оқу бағдарламасының мазмұны мен оның қалай оқылатындығына ықпал ететін фактор.

3.Пәндік мазмұн. Жұмыс сызбасы. Тізбектелген сабақтар. Жеке сабақтар жоспарымен танысу.

Тапсырма: Оқу бағдарламасы құрылымына сызба.

Есеп беру түрі: жазбаша

Әдістемелік нұсқау:«Әлемдік педагогикадағы инновация: зерттеу, ойындар, пікірталастар негізінде оқыту». Шетелдік тәжірибені таңдау. – Рига: НПС «Эксперимент», 1995,- 176 бет.Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

14- тақырып: Оқу жоспары.

Сабақтың мақсаты: Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау арасындағы өзара байланысты меңгеру жолдары.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Оқу жоспарының түрлері.

2.Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау арасындағы өзара байланыс.

3.Қысқа мерзімді сабақ жоспарының құрылымы. Ұзақ мерзімді сабақ жоспарының құрылымы.

Тапсырма: Оқу жоспарының құрылымына сызба жасау.

Есеп беру түрі: жазбаша

Әдістемелік нұсқау: Қара жәшіктің іші: сыныпты бағалау арқылы стандартты арттыру. Black P., & Wiliam D. (1998.).

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

15- тақырып: Топтық жұмыстағы қалыптастырушы бағалау

Сабақтың мақсаты:Топтық жұмыстағы қалыптастырушы бағалаудың мақсаты.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Топтық жұмыстағы қалыптастырушы бағалаудың мақсаты.

2.Топтық жұмыстағы білім алушылардың өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі.

3.Қалыптастырушы бағалаудың әдістемесі.

Тапсырма:Тыңдалым жаттығуларын әзірлеу

Есеп беру түрі:жазбаша

Әдістемелік нұсқау: Оқыту үшін бағалау: бұл не және зерттеулер бұл туралы не айтады. James M. (2002).Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

16- тақырып: Ішкі жиынтық бағалауды өткізу. Жылдық баға. Қорытынды баға.

Сабақтың мақсаты: Ішкі жиынтық бағалауды өткізу мақсаты.

Қарастырылатын сұрақтар:

1.Ішкі жиынтық бағалауды өткізу мақсаты.

2.Ішкі жиынтық бағалаудың мәні.

3.Ішкі жиынтық бағалаудың сипаттамалары.

Тапсырма: ЭСӘТ талдауы

Есеп беру түрі:жазбаша

Әдістемелік нұсқау: Балаларды сын тұрғысынан ойлауға үйретейік. 2-басылым- СПб: «Альянс «Дельта және «Речь», 2003.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

17- тақырып: Нәтижелерді тіркеу журналы. Тоқсандық бағалар.

Сабақтың мақсаты: Нәтижелерді тіркеу журналының мақсаты.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Нәтижелерді тіркеу журналының мақсаты.

2.Нәтижелерді тіркеу журналын толтыру тәртібі.

3.Нәтижелерді тіркеу журналының әдістемесі.

Тапсырма: Күнделікті өзін-өзі бағамдау нысанының сызбасын жасау.

Есеп беру түрі: жазбаша.

Әдістемелік нұсқау: Әлемдік педагогикадағы инновация: зерттеу, ойындар, пікірталастар негізінде оқыту. Шетелдік тәжірибені таңдау. – Рига: НПЦ «Эксперимент», 1995. Нұсқаулықтармен танысу, басшылыққа алу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: апта, жоғарғы ұпай- 3

«БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» ПӘНІНІҢ СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҒЫ

1- тақырып : Блум таксономиясы және бағалау

Мақсаты: Блум таксономиясы және бағалау туралы түсінік қалыптастыру.

Қарастырылатын сұрақтар: 1. Блум таксономиясы және бағалау туралы.

2. Блум танымдық саласының алты деңгейі: білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, бағалау.

3. Бағалау деңгейінде жүргізілетін жұмыстар.

Тапсырма: Тілдік дағдыларын (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту жұмыстарына жоспар жасау.

Есеп беру түрі: конспект

Әдістемелік нұсқау: Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.- Астана. Конспектіде жұмыстың авторының аты-жөні толық жазылады, жұмыс атауы, шыққан баспасы, жылы көрсетілуі қажет, конспект жасалған беттерін көрсетуі, нақты, таза жазылуы тиіс.

СӨЖ тапсырмаларының орындалу және өткізілу кестесі 1-апта, жоғарғы ұпай- 3

2- тақырып: Критериалды бағалау және қазақ тілінен берілетін білімді сапаландыру

Мақсаты: Қазақ тілі пәні бойынша критериалды бағалаудың дағдыларын меңгеру.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазақ тілі пәні бойынша критериалды бағалаудың дағдылары.
2. Салыстыру, топтық бағалау арқылы критерий жасауды үйрену.
3. Критериалды бағалау арқылы қазақ тілінен берілетін білімді сапаландыру жолдары.

Тапсырма: Берілген тірек сөздер арқылы тақырыпқа болжам жасаңыз. Жасаған болжамыңыздың себебін түсіндіріңіз.

Қонаққа бару, ерекше қасиет, сыйластық, құрмет, достық ықылас, сыйлық, дастарқан басында, өнеге, ортақ әңгіме, қонақ шақыру, дастарқан мәзірі, үй иесінің жайдары қабағы, рұқсат сұрау, қоштасу.

Дескриптор

Білім алушы

- тірек сөздердің мағынасын дұрыс қолданады;
- түсінігіне сай болжам жасайды.

Есеп беру түрі: конспект

Әдістемелік нұсқау: Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағын басшылыққа алуды ұсынамын.

СӨЖ тапсырмаларының орындалу және өткізілу кестесі - апта, жоғарғы ұпай- 3

3- тақырып: Оқушылардың лингвистикалық құзіреттілігін жетілдіруде критериалды бағалаудың маңызы.

Мақсаты: Критериалды бағалауда оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Қарастырылатын сұрақтар: 1. Критериалды бағалауда оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

2. Критериалды бағалауда бағалау парақшасын жасап, сабақта қолдануға бейімдеу.

3. Оқушылардың лингвистикалық құзіреттілігін жетілдіруде критериалды бағалаудың маңызы

Тапсырма: «Қазақстандағы климаттық аймақтар» деген тақырыпта кластер түзіндер. Ойларыңды нақты деректермен дәлелдендер.

Есеп беру түрі: конспект

Әдістемелік нұсқау: ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.- Астана.

СӨЖ тапсырмаларының орындалу және өткізілу кестесі - апта, жоғарғы ұпай- 3

4- тақырып : Білімді бағалауда критерийлерді нақты қоя білудің жолдары

Мақсаты: Критериалды бағалау сабақтың барлық кезеңінде іске асырылған процесс екендігі.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Критериалды бағалау сабақтың барлық кезеңінде іске асырылған процесс екендігі.

2.Критериалды бағалауда интерактивті оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық түрлерінің тиімділігі.

3.Күтілетін нәтижеге жетуде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау.

Тапсырма: Критериалды бағалауда интерактивті оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық түрлерін көрсету.

Есеп беру түрі: конспект

Әдістемелік нұсқау:Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.- Астана.

СӨЖ тапсырмаларының орындалу және өткізілу кестесі -апта, жоғарғы ұпай- 3

5- тақырып :Қазақ тілін оқытудағы формативті бағалау

Мақсаты: Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың пайда болуы.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың пайда болуы.

2. Формативті бағалау және оқушы реттейтін оқу.

3. Қалыптастырушы (формативті) бағалаудың бес «негізгі стратегиясы».

Тапсырма: Жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика дайындау.

Есеп беру түрі: конспект

Әдістемелік нұсқау: Жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика дайындауда «Үш қадамды сұхбат» тәсілін қолданыңыз.

СӨЖ тапсырмаларының орындалу және өткізілу кестесі -апта, жоғарғы ұпай- 3

6- тақырып: Оқушылардың өзін-өзі және өзгені бағалауда ұстанатын принциптері.

Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі және өзгені бағалауда ұстанатын принциптерінің әдістемесі.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Оқушылардың өзін-өзі және өзгені бағалауда ұстанатын принциптері.

2.Бағалауда оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен қызығушылығы.

3.Өзара бағалау арқылы бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырма: «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. *«Менің ойымша....».*

Екінші сөйлем. *«Себебі, мен оны деп түсіндіремін».*

Үшінші сөйлем. *«Оны мен деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».*

Соңғы сөйлем. *«Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».*

Есеп беру түрі: конспект

Әдістемелік нұсқау: Лексикалық және грамматикалық формалардың дұрыс қолданылуына ерекше назар аудара отырып, жеке оқушылардың тапсырманы жетістік критерийлеріне сай орындай алды ма, жоқ па соны анықтау мақсатында өз жазбаларында белгілеп отыруы тиіс.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

7- тақырып: Лингвистикалық талдау және оны критериалды бағалау

Мақсаты: Лингвистикалық талдау және оны критериалды бағалаудың жолдарын қарастыру.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Лингвистикалық талдау және оны критериалды бағалау.

2. Лингвистикалық талдауда тапсырманың анықтығы мен айқындылығы.

3.Лингвистикалық талдауда өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Тапсырма: Мәтінді мұқият оқып, мәтін бойынша құрылымын сақтай отырып, жоспар құрыңыз.

Қонаққа бару мәдениеті. Қонақжайлылық - қазақ халқының бет-бейнесін ашар ерекше қасиеттерінің бірі. Бұл қасиет адамдар арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрметті арттыра түседі. Адамды тіліне, дініне, ұлтына қарамастан алаламай ас-дәм беру - қонақжайлылықтың белгісі.

«Шақырған жерден қалма» деген ұстанымды ұран еткен жұрт қонаққа барғанда мына кеңестерді естен шығармағаны абзал. Сізді қонаққа шақырды делік, алып баратын сыйлығыңызға қоса үй иесіне арнап, гүл алуды да ұмытпаңыз. Шақырған жерге ерте немесе кешікпей дәл уақытында бару -мәдениеттіліктің белгісі. Өйткені тым ертерек болмаса кешігіп келу үй иелеріне де басқа қонақтарға да ыңғайсыз жағдай тудырады. Әрі мұны сыйламау деп түсінуі мүмкін. Дастарқан басында дұрыс отыра білу де тәрбиені көрсетсе керек. Айтылар әңгіме ортақ болуына да көңіл бөлген жөн. Осындай бас қосуда үлкен кісілер көрген-білгендерін жастарға өнеге ретінде ортаға салады.

Кейде қонақтан ертерек кетуге тура келеді. Ондайда басқалардың көңілі бөлінбес үшін рұқсат сұрап, елеусіз шығып кеткені абзал. Қоштасарда үй иелеріне рақмет айтуды ұмытпаған жөн.

(142 сөз)

Жоспар

Кіріспе бөлім _____

Негізгі бөлім _____

а)

ә)

Қорытынды бөлім _____

Есеп беру түрі: конспект

Әдістемелік нұсқау: «Белгілі бір көзқарасты дәлелдеу үшін негізгі қорытындыларды мәтіннен табады» деген оқу мақсатын бағалайтын болсаңыз, онда оқу мақсатына жету үшін келесі жетістік критерийін пайдаланасыз:

-мәтінге қатысты пікір білдіре алады;

• мәтіннен мысал келтіре отырып көзқарасын дәлелдей алады.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

8- тақырып: Критериалды бағалау және сыни тұрғыдан оқыту мәселелері

Мақсаты: Критериалды бағалау және сыни тұрғыдан оқыту мәселелерін қарастыру және қолдану.

Қарастырылатын сұрақтар: 1.Критериалды бағалау және сыни тұрғыдан оқыту мәселелері.

2.Критериалды бағалауда ағымдағы пікірталастар мен сұрақтар.

3.Сыни тұрғыдан оқытуда оқуға бейімділігі төмен оқушыларды ынталандыру.

Тапсырма: Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтырыңдар. Өзің қалаған үзіндінің мағынасын түсіндіріңдер.

Үзінді

Түсініктеме

Есеп беру түрі: конспект

Әдістемелік нұсқау: Мирсеитова С.С.Становление и развитие философии учителя: гуманистическая парадигма.- Алматы: Верена 2008.- 260 с.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

СӨЖ тапсырмаларының орындалу және өткізілу кестесі

9- тақырып: Ішкі жиынтық бағалауда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Мақсаты: Ішкі жиынтық бағалауда сыни ойлау дағдыларын қалыптастырудың әдістемесін меңгеру.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Ішкі жиынтық бағалауда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру.
2. Жинақталған жиынтық мәліметтердің ықпалы.
3. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалауда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру

Тапсырма: Топтық кері байланыс жұмысын ұйымдастыру

Есеп беру түрі: реферат жазу.

Әдістемелік нұсқау: ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.- Астана.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

10- тақырып: Шығармашылық дағдыларды бағалау

Мақсаты: Шығармашылық дағдыларды бағалаудың жолдары.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Шығармашылық дағдыларды бағалау жолдары.
2. Шығармашылық дағдыларды бағалауда тест жұмыстары.
3. Шығармашылық дағдыларды бағалауда жазбаша тапсырма.

Тапсырма: «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, өлеңдердің мазмұны бойынша пікірлерінді жазындар

1. **Өзіндік пікір (идея)** – бір сөйлем.
2. **Дәлел** – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. **Өз пікірін айғақтайтын мысал** – екі сөйлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір** – бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал** – екі сөйлемнен тұру керек.
6. **Қорытынды** – екі сөйлемнен тұрады.

Есеп беру түрі: картотека жасау

Әдістемелік нұсқау: Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе: Учебное пособиею- Пермь, 2010.- 84 с.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

11- тақырып. Білімді бағалаудағы рефлексияның мәні

Мақсаты: Білімді бағалаудағы рефлексияның мәні туралы түсінік беру.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Білімді бағалаудағы рефлексияның мәні.

2. Білімді бағалауда жүргізілетін әдістер.

3. Инсерт әдісі арқылы бағалау.

Тапсырма: Тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стилдегі мәтіндерді дайындау.

Есеп беру түрі: реферат

Әдістемелік нұсқау: Загашев И.О., Заир-Бек С.и. Критическое мышление: технология развития. [Сын тұрғысынан ойлау: даму технологиясы]. - СПб: альянс- Дельта, 2003.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

12- тақырып. «Бағалау не үшін қажет?» тақырыбында ойбөліс

Мақсаты: Ойбөліс жасаудың шарттары.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Ойбөліс жасаудың шарттары.

2. Ойбөлісте сөздің мазмұндылығы, дәлдігі, ойды айқындылығы, тіл тазалығы, мәнерлігі, логикалылығы, қисындылығы туралы ғылыми түсінік беру.

3. Ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасаудың түрлі формаларын кәсіби деңгейде қолдана білу.

Тапсырма: «Менің бос уақытым» тақырыбында сингормонизм заңдылығын ескере отырып, мәтін құраңыз.

Есеп беру түрі: реферат.

Әдістемелік нұсқау: Оқу жоспарынан бағалау үшін қолдануға болатын ұқсас оқу тапсырмаларын қарастыру керек. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская и В. Учим детей мыслить критически. [Балаларды сын тұрғысынан ойлауға үйретейік].

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

13- тақырып. Дәстүрлі бағалау мен бағалаудың жаңа түрлерінің айырмашылығы

Мақсаты: Дәстүрлі бағалау мен бағалаудың жаңа түрлерінің айырмашылығын меңгеру.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Дәстүрлі бағалау мен бағалаудың жаңа түрлерінің айырмашылығы.

2. Дәстүрлі бағалаудың ерекшелігі.

3. Дәстүрлі бағалауда жүргізілетін жұмыстар.

Тапсырма: «Бағалау не үшін қажет?» эссе жазу

Есеп беру түрі: эссе жазу

Әдістемелік нұсқау: Эссе жазар алдында оқушыларға қажетті ақпараттарды жазып алу, жобаның жоспарын құру, ойларын жұптық және топтық жұмыста талқылау тапсырылады.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: 1-апта, жоғарғы ұпай- 3

14- тақырып. Қалыптастырушы бағалаудың шарттары

Мақсаты: Қалыптастырушы бағалаудың шарттарының әдістемесі

Қарастырылатын сұрақтар:

1.Қалыптастырушы бағалаудың шарттары.

2. Қалыптастырушы бағалауды зерттеуші ғалымдар еңбектері.

3.Өзін-өзі бағалаудың мақсаты.

Тапсырма: Жұпта ым-ишараны пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, «Бағытталған оқу» және «Бағытталған жазу»)

Есеп беру түрі: реферат

Әдістемелік нұсқау: Қара жәшіктің іші: сыныпты бағалау арқылы стандартты арттыру. Black P., & Wiliam D. (1998b).

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

15- тақырып. Бағалаудағы тестілеу тәсілі және тестің түрлері

Мақсаты: Бағалаудағы тестілеу тәсілі және тестің түрлерін жасауды меңгеру

Қарастырылатын сұрақтар:

1.Бағалаудағы тестілеу тәсілі туралы түсінік.

2.Жоғары деңгейлі тестілер.

3.Сұрақтарға берген жауаптардың бақылануы.

Тапсырма:Тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материалдар бойынша өзін қызықтыратын тақырыпқа эмоциясын көрсетіп әсерлі мәтін жазу.

Есеп беру түрі:конспект.

Әдістемелік нұсқау: Өзін қызықтыратын тақырып бойынша негізгі мәселелерді анықтай алуын және осы мәселелерге көзқарасын білдіру үшін өз эмоцияларын көрсете отырып, әсерлі мәтін жазу қабілетін бағалайды. Оқушылар тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материалдарды пайдалана отырып, өз сөздерімен тақырыптың негізгі мәселелерін қозғайтын мәтінді жоспарлап, жаза алуды қадағалау ұсынлады.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

16- тақырып. Оқушының өзін-өзі бағалау тәсілі

Мақсаты: Оқушының өзін-өзі бағалау тәсілі.

Қарастырылатын сұрақтар:

1.Оқушының өзін-өзі бағалау тәсілі.

2. Өзін-өзі бағалау тәсілі арқылы оқушылардың өз оқуын жетілдіру.

3.Өзара бағалау арқылы жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырма: «Менің әлеуметтік желідегі достарым» тақырыбында эссе жазыңдар.

Есеп беру түрі: эссе

Әдістемелік нұсқау: Қалыптастырушы бағалау үшін іріктелген оқу мақсаттарына арналған жетістік критерийлері берілген. Жетістік критерийлері арқылы мұғалім оқушының берілген оқу мақсатына жеткенін анықтау барысында «жетті» немесе белгілі бір оқу мақсатына жетуге

«талпынады» деген шешім қабылдайды. Қалыптастырушы бағалау кезінде әр пән бойынша оқу жоспарында ұсынылған тапсырмаларды оқу мақсаттарымен сәйкестендіру керек.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

17- тақырып. Интервью, рубрика арқылы бағалау

Мақсаты: Интервью, рубрика арқылы бағалаудың әдістемесі.

Қарастырылатын сұрақтар:

1.Интервью, рубрика арқылы бағалаудың әдістемесі.

2. Интервью арқылы бағалауда жүргізілетін жұмыстар жүйесі.

3.Рубрика арқылы бағалауда жүргізілетін жұмыстар жүйесі.

Тапсырма: Жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестерінен сөздік құрастыру.

Есеп беру түрі: конспект

Әдістемелік нұсқау: Рубрика – өтілген тақырып бойынша оқушылар білімін бағалау критерийлері жиынтығы. Ол қандай да бір тақырыпты зерттеу мақсаттарымен анықталады және мазмұндық жағынан сол рубриканы ашатын критерийлермен толықтырылады.

Әлемдік педагогикадағы инновация: зерттеу, ойындар, пікірталастар негізінде оқыту.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

18- тақырып. Оқу мен оқытудағы бағалау әдісі

Мақсаты: Оқу мен оқытудағы бағалау әдісін меңгеру.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Оқу мен оқытудағы бағалау әдісі.

2.Оқу үшін бағалау ұғымдарының дербес тұжырымдамасы.

3.Жиынтық бағалау немесе оқуды бағалау әдісі.

Тапсырма: «Қазақстандағы оркестрдің түрлері» деген тақырыпқа кластер түзіндер.

Есеп беру түрі: реферат

Әдістемелік нұсқау: Оқытудың сапасын арттыру үшін сабақта жаңашыл әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдаланудың түрлерін білу.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

19- тақырып. Сабаққа және оқушының міндеттеріне енгізілген оқытуды бағалау стратегиялары

Мақсаты: Сабақ және оқушы міндеттері.

Қарастырылатын сұрақтар:

1.Сабақ және оқушының міндеттері.

2.Оқытуды бағалау стратегиялары.

3. Оқу мақсаты мен оның нәтижелері.

Тапсырма: Тілдік тақырыптар аясында шағырмашылық тапсырмалар (ребус, пиктограмма, сөзжұмбақ, сәйкестендіру және толықтыру тест тапсырмалары, т.с.с.) құрастыру;

Есеп беру түрі: реферат

Әдістемелік нұсқау: Оқу бағдарламасының мазмұны мәтін түрлері, көркем шығармалар арқылы оқушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен байытуды, оқығаны бойынша пікір білдіруді және оны дәлелдеуді, белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыландыруды, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланыс орнатуды, жоспар құруды, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды жұмысты орындауда қамту. Қара жәшіктің іші: сыныпты бағалау арқылы стандартты арттыру. Black P., & Wiliam D. (1998). Әдістемелік нұсқаулықты қолдану.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

20- тақырып. Сәтті сабақ критерийлерімен таныстыру және оларды талқылау

Мақсаты: Сәтті сабақ критерийлерімен таныстыру.

Қарастырылатын сұрақтар:

1.Сәтті сабақ критерийлерімен таныстыру.

2.Сәтті сабақты жүргізудің әдістемесі.

3.Спираль тәрізді білім беру жүйесі.

Тапсырма: Интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау).

Есеп беру түрі: Слайд көрсетілім.

Әдістемелік нұсқау: «Әлемдік педагогикадағы инновация: зерттеу, ойындар, пікірталастар негізінде оқыту». Шетелдік тәжірибені таңдау. – Рига: НПС «Эксперимент», 1995,- 176 бет.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: -апта, жоғарғы ұпай- 3

21- тақырып. Топтарда баға қою.

Мақсаты: Топтарда баға қою әдістемесі.

Қарастырылатын сұрақтар:

1.Топтарда баға қою әдістемесі.

2. Топтарда баға қоюдың маңызы.

3. Топтарда баға қоюда кері байланыс.

Тапсырма: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруда баға қоюда кері байланысты ұйымдастыруға жұмыс түрі.

Есеп беру түрі:Өз жобасын қорғау.

Әдістемелік нұсқау: Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998. -256 с.

СӨЖ тапсырмаларының орындалу және өткізілу кестесі: -апта, жоғарғы ұпай- 3

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім /ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.

Бағалау тәсілдері критериальды бағалаудың түрлеріне, пен мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады.

Қалыптастырушы бағалауда баға, бал қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі.

Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі.

Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы жк не жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу үдерісін жоспарлау, рефлексия жасау, өзінің оқыту тәжірибесін жетілдіру үшін қолданады.

Қалыптастырушы бағалау үдерісі. Қалыптастырушы бағалау мұғалім мен білім алушылардың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін, оқу жетістігінің дамуына, өсуіне тікелей әсер ететін үдеріс болып табылады. Тиімді оқыту мақсатында білім алушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеуін, ағымдағы түсінік деңгейін қадағалау қажет. Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері:

Оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін анықтау, білім алушыларға ұсыну;

Білім алушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен (коллаборативті) оқытуға арналған орта құру;

Білім алушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы (конструктивті) кері байланысты қамтамасыз ету;

Білім алушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру;

Білім алушыларға өзінің оқуын «құрушылар/жасаушылар» ретінде жағдай жасау болып табылады. Қалыптастырушы бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болуы тиіс, ол қосымша жаттығу немесе тестілеу жұмысы ретінде қарастырылмайды. Оқу бағдарламасындағы бөлімнің әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтай алады, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады. Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі келесі кезеңдерді жүзеге асыруды талап етеді:

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;

Қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;

Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;

Кері байланыс беру;

Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы тиіс.

Мұғалімдерге көмек ретінде қалыптастырушы бағалаудың тапсырмалар жинағы дайындалған, онда оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлері, дескрипторларымен бірге тапсырмалар үлгілері берілген. Мұғалім қалыптастырушы бағалау үдерісінің тиімділігін арттыру үшін жинақта берілген тапсырмаларды қолдануына болады. Одан басқа мұғалімдерге қалыптастырушы бағалаудың құралдарын өз бетінше дайындауға мүмкіндік беріледі.

Ол үшін жоспарлау кезеңінде мұғалімге:

Оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;

Тапсырма құрастыру кезінде саралау «дифференциялау» тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін «екі/қосымша» ойлау дағдыларын деңгейлеріне бөлу;

Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;

Әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру ұсынылады.

Мұғалім оқу мәнмәтінің, өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады. Әр тапсырмаға дескрипторлар анықталады. Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Бұдан басқа дескрипторлар білім алушыға тапсырманы орындауын қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы «конструктивті» кері байланыс беруге жағдай жасайды.

«Қазақ тілі» пәні бойынша тапсырмалар үлгісі

Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру бойынша дағдыларды жетілдіру үшін мұғалім:

Тапсырмаларды қолдана отырып, қалыптастырушы бағалауды қолдану тәсілдерінің санын, сапасын арттыруы;

Кері байланыс берудің тиімді формаларын қолдануы;

Қалыптастырушы бағалауды қолдану үдерісін көрсететін сабақ жоспарын құруы;

Тәжірибені жетілдіру мен рефлексия үшін (білім алушылар жұмысының сапасы; бағалау құралдарының сапасы; білім алушылардың, ұжымның кері байланысы; ата-аналармен әңгімелесу және т.б) сабаққа талдау жүргізу қажет.

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б.

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырма орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады.

Жеке жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Бұл олардың өз оқуын «құрушылар» ретінде жағдай жасауына мүмкіндік береді, алған нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады.

Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет.

Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының жақсы жағына да, нашар тұсына да назар аударып отырған дұрыс.

Жеке жұмыс нәтижелерін талқылауды тікелей білім алушылармен бірге жүргізуді есте сақтау қажет. Сондай-ақ, білім алушылардың өз ойын айтуына мүмкіндік беру маңызды болып табылады. Жұмысты әрі қарай жоспарлау кезінде білім алушылардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескерген дұрыс.

Жұптық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Жұптық жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. Жұптық жұмыста жалпы мұғалім, жұптар бір-бірін және жұп ішінде бірін-бірі бағалауынша болады. Мұндай өзара қарым-қатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейін қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы өзің-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды.

Жұптық жұмыста қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау кезінде білім алушылар тапсырманы орындау, оның нәтижесіне бірдей жауапкершілікпен қарау қажет екенін түсінуі керек. Сондықтан оларды өз әрекетімен келісуге, өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға, сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге үйрету маңызды.

Топтық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау.

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім белгілі бір дағдыны бағалаудың тиімді тәсілі ретінде қолданып, топтық жұмысты ұйымдастыруына болады. Білім алушылар алдын ала бағалау критерийлерімен таныс болуы тиіс. Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды, қадағалайды : кейбір білім алушылар оқу мақсатына жетуді бағалау критерийлеріне сәйкес тез көрсете алуы мүмкін. Мұғалім ол білім алушылардың атын жазып алуы қажет. Ірі қарай мұғалім білім алушыларға қосымша қолдау көрсетуге қажетті сұрақтар қояды, бақылайды, мысалы:

- Бұл туралы сіз не ойлайсыз?
- Сіздің тобыңызда қандай талқылау болғанын айтып бере аласыз ба?
Егер білім алушылар тәжірибелік тапсырмалар орындайтын болса, онда осы тапсырмаға қатысты сұрақтар болуы мүмкін, мысалы:

- сіз қазір не істеп жатырсыз?
- сіз қалай ойлайсыз, әрі қарай не болады?
- осы тапсырмада ерекше бір нәрсе байқадыңыз ба?

Топтық жұмыс кезінде мұғалім барлық топтың және әр жеке білім алушының жұмыстарын бақылауы қажет. Топтарды бақылауды тапсырма орындау кезінде қатысып, бірлесе жүргізуге де болады. Бұл жағдайда білім алушыларға:

- Жаңа идеяны тұжырымдауды;
- Екі (одан да көп) идеяларды салыстыруды;
- Идеяларды бағалауды;
- Топтық талқылау негізінде пікір білдіруді;
- Сұрақтарға жауап беруді ұсынуға болады.

Жоғарыда аталған бөлімдер белгілі оқу мақсатына жетудің дәлелін көрсетеді.

Кері байланыс беру. Кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты ірі қарай жоспарлауға мүмкіндік береді. Кері байланыс беру кезінде мұғалімдерге:

- Білім алушылардың жақсы жақтарын ескеру;
- Тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбау;
- Білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беру;
- Кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, келемеждеуге қатысты, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға қалай ақылың жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбау ұсынылады.

Кері байланыс беру кезінде мұғалімге де, білім алушыға ұсынатын сұрақтарды негізге алған дұрыс. Аталған сұрақтарға толық жауап беру кері байланыстың тиімділігін көрсетеді.

Кері байланыстың тиімділігін тексеру сұрақтары.

Жазбаша кері байланыс беруде мұғалім А білім алушының тапсырманы дұрыс орындауға, өз қатерін түзету білуге «бағыттайды».

Білім алушы Б-ға кері байланыс беру бойынша мысал. Бұл білім алушы Б-ға берілген кері байланыс бойынша мысалда мұғалім білім алушының жақсы меңгерген тұсына ақпарат береді және қатені түзету үшін тақырыптарды қайталауды ұсынады.

Қалыптастырушы бағалау нәтижелерінің талдауы.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру кезіндегі маңызды кезеңдердің бірі-білім алушылар жұмыстарының нәтижелеріне жүйелі талдау жүргізу үшін мұғалім арнайы құрастырылған бақылау парағын қолдануына болады.

Қалыптастырушы бағалау нәтижесі бойынша бақылау парағы Қалыптастырушы бағалау нәтижелеріне талдау жасау білім алушыларға кездесетін қиыншылықтар туралы ақпарат алуға, оның алдын алу шаралары туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, тексерілген жұмыстардың нәтижесіне талдау жасау:

- Белгілі бір тапсырмалар қиындық тудыратын балалар тобын;
- Бөлім, тақырыптар бойынша қиындықтар туындайтын жеке білім алушыларды;
- Білім алушылар үшін аса күрделі, қиын сұрақтар, тапсырмалар, тақырыптарды айқындап береді.

Нәтижелерге талдау жасау мұғалімдердің тәжірибесіне оң әсер етуі үшін:

- әрекет ету мен шешімді талап ететін нақты, маңызды, тәжірибелік бағыттағы мәселелерді анықтау;
- орындалған тапсырмалар мен нақты мақсаттарға жету үшін талдау жүргізу;
- Талдауда дәйектерді, дәлелдерді негізге алу;

Шешімнің сыни нұсқаларын қарастыру, яғни, мәселені шешудің жоспарлығын, баламалылығын (альтернативтілігін), жетістігін, кемшілігін, жақсы және нашар жақтарын талдау;

- Мәселені шешу, кемшілікті жою үшін өз тәжірибесін нақты қалай өзгертуге болатыны туралы іс-әрекеттің толық **жоспарын** құрастыру;
- Талдау нәтижелерін тіркеуде қысқа, түсінікті стильді ұстану (күнделік, портфолио, мақала, таныстырылымдар және т.б.);
- Ұжымда өз әрекеті **нәтижелерімен бөлісу**;
- Ұжымға көмектесу, **білім алушылардың қажеттілігіне** бағыттай отырып, сабақтастықты сақтай отырып жүйелі талдау жүргізу ұсынылады.

ОҚЫТУ ҮШІН БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫ

ОуБ оқыту мен оқу үдерісінде қолданған кезде өте тиімді. Бұл құралдар мұғалімдерге мақсатқа қол жеткізуге арналған әр түрлі жаттығулар мен аспектілер арқылы көмек беру үшін әзірленген.

Оқыту үшін бағалау құралдары:

1. Оқушылар сұрақ құрастырады
2. Оқушылар сұрақ қояды
3. Түсініктеме арқылы бағалау
4. Блок ортасында бағалау
5. «Мүмкін»
6. Күту уақыты
7. Ашық және Жабық
8. Жұмыс үлгісі
9. Оқушылардың бағалауы
10. Айқын мақсат қоя отырып
11. Сабақтың мақсаты
12. Мұғалім шолуы
13. Оқушылар шолуы
14. Бағдаршам
15. Өзін өзі бағалау мақсаты
- 16.2 жұлдыз, 1 тілек
17. Құрастыр, сосын жауап бер
18. Атмосфера орнату
19. Көршіңізге айтыңыз
20. Идея туралы пікір
21. Серпілген сауал
22. Күтіңіз және түйіндеңіз
23. Дұрыс емес пікір
24. Сұрақ құрастыру
25. Оқу күнделігі
26. Қайтадан құрастыру
27. Негізгі сәттер
28. Жақсарту жөніндегі нұсқаулық
29. Түсініктемелермен жұмыс
30. Топтық кері байланыс
31. Сыныптастарды бағалау
32. Бас бармақ
33. Бірлескен жұмыс дағдысын қалыптастыру
34. Қайталау Бағдаршам
35. Құрастыр және жауап бер
36. Оқушылардың бағалау сызбасы
37. Топтық жауаптар

- 38.Сөйлеу арқылы ойлану
- 39.Сұрақты төңкеріңіз
- 40.Х және Y
- 41.Білетініңіздің барлығы
- 42.Түзетулер
- 43.Үлдірленген критерийлер
- 44.Прогресс білдіру
- 45.Сөздерді талқылау
- 46.Қарым-қатынас
- 47.Парасатты диалог
- 48.Кері байланыс бутерброды
- 49.Не жақсы?
- 50.Өзін өзі бағалау
- 51.«Жақсы» сұрақ деп нені айтады?
- 52.Графикалық органиайзерлер
- 53.БББ
- 54.Әңгімелесетін әріптестер
- 55.Стикер
- 56.Жауап беретін әріптес
- 57.Қолыңды төмен ұста
- 58.Жақсы сұрақ негіздері
- 59.Оқуды реттеу
- 60.А Ә Б В
- 61.Неліктен бұл үздік?
- 62.Көрсет және әңгімеле
- 63.Белсенді оқушылар
- 64.Ұзақ мерзімді және Қысқа мерзімді
- 65.Минуттық шешім
- 66.Жауап алу
- 67.Смайликтер
- 68.Шаршылар
- 69.Түсініксіз тармақ
- 70.Бір сөйлеммен түйіндеу.

1.Оқушылар сұрақ құрастырады. Мысалы –

- Сіз жаңа тақырыпты оқыған кезде не туралы білгіңіз келді?
- Білімді бағалау үшін мұғалімнен немесе басқа оқушылардан сұраңыз;
- Сіз өз біліміңізді бұдан әрі жақсартқыңыз келген білім/түсінбеу саласын көрсетіңіз.

Сыныпта сұрақтарға арналған қорапша қоюға болады, оқушылар оған сабақ аяқталғаннан кейін өз сұрақтарын салады.

Немесе арнайы сабақ ұйымдастыруға болады, онда оқушылар бүкіл сынып болып жұмыс істейтін немесе келесі сабаққа негіз болатын сұрақтарды құрастырады.

2.Оқушылар сұрақ қояды. Оқушыларға сұрақтар қоюға мүмкіндік жасаңыз. Сұрақтар сыныптастарға, мұғалімге қойылуы мүмкін немесе талқылауды дамыту құралы ретінде қолданылуы тиіс. Жазбаша түрдегі сұрақтарға арналған «Сұрақтар қорапшасы» оқушылар үшін қарым-қатынас жасаудың өзгешелеу түрі болып табылады. Оқушылардың жұмыс туралы сұрақтарды дауыстап айтуына уақыт беріңіз. Бұл бағалау үдерісін іске қосуға және ұғымның екіұдайы түсінілуін болдырмауға көмектеседі.

3.Түсініктеме арқылы бағалау. Түсініктеме арқылы бағалау оқушыларға марапатқа немесе жазалауға тіреліп қалмай (баға қойғандағы сияқты), назарларын алға басу мен дамуға аударуға мүмкіндік береді. Түсініктемелерді оқулықтарда, оқулықтардың басындағы кестелерде, оқу күнделіктерінде немесе журналда қалдыруға болады. Соңғылары мұғалім мен оқушыларға түсініктемелердің көбеюі мен жақсаруын қадағалауда көмектеседі. Түсініктемелерде оқушының нені жақсартуы керектігіне қатысты айқын нұсқаулықтар берілуге тиіс. Кері байланыс беруді көздейтін жаттығулар мен жұмыстарды жоспарлаңыз – тапсырмалардың құрылымы үдеріске көмектессін.

4.Блок ортасында бағалау. Блоктың соңында бағалаған жағдайда, сізге оқушылар жолықтырған немесе жалпыға ортақ түсінбеушілік тудырған саладағы проблемаларды қарастыруға уақыт жетпей қалуы мүмкін. Бөлімді оқу барысында бағалауға уақыт беру (мысалы, 7 сабақтың бесінші сабағында) мәселені қарастыруға, ұғынуға және қайталауға мүмкіндік береді. Бұл сонымен қатар мұғалімге үдерісті дәлелдермен бекіте отырып, назарын түсінбеушілік туғызған салаларға аударуына мүмкіндік береді.

5.«Мүмкін». Сұрақ қоя отырып, оқушыларға болжалды жауаптарды ойлануға және зерделеуге мүмкіндік беру үшін, арасында «мүмкін» деген сөз орамын қолданыңыз. Мысалы, Демократияның маңызы қандай?

Демократияның мәні қандай болуы мүмкін?

Бірінші сұрақ мұғалімге таныс, жалғыз ғана жауапты көздейді. Ал екінші сұрақ анағұрлым ашық болып көрінеді.

Ұлы күйзеліс бүгінгі таңда қалай байқалар еді?

6.Күту уақыты. Күту уақыты оқушыларға ойлануға және жауап беруге мүмкіндік береді. Сыныптағы барлық балалар бір бағытта және бірдей ойлай бермейді – күту оқушыларға өз ойын жинақтауға және берілген сұраққа жауапты ойластыруға мүмкіндік береді.

Күту уақытының 2 түрі:

- Мұғалім айтады, содан кейін оқушылар өз жауаптарын бергенге дейін үзіліс жасайды.
- Оқушы жауап беруді аяқтайды және мұғалім оның жауабына қатысты әрекет еткенге дейін кідіріс жасайды. Бұл амал оқушыға ойын толықтыруға және жалғастыруға немесе басқа оқушыға жауап беруіне мүмкіндік береді.

7.Ашық және Жабық. Жабық сұрақтар пайдалы болуы мүмкін, алайда

олар абстрактілі ойлау, талқылау дағдыларын қолдануға себтігін тигізбейді және аса түсінікті болмайды. Ашық сұрақтар керісінше әсер етеді, сол арқылы оқу үдерісін жақсартады. Мысалы, Сіз өткен кеште бір жаққа шықтыңыз ба? Сіз кеше мектептен кейін не істедіңіз?

8.Жұмыс үлгісі. Оқушыларға белгілі бір тапсырма берер алдында олардың сұрақтарды анағұрлым анық түсініп, бағалау критерийлерін қанағаттандыру үшін не істеу қажеттігін түсіну үшін мысалдар келтіріңіз. Оқушылар бағалау критерийлерін қолдана отырып, жұмыс үлгісіне баға қоя алады. Бұл не талап етілетінін және бұл үдеріспен қалай байланыста болатынын түсінуді моделдеуге көмектеседі.

9.Оқушылардың бағалауы Бағалау үдерісіне қатыса отырып, оқушылар тақырыпты, бағалау үдерісінің өзін және өз жұмысын орындай отырып, не жасағандарын аса тереңірек түсінуге қол жеткізеді. Бұл оларға оқудың не екенін білуге, осылайша өзінің оқуын қарастыруына көмектеседі. Оқушылар өз үй жұмыстарын немесе сыныптастардың жұмысын бағалай алады. Бұл жаттығу «ресми» немесе оқушы жасаған бағалау схемасы бойынша жұппен немесе дербес түрде орындалуы мүмкін.

10.Айқын мақсат қоя отырып:

- Сабақ басталар алдында тақтаға мақсатты жазыңыз.
- Оқушылармен өздері оқып жатқандарын неліктен оқитыны туралы әңгімелесіңіз.
- Қысқа мерзімді мақсаттарды ұзақ мерзімді мақсаттармен сәйкестендіріңіз (мысалы, Шекспирдің жұмысына талдау жүргізу өзге де ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізумен қатар, мәдени жақтарын кеңінен түсінуге және талдау дағдыларын дамытуға әкеледі).
- Оқушылар сабақтың/блоктың/пәннің мақсаттарын айқын түсінгеніне көз жеткізіңіз.
- Мақсаттарды оқушылармен бірлесіп әзірлеңіз.

11.Сабақтың мақсаты. Сабақ басталар алдында белгілі мақсат қоя отырып, сабаққа аса мән беріңіз. Мақсат сыныппен бірлесе атқаратындарыңызды көрсетуі тиіс. Сабақ барысында осы мақсаттарға сілтеме жасауға және/немесе ол туралы бүкіл сынып орындайтын тапсырма кезінде еске түсіруге болады. Бүкіл сыныпқа арналған тапсырма кезінде оқушыларға мақсаттарға қол жеткізілгені туралы дәлелдеу және/немесе келесі сабақ үшін мақсат белгілеу қажет болуы мүмкін.

12.Мұғалім шолуы. Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін сұрақтарды қолдана отырып, сабаққа немесе блокқа шолу жасайды.

Сонымен қатар сабақтың тиімділігіне және оқу үдерісіне көмектесуге назар аударуға болады – мысалы, оқушылар оқу үдерісін жақсарту үшін қандай өзгерістер енгізу қажет екенін анықтай ала ма?

Мұғалім өз идеяларына сәйкес сабақты бағалау арқылы шолуды моделдей алады.

13.Оқушылардың шолуы. Оқушылар өзінің топтағы немесе дербес оқуына шолу жасайды. Бұл бүкіл сыныпқа арналған тапсырма, шағын тапсырма нысанында немесе блокты алдағы уақытта қайталауды жоспарлауға көмек көрсетуге арналған жаттығу ретінде жасалуы мүмкін.

14.Бағдаршам. Түсінгендікті көрсету үшін бағдаршамның түстерін көрнекі құрал ретінде пайдаланыңыз.

Мысалы: Оқушыларда қызыл, жасыл және сары түсті карточкалар бар, оны олар өз парталарына қояды немесе жоғары көтереді (қызыл = түсінбеймін, жасыл = барлығы түсінікті). Оқушылар бағдаршамның түстерін пайдалана отырып, өздерін бағалайды. Мұғалімге көрсетілген бағалауды оқушылардың күнделіктеріне жазуына болады. Сыныптастары бағдаршам түстерінің көмегімен таныстырылымдарды және т.б. бағалайды.

15.Өзін өзі бағалау мақсаты. Оқушылар өзін өзі бағалауға сүйене отырып, мақсат белгілейді. Мұндай оқу мақсаттарын тіркеуге және кейінірек оны қайта қарауға болады (м-лы, дәптер тысының артында). Оларды мұғалім белгілеген мақсаттармен салыстыруға болады және егер мақсаттар әр түрлі болатын болса, оларды ортақ мақсат етуге болады.

16.2 жұлдыз, 1 тілек. Сыныптастарды бағалау үдерісінде оқушылардан екі жұлдыз қоюды және бір тілек айтуды сұраңыз.

Екі жұлдыз = жұмыс істеген кезде оларға ерекше ұнаған 2 зат

Бір тілек = бұл жақсартуға болатын нәрсе.

17.Құрастыр, сосын жауап бер. Оқушыларға жауап бергенге дейін өз ойларын жинақтауға мүмкіндік беріңіз

–жауап алдындағы 30 секундтық үнсіз ойлау;

-жұптағы 2-3 минуттық миға шабуыл;

-жауап бермес бұрын бірнеше ойларыңды жаз;

-өз көршіңмен болжамды жауапты талқыла.

18.Атмосфера орнату. Абстрактылы ойлау дағдыларын қолдануды талап ететін ауқымды ашық сұрақ немесе проблеманы шешуге арналған тапсырманы қолдана отырып, сабақта атмосфера орнатыңыз. Пысықтау үшін жауаптарын күтіңіз.

19.Көршіңізге айтыңыз. «Көршіме айтамын» әдістемесі оқушылардың өз ойларын ауызша білдіруі үшін қолданылады.

- Сұрақ қойыңыз, ойлануға уақыт беріңіз, содан кейін оқушылардан өз ойларын көршісімен бөлісуін сұраңыз

- Оқушыға жаңа тақырыпты атаңыз және оларға аталған тақырып бойынша ненің мәлім екені туралы бәрін көршісіне айтуын сұраңыз.

20.Идея туралы пікір. Сіз сұраққа жауап алған болсаңыз, бұл ой туралы басқалардың пікірін сұрай отырып, ойлау логикасын дамытыңыз.

М-лы. “Сіздер _____идеясы туралы не ойлайсыздар?”

21.Серпілген сауал Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз. Мысалы, «Айша, Алуаның жауабы

туралы сен не ойлайсың?» «Алуа, Жәңгірдің жауабын барынша кеңейту үшін оны қалай дамытуға болады?»

«Айназым, естігеннің барлығын бір жауапқа қалай біріктіруге болады?»

22.Күтіңіз және түйіндеңіз. Оқушыларға олардан күткен негізгі сөздерді анықтауға уақыт беріңіз және сол кезде сұрақты басқаша қойыңыз – анық жауапты, азат жолды және т.б. біріктіру арқылы пікірталасты түйіндей отырып, оқушылардан жалпы қорытынды беруді сұраңыз.

23.Дұрыс емес пікір. Талқылау үшін дұрыс емес жауаптарды қолданыңыз.

Дұрыс емес болғаны үшін ғана жауапты іріктеудің немесе «бұл қызық» фразасын қолданудың орнына, үдерісті ашып көрсету үшін ойлау барысының дұрыс емес бағыт алуына әкелетін сұрақтарды қолданыңыз.

Бұл ойдың логикалық барысын жақсартуға әкеледі және қате үшін жазғыру болмайтын атмосфера орнатады.

«Мен бұл жауап дұрыс емес екеніне қуаныштымын... ендеше талқылап көрейік...».

24.Сұрақ құрастыру. Мынадай:

- Жалпыға түсінікті қате ұғамдарға қарсы шығатын;
- Талқылауды талап ететін дайу тудыратын;
- Екіұштылықты зерттейтін және талқылау мен айқындылық енгізуге көмектесетін сұрақтар құрындар

25.Оқу күнделігі. Оқу күнделігін бастаңыз, онда оқушылар оқу туралы және ол бойынша шолуы туралы ойларын жазып қалдыра алады. Бұған бүкіл сыныпқа арналған тапсырмалар, мақсат, тапсырма кестелері және т.б. кіруі мүмкін

26.Қайтадан құрастыру. Сабақ уақытын жұмысты қайта өзгерту үшін қолданыңыз. Бұл оқушыларға жақсартуға бағытталған кері байланысқа назар аударуға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс сонымен бірге кері байланыстың құнды екендігін қуаттайды және оқушыларға қолайлы атмосферада жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

27.Түйінді сәттер. Ауызша тапсырмалармен қатар, жазбаша тапсырмаларды әзірлеген кезде бұларды орындау оқушылар оқып жатқан тапсырмалардың түйінді сәттерін түсінуге және дамытуға әкелетін болсын.

28.Жақсарту жөніндегі нұсқаулық. Оқушылардың жұмысына түсініктеме бере отырып, бұл үдерісті оқушыларға жақсарту жөнінде нұсқаулық беру үшін қолданыңыз. Оқушылардан сыныптастарының жұмыстарын бағалаған кезде түсініктемелерді қолдануын сұрай отырып, үдерісті дамытыңыз. Нұсқаулық ұғымын және оның басқа ереже түрлерінен қалай ерекшеленетінін талқылаңыз (мысалы, ұйғарым, ескерту және т.б.).

29.Түсініктемелермен жұмыс

Оқушыларға мына түсініктемелермен жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз -

- сабақта оқушымен жеке әңгіме жүргізу үшін уақыт бөліңіз.
- оқушыларға арналған жинақта жазбаша түрде диалогтарыңыз болсын.

-диалогты анағұрлым формалды ету үшін түсініктемелерді немесе мақсаттарды қадағалау парағын қолданыңыз.

30.Топтық кері байланыс. Сыныптастардың жұмысын бағалауға қатысты топтық кері байланыс мұғалімге оқудағы қажеттіліктерді қарапайым түрде анықтауға көмектесе алады. Егер топ кері байланыс ұсынатын болса, бұл мәселеге назар аудартып, жүйелендірілген, талқыланған тапсырмаларға қатысты ақпарат береді (сонда мұғалім қайталауға арналған жаттығуларды азырақ бере алады).

31.Сыныптастарды бағалау. Оқушылар бағалау критерийлеріне сәйкес бір біріне жұмысы үшін баға қояды.

Бұл оқу туралы ойлануға және түсінуге көмектеседі, бұл оқушыларға үздік жұмысты көруге және орын алған түсінбеушілікті шешуге мүмкіндік береді. Аталған құрал жеке сабақтарда және жұмыс сызбаларында қолданылуы мүмкін.

32.Бас бармақ. Оқушылардың бас бармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейін тексеріңіз.

Бас бармақ жоғарыға қарап тұрса = Мен түсінемін.

Бас бармақ көлденең тұрса = Мен түсінгендеймін.

Бас бармақ төмен қарап тұрса = Мен түсінбедім.

33.Бірлескен жұмыс дағдысын қалыптастыру Сыныптастарды бағалау оқушылардан бірлесе жұмыс істеуді талап етеді. Әрине, ОҮБ-нің өзі бірлескен жұмысты білдіреді, сондықтан бірлескен жұмыс дағдысын айқын және анық қалыптастыру қажет.

Аталған үдерісті оқушылармен бірлескен жұмыс түсінігін талқылау арқылы бекітуге және осындай сабақты сабақтың көзге көрінетін бөлшегі етуге болады.

34.Қайталау Бағдаршам Тақырыпты немесе пәнді қайталағанда, оқушылардан бағдаршамның тиісті түсін көрсету арқылы түсінгендіктерін көрсетуді сұрап, түрлі салалармен жұмыс істеуге болады. Соңынан оқушылар қайталауды байыппен пайдалана отырып, не істелгенін жай ғана қарап, немесе жазбаларды оқып қана қоймай, оған белсенді қатыса алады.

35.Құрастыр және жауап бер. Емтиханға дайындалғанда оқушылар өз сұрақтарын құрастырады да, сосын соларға жауап беріп жаттығады.

Бұл оларды бағалау құрылымы туралы және өзі жұмыс істеп отырған материал туралы тереңірек ойлауға жетелейді. Нысан және функция!

36.Оқушылардың бағалау сызбасы. Оқушылардан топпен немесе жекелеп баға қою сызбасын жасауды сұраңыз. Кейін олар осы сызбаға сәйкес өзінің немесе сыныптасының жұмысын бағалай алады. Оқушыларға бағалау сызбасының мақсаты пайымдау, шолу, стандарттау, т.б. екенін түсіндіріңіз.

37.Топтық жауаптар. Оқушылар жауаптарды келісу үшін шағын топтарда жұмыс істейді – тестілер қайталырған жағдайда немесе кез келген басқа жағдайда. Келісу үдерісі жауаптың дұрыстығын талқылауды, сондай-ақ түсініспеушіліктер мен қате жауаптарды теріске шығаруды қамтиды.

38.Сөйлеу арқылы ойлану. Сөйлеу оқушыларға өз пікірін білдіріп, сол арқылы білім алуға көмектеседі.

Төмендегідей жаттығулардың көмегімен сөйлеу арқылы ойлануды ынталандырыңыз:

- талқылауға арналған жаттығу;
- құрылымдалған топтық/жұптық жұмыс;
- мұғалім мен оқушының модельдеуі (шағын топтық тапсырмалар бүкіл сыныппен талқылауға қарағанда, сыныптағы әңгімелесудің санын арттырады).

39.Сұрақты төңкеріңіз. Фактінің қайталануын көздейтін сұрақты қоюдың орнына, ол оқушыны ойлануға мәжбүрлейтіндей етіп құрыңыз. Мысалы, «Франция – демократиялық ел ме?» деген сұрақ. «Демократиялық ел дегеніміз не?» деген сұраққа айналады.

40.Х және Y Оқушылардан неліктен Х Y-тің үлгісі болатынын сұраңыз, мысалы, неліктен алма жемістің үлгісі болып табылады? Неліктен түлкі сүт қоректілердің үлгісі болып табылады? Осылай құрылған сауал фактілердің қайталануын болдырмай, нақты ойлануға жетелейді.

41.Білетінің барлығы. Оқушылар тарауды оқуға кірісудің басында _____ туралы не білетінінің барлығын жазады. Сосын мұғалім қайталауды болдырмас үшін, алынған ақпаратты пайдалана отырып, оқуды тиісті жолмен жүргізеді.

42.Түзетулер. Сіз бағаламастан бұрын, оқушылардың өз жұмыстарын түзеткендеріне дәлел келтіруді талап ете отырып, түсініктеме беру арқылы жауапты қайта тұжырымдауға және бағалауға назар аударыңыз (бұған уақыт бөліңіз).

43.Үлдірленген критерийлер. Бағалау үшін достық пиғылдағы критерийлері бар үлдірленген карточкалар дайындаңыз.

44.Прогресс білдіру. Бағалауды прогресті білдіру үшін, сол арқылы олардың не істеп жатқандарына мән берудің тәсілін табыңыз.

- Түрлі тарауларды байланыстыра оқытыңыз;
- Оқу журналын пайдаланыңыз;
- Оқушылар оларға қол жеткізгендігін атап көрсете отырып, алдыңғы мақсаттарға сілтеме жасаңыз;
- Сізде оқушының прогресі нақты бейнеленген мақсаттар сызбасы болсын;
- Бағалау үдерісі мен оқушының өзіне мақсат белгілеу үдерісін байланыстырыңыз.

45.Сөздерді талқылау. Пікірталас кезінде түйінді сөздерді ерекше атап өтіп, оларды мұқият қарастырыңыз. Олардың қалай қолданылғанын талқылаңыз: Мағынаның екіұдайылығы бар ма? Бұл сөзді оқушылардың барлығы бірдей қолдана ма?

46.Қарым-қатынас. Оқушыларды өз ойларын тек хатта, суретте, көріністе, карталарда, мүсінде және т.б. ғана емес әр түрлі құралмен

жеткізуді сұраңыз. Құрал дегеніміз хабарлама, сондықтан ол қарым-қатынас жасау жолдарын білдіреді. Осыған ұқсас құралдарды қолдана отырып, мұғалім оқушының түсінгенін жан-жағынан көре алады.

47.Парасатты диалог. Оқушы мен мұғалім арасындағы диалог парасатты, рефлексивті, түсінушілік білдіру мен тексеруге бағытталған болып, барлық оқушылар өз ойлары мен пікірлерін білдіре алатындай болуы тиіс.

(12-бет, Inside the Black Box, Paul Black & Dylan William, nferNelson, 1998)

Оқушылармен диалогтің сапасын талқылаңыздар және олардың мақсатын айтуды және оны қалайша жақсартуға болатынын (қажет болуына қарай) айтуды сұраңыз.

48.Кері байланыс бутерброды. Кері байланыс әр түрлі тәсілдермен берілуі мүмкін. Кері байланыс «бутерброды» дегеніміз бұл:

1) бірінші жағымды түсініктеме беріп, кейін құрылымды сын айтып, соңынан тағы да жағымды пікір білдіру;

2) Жағдаяттық мәлімдеме – *Маған ұнады, себебі Енді/келесі жолы*

49.Не жақсы? Оқушы мен сіздің араңызда «жақсы» деп саналатын жұмысқа қатысты келісімнің бар екеніне және оған қалай қол жеткізуге болатынына көз жеткізу үшін біршама уақыт жұмсаңыз. Мынадай сұрақтарды қолданыңыз:

Нені «жақсы» жұмыс деп айтуға болатынын айта аласыз ба?»

«Түсініктемелер туралы не ойлайсыз?»

«Сіз әрқашан бұдан әрі не істеу қажет/не туралы ойлау қажет екенін білесіз бе?»

«Сіз өз жұмысыңыздың «жақсы» екенін анықтай аласыз ба?»

50.Өзін өзі бағалау. Өзін өзі талдау біздің қалай оқуға үйреніп жатқанымызды білдірсе, өзін өзі бағалау дегеніміз біз *оқып жатқан нәрсе*. Балаларды өзін өзі талдауға үйрету үшін мынадай сұрақтарды қойыңыз:

- Оқу үдерісінде не болып жатқаны туралы ойланыңыз
- Атап айтқанда не сізді ойлануға мәжбүрлейді? Не нәрсе қиын болып көрінді?
- Сізге қандай жағдайда көбірек көмек қажет?
- Сіз не үшін разысыз?
- Сіз X туралы не білдіңіз?
- Сіз оқып жатқан тапсырманы басқа сыныптың қажеттілігіне сәйкестендіру үшін қалай өзгертер едіңіз? Мұғалім оқушыларға өзі өзіне қалай талдау жүргізу қажеттілігін көрсету үшін жауаптарды модельдейді.

51.«Жақсы» сұрақ деп нені айтады? Оқушылармен «жақсы» сұрақ ұғымын талқылаңыз. Үдеріс ашық және жабық сұрақтардың арасындағы айырмашылықтарды анық түсінуге мүмкіндік береді. Одан кейін олар тақырып бойынша сұрақтар қоя алады және олардың қайсысы жақсы болғанын шеше алады, одан кейін сұрақтардың жауаптарын талқылауға ауысады.

52.Графикалық органайзерлер. Оқушыларға өзін өзі бағалауда көмек көрсету үшін графикалық органайзерлерді қолданыңыз.

53.БББ. Жаңа тақырып бастар алдында оқушылар үш бағаннан тұратын сурет салады. Олар нені біледі;

Олар нені білгісі келеді;

Олар нені білді.

Миға шабуыл өткізгеннен кейін оқушылар алғашқы екі бағанды толтырады және бөлімді оқып біте бастағанда үшіншіге қайта оралады (немесе бөлімді оқу барысында толтыруы мүмкін).

Ұсыным: «Қалайша оқып-үйренетін боламын?» деген қосымша баған қосуға болады.

54.Әңгімелесетін әріптестер. Өткен сабаққа сілтеме жасауды көздейтін бастапқы немесе бүкіл сыныпқа арналған тапсырма ретінде оқушылар әріптестерімен:

- жаңа оқылған 3 факті туралы;
- оларға жеңіл болып көрінгендер туралы
- оларға қиын болып көрінгендер туралы
- алдағы уақытта оқығысы келген нәрселер туралы ақпарат алмасады.

55.Стикер. Стикерлерді оқу үдерісін талдау үшін қолданыңыз. Оқушылар топтарда, жұппен немесе дербес түрде мынадай сұрақтарға жауап бере алады:

- мен нені үйрендім?
- Маған не қиын болып көрінді?
- Не күрделі болды?
- Мен енді нені үйренгім келеді?

56. Жауап беретін әріптес. Жұптармен немесе әріптестермен жұмыс істегенде ауызша бағалау. Оқушылар әріптесті немесе топты өз жұмысына түсініктеме беруге немесе талқылауға шақырады. Бұл үдеріс тиімді жүруі үшін оқушылар оқу мақсаты мен табыс критерийлерін білуі қажет. Олар сонымен бірге жауап беретін әріптестің рөлін бағалауы – оқу мақсаттарына сәйкес құрылымды және жағымды кері байланыс ұсынуы тиіс. Оқушыларға жұмысты орындап жатқан адамға қоятын сұрақтар тізімі берілуі мүмкін.

57. Қолыңды төмен ұста. Оқушыларға жауап беру үшін емес, сұрақ қою үшін қол көтеруге рұқсат беретініңізді айтыңыз. Одан кейін мұғалім жауап беретін оқушыны таңдайды, осылайша, барлығы оқитынын тексереді. www.classtools.net – «жеміс-жидек машинасы» бағдарламасы, мұнда сізде есімдерді енгізуге, оларды сақтауға және оқушыларды кездейсоқ тәртіпте таңдауға мүмкіндік болады. Есімдерді балмұздақтардың таяқшаларына жазыңыз және жауап беру үшін кездейсоқ тәртіппен оларды тартып шығарыңыз. Сандарды допқа немесе оқушылардың саны немесе сыныптағы отыратын орнының нөмірі жазылған санауыштарда жазыңыз – әр сыныпта қолданыңыз.

58.Жақсы сұрақ негіздері. Неліктен...?

Егер... болса қалай?

Сіз қалай ...?

Сіз түсіндіріп бере аласыз ба?

... не болуы мүмкін?

59.Оқуды реттеу. Оқушылар қайсыбір жаттығуды орындап жатқан кезде бөлмеде қозғалып жүру мұғалімге оқу үдерісі туралы ақпарат жинауға, бағалаудың әр түрлі стратегияларын қолдануға және қажет жерлерде үдеріске араласуға мүмкіндік береді.

60.А Ә Б В. Сыныптағы оқушының әрқайсысына А, Ә, Б және В әріптерімен қоса төрт-төрттен үлдірленген карточкалардың жинағын дайындаңыз. Жауаптың төрт нұсқасы бар сұрақтар қойыңыз, оқушылар дұрыс жауапқа сәйкес келетін карточкаларын көрсетуі керек. Олардан қалғандарының карточка-жауаптарына қарамауын өтініңіз.

61.Неліктен бұл үздік? Үй жұмысы ретінде оқушылардан өзінің жақсы деген жұмысын таңдауын және не үшін олай ойлайтынын сұраңыз. Мұндай түсіндіру кезінде оқушы табыс критерийлеріне, деңгей, мақсаттарына және т.б. сілтеме жасай алады.

62.Көрсет және әңгімеле. Әр оқушы өз жауабын жазуға/салуға мүмкіндігі болатындай және оны тез арада сізге (сыныптастарына) көрсететіндей етіп, шағын маркер тақтасын қолданыңыз.

63.Белсенді оқушылар. ОУБ-нің кілті оқушылардың белсенділігі, олардың оқу үдерісіне тартылуы болып табылады. Керісінше емес, аталған осы мақсатқа қол жеткізу үшін оқу мазмұнын қалай пайдалануға болатынын ойлаңыз. Егер оқу мазмұны қызықсыз болып көрінсе, анағұрлым қызықты және көңілді тәсілді қолданыңыз.

64.Ұзақ мерзімді және Қысқа мерзімді. Үдерісті үлкен суретпен байланыстыру үшін оқушылар ұзақ мерзімді мақсатты да, қысқа мерзімді мақсатты да белгілей алады. Қысқа мерзімді мақсаттар әр аптаны немесе әр екі аптаны, ал ұзақ мерзімді мақсаттар тоқсанның соңын қамтуы мүмкін. Ұзақ мерзімді мақсаттар оқушылар мен мұғалімдердің қысқа мерзімді мақсаттарына сенімділік беруі мүмкін. Бұл сонымен қатар оқушыларға назарын шынымен де пәнді оқуға ынталандыратын нәрсеге аударуға мүмкіндік береді.

65.Минуттық шешім. Оқушылар сабақ немесе тарау кезінде оқылған аса маңызды тармақтарды (пайдалы, мағынасы бар) анықтайды.

66.Жауап алу. Сабақ немесе бөлім барысында жоғары тәртіпте ойлауды ынталандыру үшін жауап алуды қолданыңыз.

67.Смайликтер. Оқушылар тақырыпқа қатысты өздерін қолайлы сезіну деңгейін білдіру үшін смайликтер салады.

		
<p>Жалғастыруға дайынмын</p>	<p>Бір нәрсе түсінемін, бірақ бәрін емес</p>	<p>Түсінбеймін, қайталап қарау қажет</p>

68. Шаршылар. Жұмысты аяқтағаннан кейін оқушы дәптерге шаршының суретін салады. Егер жұмыс түсініксіз болса, шаршыны қызыл түске бояйды, егер аздап түсінсе болса – сарымен, тақырыпты жүз пайызға түсінгеніне сенімді болса жасылмен бояйды.

69. Түсініксіз тармақ. Оқушылар өздеріне онша түсінікті емес бір немесе екі тармақты жазады. Бұл өткен сабақта оқылған материал, қалған бөлімнің, алдыңғы жаттығудың материалы және т.б. болуы мүмкін. Содан кейін мұғалім мен сынып осындай тармақтарды түсіндіру жолдарын іздестіреді.

70. Бір сөйлеммен түйіндеу. Оқушылар олардың тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде және т.б. сөздерден тұруы мүмкін. Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады, немесе көшіріп жазады, т.б.

«БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» ПӘНІНЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Межелік бақылауға арналған тапсырмалар

1-нұсқа

Жоба әзірлеу тапсырмасын орында.

Ұсынылатын тақырыптар: «Қазақ халқының ұлттық киімдерін қазіргі кезде қалай сәнге айналдыруға болады?» «Қазақ халқының ер адамдарға арналған ұлттық киімдері» «Әйел адамдар киетін қазақ ұлттық киімдеріне және ондағы жас ерекшелігіне байланысты детальдер» тақырыбында шағын жоба әзірлеңіздер.

ҚБ. Өзара топтық бағалау.

Бағалау критерийі:

1. Тақырыптық жоба ұсынады;
2. Құрылымдалған айтылым жасай алады (кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысы бар);
3. Кемінде 1 мақал-мәтел, 1 теңеу, 1 тұрақты тіркес қолданады.

2-нұсқа

Мәдениет: тіл және қарым-қатынасқа орта мерзімді жоспар жасау.

Топтық, жұптық жұмыста формативті бағалау түрлерін жүргіз. Мысалы, «Екі жұлдыз бір тілек», «Бес саусақ», «3-2-1», ауызша, жазбаша бағалау.

3-нұсқа

Жұптық әңгіме. Тыңдалым тапсырмасын, Тыңдалымнан кейінгі тапсырма ұйымдастыру.

Телефонмен сөйлесу мәдениеті дегеніміз не? деген сұраққа талқылау жүргізіңіздер.

Телефонмен сөйлесу барысында адамдар жиі қолданатын сөздік бірліктер, ол қаншалықты дұрыс қолданылады?

Қоғамдық орындарда телефонмен сөйлескенде сіз адамдардан нені байқадыңыз? Қоғамдық орындардағы сөйлесу мәдениеті сақталған ба?

Телефонмен сөйлесу мәдениетінің ережесін жасаңыздар. (Маңызды 2 ережені ұсынған парақшаға жазады)

Қорытынды бақылауға арналған тест тапсырмалары

1-нұсқа

1. ... - оқушының оқу және танымдық қызметін бақылау, сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту мақсатында оқушы туралы ақпараттарды жинақтау, жазу, тіркеу және интерпретациялау процесі.

- A) Бағалау.
- B) Баға.
- C) Белгі.
- D) Білу.
- E) Жинақтау.

2. Ойлау дағдыларының деңгейі.

- A) Білу, Талдау, Синтез, Бағалау.
- B) Білу, Түсіну, Қолдану, Талдау, Синтез.
- C) Білу, Түсіну, Қолдану, Бағалау.
- D) Білу, Түсіну, Қолдану, Талдау, Синтез, Бағалау.
- E) Түсіну, Қолдану, Талдау, Синтез, Бағалау.

3. Бөлімді аяқтауда, сондай – ақ жарты жылда, оқу жылында бағалау (тақырыптық, жалпылау).

- A) Ағымдық.
- B) Межелік.
- C) ҰБТ.
- D) Аралық мемлекеттік бақылау.
- E) Кезеңдік.

4. Оқушының өткен тақырып бойынша алған білімін бағалау критерийлерінің тізбесі. Ол қандай да бір тақырыпты меңгеру мақсатымен анықталады және берілген рубриканы ашатын критерийлермен толықтырылады.

- A) Критерий.
- B) Дескрипторлар.

- C) Рубрикатор.
- D) Бағалау.
- E) Рубрика.

5. Критериалды бағалаудың функциялары:

- A) бақылау, дамытушылық, оқытушылық, мотивациялық, диагностикалық.
- B) бақылау, дамытушылық, оқытушылық, мотивациялық, тәрбиелік.
- C) бақылау, оқытушылық, мотивациялық, тәрбиелік, диагностикалық.
- D) бақылау, дамытушылық, оқытушылық, мотивациялық, тәрбиелік, диагностикалық.
- E) бақылау, дамытушылық, оқытушылық, тәрбиелік, диагностикалық.

6. Оқушының білім алуын үнемі бақылап отыратын мақсатқа бағытталған үзіліссіз процесс.

- A) Суммативті (қорытынды) бағалау.
- B) Бірін - бірі бағалау.
- C) Өзін-өзі бағалау.
- D) Формативті (қалыптастырушы) бағалау.
- E) Диагностикалық бағалау.

7. ... – бұл өзінің мықты және әлсіз жақтары, мүмкіншіліктер мен мәселелері жайлы ақпараттарды талдап жинауға бағытталған процесс.

- A) Суммативті (қорытынды) бағалау.
- B) Бірін - бірі бағалау.
- C) Өзін-өзі бағалау.
- D) Формативті (қалыптастырушы) бағалау.
- E) Диагностикалық бағалау.

8. 12 жылдық білім беру кезеңінде жалпы білім беретін мектептің сыныптарында бағалау барысында талдануға сәйкес келетін бағалау жүйесі.

- A) 12 балдық.
- B) 10 балдық.
- C) 11 балдық.
- D) 8 балдық.
- E) 9 балдық.

9. Белгілі бір уақыт аралығында тақырыпты, тарауды оқып болғаннан кейін оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысының, күзiреттiлiгiнiң қалыптасу деңгейiн анықтауға арналған.

- A) Суммативті (қорытынды) бағалау.
- B) Бірін - бірі бағалау.
- C) Өзін-өзі бағалау.
- D) Формативті (қалыптастырушы) бағалау.
- E) Диагностикалық бағалау.

10. Критериалды бағалаудың принциптері:

- A) Нақтылық, Әділдік.
- B) Нақтылық, Мотивациялық, Жүйелік.
- C) Нақтылық, Әділдік, Жүйелік.
- D) Нақтылық, Мотивациялық, Әділдік.
- E) Нақтылық, Әділдік, Тәрбиелік.

11. Оқыту міндеттерімен анықталады, оқушының жұмыс барысында орындайтын және нәтижесінде меңгеруге тиісті әртүрлі іс-әрекетінің тізбегі.

- A) Критерий.
- B) Дескрипторлар.
- C) Рубрикатор.
- D) Бағалау.
- E) Рубрика.

12. Оқу жоспарының түрлері.

- A) Ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді.
- B) Орта мерзімді, қысқа мерзімді.
- C) Ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді.
- D) Орта мерзімді, ұзақ мерзімді.
- E) Ұзақ мерзімді.

13. Қалыптастырушы бағалаудың модерациясының элементтері.

- A) Сыртқы модерация, ішкі модерация.
- B) Сыртқы модерация, ішкі модерация, стандарттау.
- C) Стандарттау.
- D) Стандарттау, ішкі модерация.
- E) Стандарттау, сыртқы модерация.

14. Мұғалімнің қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудағы алгоритмін ұсынған Ресей ғалымдары.

- A) Б.Блум.
- B) Сост. Р.Х. Шакиров.
- C) Кларин М.В, Аманашвили Ш.А.
- D) Загашев И.О., Заир-Бек С.
- E) И.С.Фишман, Г.Б.Голуб.

15. Күнделікті тәжірибеде қолданылады.

- A) Өзін-өзі бағалау.
- B) Ішкі жиынтық бағалау.
- C) Суммативті бағалау.
- D) Формативті бағалау.
- E) Сыртқы жиынтық бағалау

16. Бағалау оқушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

- A) Шынайылық.
- B) Дамуға бағыттау.
- C) Үздіксіздік.
- D) Ашықтық.
- E) Қолжетімділік.

17. Әрбір критерий бойынша оқушының жетістік деңгейін сипаттайды және белгілі ұпайлармен бағаланады: жетістік жоғары болған сайын ұпай да жоғары болады.

- A) Критерий.
- B) Дескрипторлар.
- C) Рубрикатор.
- D) Бағалау.
- E) Рубрика.

18. «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек».

- A) А.Құнанбаев.
- B) Ы.Алтынсарин.
- C) А.Байтұрсынов.
- D) Ж.Аймауытов.
- E) М.Жұмабаев.

19. Нақты фактілерді, ақпараттарды және олардың сипаттамасын білу және көрсету.

- A) Білу.
- B) Түсіну.
- C) Қолдану.
- D) Талдау.
- E) Синтез.

20. Ақпаратты дұрыс көрсету, болжау немесе түсіндіру арқылы ұғынуды көрсету.

- A) Білу.
- B) Түсіну.
- C) Қолдану.
- D) Талдау.
- E) Синтез.

21. Портфолио толтыру кезеңдері

- A) 2
- B) 4
- C) 3
- D) 1

Е) 5

22. Сынып бойынша оқу материалдарының үлкен тарауын не бөлімін оқығаннан кейін меңгерілген білім мен қалыптасқан дағдылар деңгейін айқындайды; білім беру ұйымының педагогтары тарапынан жүзеге асырылады.

- A) Өзін-өзі бағалау.
- B) Ішкі жиынтық бағалау.
- C) Қалыптастырушы бағалау.
- D) Формативті бағалау.
- E) Сыртқы жиынтық бағалау.

23. Сіз сұраққа жауап алған болсаңыз, бұл ой туралы басқалардың пікірін сұрай отырып, ойлау логикасын дамытыңыз. М-лы. “Сіздер _____ идеясы туралы не ойлайсыздар?”

- A) Идея туралы пікір.
- B) Дұрыс емес пікір .
- C) Сөйлеу арқылы ойлану.
- D) Білетініңіздің барлығы.
- E) Парасатты диалог.

24. Оқушылар тарауды оқуға кірісудің басында _____ туралы не білетініңіздің барлығын жазады. Сосын мұғалім қайталауды болдырмас үшін, алынған ақпаратты пайдалана отырып, оқуды тиісті жолмен жүргізеді.

- A) Идея туралы пікір
- B) Дұрыс емес пікір ..
- C) Сөйлеу арқылы ойлану.
- D) Білетініңіздің барлығы.
- E) Парасатты диалог.

25. Бұрын алынған білімдердің түрлі бөліктерін жаңа мәнмәтінде қайта қарау қабілетін көрсету.

- A) Білу.
- B) Түсіну.
- C) Қолдану.
- D) Талдау.
- E) Синтез.

26. ... - бұл жинақталған мағыналы жұмыстардан тұратын, оқудың мақсаттары мен оқушылардың табыстарын қамтып көрсететін жұмыстар.

- A) Рефлексия.
- B) Жиын.
- C) Ұйымдастыру.

D) Жоспарлау.

E) Топтау.

27. Мұғалім әрбір оқушыға «А,В,С,Д» әріптері бар карточкаларды таратып шығады да олардан дұрыс жауаптарын карточкаларын көтерулері арқылы білдірсін дейді.

A) Қысқа-тест.

B) Ішкі және сыртқы шеңбер.

C) Формативті тест.

D) Температураны өлшеу.

E) Элективтік тест (таңдаулы).

28. Негізгі орта және жалпы орта білім беру соңындағы меңгерілген білім мен қалыптасқан дағдылар деңгейін айқындайды.

A) Өзін-өзі бағалау.

B) Ішкі жиынтық бағалау.

C) Қалыптастырушы бағалау.

D) Формативті бағалау.

E) Сыртқы жиынтық бағалау.

29. Оқытушы өзінің сабақ түсіндіріп жату процесін кез-келген уақытта тоқтатып, оқушылардан айтылып жатқан тақырыпты түсінгенін немесе түсінбегендерін сұрау. Бұл үшін ұстаз алдын-ала оқушыларға қолмен белгі көрсетулерді үйретеді.

A) «Қолмен белгі беру» әдісі.

B) «Бағдаршам» әдісі.

C) «20 секунд» әдісі.

D) «Арқан тарту» әдісі.

E) «Мүмкін» әдісі.

30. Оқыту үшін бағалау құралдары.

A) 70

B) 60

C) 50

D) 80

E) 90

ЖАУАПТАРЫ:

1. А

2. Д

3. Е

4. С

5. Д

6. Д

7. С

8. В

9. А

- 10. С
- 11. А
- 12. А
- 13. Д
- 14. Е
- 15. Д
- 16. С
- 17. В
- 18. В
- 19. А
- 20. В
- 21. С
- 22. В
- 23. А
- 24. Д
- 25. Е
- 26. В
- 27. Е
- 28. Е
- 29. А
- 30. А

Қорытынды бақылауға арналған тест тапсырмалары

2-нұсқа

1. Мәтінмен жұмыс түрі:

- А) Мәтін типтерін ажырату.
- В) Дыбыс алмасуын көрсету.
- С) Мәтінді талқылау.
- Д) Метафораны анықтау
- Е) Дыбыс үндестігін көрсету.
- Ғ) Мәтіннің байланысу формаларын ажырату.
- Г) Сөйлем мүшелерін табу.
- Н) Мәтінді суреттеу

2. Қазақ тілінен білім беруде мәтіндер, сөйлемдер, жаттығулар арқылы жүргізілетін жұмыс:

- A) Практикалық жұмыс.
- B) Диспут жұмысы.
- C) Әңгіме.
- D) Тәрбие жұмысы.
- E) Этнографиялық жұмыс.
- F) Жүйелік жұмыс.
- G) Өздік жұмыс.
- H) Этнолингвистикалық жұмыс

3. Мәтінді толық түсіну үшін:

- A) Морфологиялық талдау жасалады.
- B) Тұтас оқылады.
- C) Сөз тіркесіне талдайды.
- D) Бақылау жүргізіледі.
- E) Жіберген қателер үнемі түзетіліп отырады.
- F) Дыбыс алмасуын көрсетеді.
- G) Практикалық жұмыс.
- H) Сөйлем мүшелеріне талдайды.

4. Мәтіндегі басты айтылар ойды толықтыру үшін берілген жекелеген деректерді нақтылап түсіну:

- A) Тұтас түсіну.
- B) Ең басты ойды түсіну.
- C) Мазмұнды толық түсіну.
- D) Талдап түсіну.
- E) Ақпаратты өз қажетіне қарай түсіну.
- F) Нақтылап, талдап түсіну.
- G) Тақырыпты түсіндіру.
- H) Белшектеп түсіну.

5. Мәтінде әрбір әріпті, буынды, сөзді бұрмаламай, сөздің соңғы буынын «жұтып қоймай» анық оқу, әрбір сөзге екпінді дұрыс түсіру:

- A) Дұрыс оқу.
- B) Түсініп оқу.
- C) Асығып оқу.
- D) Дауыстап оқу.
- E) Жылдам оқу.
- F) Мазмұнын білу.
- G) Сауатты оқу.
- H) Мәнерлеп оқу.

6. Сөздердің мағынасын ашып түсіндіру тәсілдерінің бастылары:

- A) Сөздерге анықтама беру арқылы түсіндіру.
- B) Заттың өзін немесе суретін көрсету арқылы сөздердің мағынасын ашу.
- C) Сөз тіркестерін табу.
- D) Сөз мағынасын түсіндіруде техникалық құралдар қолдану.
- E) Жоспар жасау.

- F) Шығармаға ат қою.
- G) Шығарманы бөлімге бөлу.
- H) Шығармадан актив сөздерді теріп жазу

7. Мәтін мазмұнын дұрыс қабылдап, мақсатқа жету үшін қандай жұмыс жүргізіледі:

- A) Аударма жұмысы.
- B) Өздік жұмысы.
- C) Сөздік жұмысы.
- D) Үй жұмысы.
- E) Мәтіндегі сөздердің мағынасын ашу.
- F) Талдау, баяндау жұмысы.
- G) Шығарма жұмысы.
- H) Мағынасы түсініксіз сөздермен жұмыс.

8. Мәтінді дұрыс қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыс түрі:

- A) Шығарманы іштей оқу.
- B) Мазмұндау.
- C) Саралау.
- D) Суреттеу.
- E) Шығарманы мәнерлеп оқу.
- F) Экскурсия.
- G) Хабарлау.
- H) Қайталап оқу.

10. Мәтінмен жұмыс хабарды түсіну дәрежесіне қарай қандай мақсаттарды көздейді:

- A) Мазмұнды толық түсіну.
- B) Ең басты ойды түсіну.
- C) Ақпаратты өз қажетіне қарай нақтылап түсіну.
- D) Жаттығу жазу арқылы түсіну.
- E) Мазмұнды жартылай түсіну.
- F) Синоним сөздерді түсіну.
- G) Мағынасы ұғынықсыз сөздерді түсіну.
- H) Мәтіндегі омоним сөздерді түсіну.

11. Мәтін өте жеңіл болса:

- A) Оқушылар жылдам қабылдайды
- B) Оқушылардың түсінуіне жеңіл болады.
- C) Оқушылардық қызығушылықтарын жояды.
- D) Оқушыларды жалықтырып жібереді.
- E) Оқушылардың ойлау қабілетін арттырады.
- F) Оқушылардың ойлау қабілетін төмендетеді.
- G) Оқушылардың түсінбеуіне әкеліп соғады.
- H) Оқушылардың қызығушылығын оятады.

12. Мұғалімнің мәтінді түсіндіруге қатысты дайындық жұмысы:

- A) Сұрақтар қою.

- В) Бақылау.
- С) Қадағалау.
- Д) Тілдік талдау.
- Е) Жылдам оқу.
- Ғ) Оқушы тілі.
- Г) Коллективті түрде әңгіме айту.
- Н) Оқушылардың өздеріне әңгіме айқызу.

13. Шығарманы оқуға дайындаудың үш кезеңі:

- А) Балаларды оқылатын әңгіменің мазмұны мен ондағы кейіпкерлердің ісін саналы түрде білуге дайындау.
- В) Жоспар құрудағы ерекшеліктер.
- С) Шығармадағы кейіпкерлер бейнесін айқындау.
- Д) Оқылатын әңгіменің мазмұнына қызықтыру.
- Е) Жылдам оқу.
- Ғ) Мәтіндегі түсініксіз сөздердің мағынасын ашу.
- Г) Мазмұндама жазғызу.
- Н) Лингвистикалық талдау жасау.

14. Диктантта қолданылатын жазылым түрі:

- А) Көшіру жазылымы.
- В) Дыбыстық жазылым.
- С) Жаттау.
- Д) Көркемдік жазылым.
- Е) Танымдық жазылым.
- Ғ) Аудиожазба.
- Г) Конспект жазылым.
- Н) Үнтаспа жазуы.

15. Орфографияны тиімді меңгеруге қажетті фонетикалық дағдылар:

- А) Әңгіме жаза білу.
- В) Сөз таптарын білу
- С) Сөйлем мүшелерін талдай білу.
- Д) Дыбыстарды ажырата білу.
- Е) Сөз синонимін көрсете білу.
- Ғ) Дауызсыздарды ажырата білу.
- Г) Қыстырма сөзді табу.
- Н) Дауыстыларды ажырата білу.

16. Көшіріп жазу, айту бойынша жазу, еркін жазу жаттығу түрлері:

- А) Орфографиялық жаттығу.
- В) Морфологиялық.
- С) Синтаксистік.
- Д) Стилистикалық
- Е) Бағдарламалық.
- Ғ) Сауатты көшіріп жазу.
- Г) Көп нүкте.

Н) Айтылым бойынша жазу.

17. Орфографиялық сөздікпен жүргізілетін жұмыс түрі:

А) Емлесі қиын сөздерді теріп жазу.

В) Сөз мағынасын ұғындыру.

С) Сөз түбірін көрсету.

Д) Синонимін табу.

Е) Антонимін көрсету.

Ғ) Жазылуы қиын сөздерді теру.

Г) Қыстырма сөзді табу.

Н) Қиын емлесі бар сөздерді жазу.

18. Диктантта қолданылатын жазылым түрі:

А) Дыбыстық жазылым.

В) Көшіру жазылымы.

С) Жатқа жазу жазылымы.

Д) Көркемдік жазылым.

Е) Танымдық жазылым.

Ғ) Дауыстық жазылым.

Г) Көп нүкте.

Н) Үндік жазылым.

19. Сөйлеу тілі мен жазу стилі жатық оқушының жоғары қабілеттері

А) Тыңдау қабілеті.

В) Ойлау қабілеті.

С) Игеру қабілеті.

Д) Жазу қабілеті.

Е) Сезу.

Ғ) Сауаттылық қабілеті.

Г) Есту.

Н) Жазу.

20. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттеу әдісі:

А) Эксперименттік әдіс.

В) Білімді бағалау әдісі.

С) Оқыту жүйесін анықтау әдісі.

Д) Бақылау әдісі.

Е) Орфографиялық мәселелерді анықтау.

Ғ) Лексикалық талдау әдісі.

Г) Тарихи-зерттеу әдісі.

Н) Орфоэпиялық мәселелерді анықтау.

21. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану:

А) Мәтіндік редактор мүмкіндіктерін пайдалануға негізделген.

В) Білім алушы мотивациясына теріс ықпал етеді.

С) Сабақ беру процесінде мұғалімнің еңбегін жеңілдетеді.

Д) Тақырыпқа байланысты мол ақпараттар алуға көмектеседі.

Е) Тілдік талдау барысында қиындықтар туғызады.

F) Теориялық тұрғыда негізделмеген, тиімсіз әдіс.

G) Ақпараттық сауаттылықты әлсіреді.

H) Сабақ барысында үнемі қолдану мүмкін емес.

22. Электронды оқу құралының ерекшелігі неде:

A) Демонстрациялық бағдарлама болып табылады.

B) Негізгі талапқа сай оқулық бола алады.

C) Теориялық материалмен бірге жаттығу, тест беріледі.

D) Тек қана тестен құралады.

E) Сабақта тек көрнекі құрал ретінде қолданылады.

F) Тек ғана теориялық материалдар беріледі.

G) Бағдарламаға сай барлық сабақ түрлерінде қолдануға ыңғайлы.

H) Тек қана жаттығулардан құралады

23. Тілдік қатысымға байланысты жазылым бірнеше құрылымдық кезеңнен тұрады да, көп салалы болады:

A) Қажеттіліктен пайда болатын себеп.

B) Қағазға түсіріа, еске түсіру.

C) Санада қалыптасқан ой сөзге айналу.

D) Ойда жинақталған сөздер графикалық таңбалар арқылы тізбектелу.

E) Өмірде кездесетін әр түрлі деректер.

F) Себептің ойда, санада бейнеленуі.

G) Ойдың сөз арқылы тізбектелуі.

H) Сөздер бір-бірімен тіркесуі.

24. Тіл дамыту жұмыстарының негізгі принциптеріне жатпайтын:

A) Бейімдеп оқыту принципі.

B) Сөйлеу мен ойлаудың бірлігі принципі.

C) Ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен сөйлеу байланыстық принципі.

D) Грамматика, орфография, пунктуация және әдебиет пен байланыстыра жүргізу принципі.

E) Стилистикамен тығыз байланысты болу принципі.

F) Фонологиялық принципі.

G) Морфологиямен тығыз байланысты болу принципі.

H) Диохрониялық принципі.

25. Адамдардың бір-бірімен қандай мақсатпен қалай сөйлесуіне байланысты тілдесім:

A) Ресми тілдесім.

B) Іс-қағаздар стилі.

C) Тыңдалым.

D) Жазбаша сөйлеу.

E) Бейресми тілдесім.

F) Қалыптасқан тілдесім.

G) Іштей оқу.

H) Дауыстап оқу.

26. Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысы қандай принциптерге негізделі жүргізіледі:

- A) Методикалық.
- B) Дидактикалық.
- C) Грамматикалық.
- D) Лингво-дидактикалық.
- E) Дамытушылық.
- F) Лексикалық.
- G) Психо-дидактикалық.
- H) Графикалық.

27.Жалпы адамдар арасындағы тілдесім:

- A) Ресми.
- B) Ақпараттық.
- C) Дербестік.
- D) Орфография.
- E) Жазып алу.
- F) Ықпалдық.
- G) Жазбаша сөйлеу.
- H) Қабылдамалық.

28.Оқушының сөз байлығын молайтып, үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдеп, сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сөйлеп үйренуде сабақта нені ұйымдастырудың мәні зор:

- A) Өздік жұмысы.
- B) Оқушымен жұмыс.
- C) Лабораториялық жұмыс.
- D) Қосымша жұмыс.
- E) Тақтамен жұмыс.
- F) Дәптермен жұмыс.
- G) Жаттығу.
- H) Оқушының өзіндік жұмысы.

29. Жазылымның лингвистикалық мазмұнын белгілейтін мәселелер:

- A) Орфоэпия.
- B) Ауызша сөйлеу.
- C) Сурет салу.
- D) Графика.
- E) Дауыстап оқу.
- F) Орфография.
- G) Жазып алу.
- H) Мазмұндау

30. Қазақ тілі сабағында қолданылатын оқушының өзіндік ой түюге баулитын жаттығулар:


- A) Қозғалыс, серпіліс.
- B) Есту, көру, ойлау.

- С) Талдау, ойлау, баяндау.
- Д) Елестете алу.
- Е) Баяндау, ойлау, талдау.
- Ғ) Сезімдік қабылдау.
- Г) Ойлау, талдау, баяндау.
- Н) Жаңғырту, талдау.

1-Қосымша. Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Бөлімнің атауы: Толғауы тоқсан қызыл тіл		Мектеп:	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: Пәні: қазақ әдебиеті		Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Шортанбай Қанайұлы «Зар заман»		
Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Т/ЖЗ. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау		
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Өлеңдегі кейіпкерлер портреті мен іс- әрекетіне анализ жасай алады;		
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Талдау негізінде кейіпкерді анықтап, образын сипаттай отырып, мысал келтіре алады;		
	Кейбір оқушылар орындай алады: портрет пен маңызды әрекеттер негізінде кейіпкер образына қатысты өз ойын нақтылай алады;		
Бағалау критерийі 1.Өлеңдегі кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасайды	<ul style="list-style-type: none"> • үзінділердің қай кейіпкерге қатысты екенін анықтайды; • кейіпкерлердің образын өз сөзімен сипаттайды; 		
2. Талдау негізінде кейіпкерді анықтап, образын сипаттайды	<ul style="list-style-type: none"> • «Зар заман» белгілеріндегі ең маңызды әрекеттерді ажыратады; • портрет пен маңызды әрекеттер негізінде кейіпкер образына қатысты өз пікірін 1 сөйлеммен жеткізеді. 		
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» көркем шығармасындағы кейіпкерлердің типтерін аша алады, жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтайды.		
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Кесапат, айбар, дуан, заманақыр, сүр, асылық, жөргем, керт бас.		

	<i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i> «Орыс –бүркіт, біз- түлкі, Аламын деп талпынды» - деген өлең жолын қалай түсінесің? Шортанбай заман өзгерісін қалай түсінді және қалай жырлады? Заманды бұзған кімдер еді?	
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» атты тармағындағы идеялар Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» өлеңін оқыту барысында ішінара іске асырылады.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, география	
Алдыңғы оқу 3 мин	«Екі шындық, бір өтірік» ойыны «Зар заман» өлеңінен екі шындықты, бір өтірік ақпаратты жасыру.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 7 мин	С. Қызығушылықты ояту мақсатында «Зар заман» өлеңінің желісінде бейнематериал көрсету. Сабақтың мақсаттары мен критерийлерімен таныстыру. Топқа бөлу	«Би, болыс, халық» Көркем шығармада кездесетін кейіпкерлердің типтері бойынша топқа бөлінеді
Сабақтың ортасы 30 мин	С. «Қазына іздеу» әдісі (10 мин) Бұл әдісті жүргізу үшін оқушыларға мәтін немесе бөлім мазмұны бойынша олардың іздейтін қазыналарының сипаттамалары беріледі. Қазына ретінде кейіпкер бейнесін айқындайтын түйінді сөздер, сөйлемдері бар үзінділер алынуы мүмкін. Оқушылар әрбір қазынаны тапқаннан кейін, өлеңдегі лирикалық кейіпкердің жиынтық бейнесін жасалу тәсілі тұрғысынан құрастырады. Ж. (5мин) «Автор пікірі, менің көзқарасым» стратегиясы Портрет пен маңызды әрекеттер негізінде кейіпкер образына қатысты өз	А3, маркер 5сөйлем

	<p>пікірін 1 сөйлеммен жеткізеді. ТЖ. (15мин) <u>1 –топ: Би «Фишбоун» әдісі.</u> Оқушылар топқа бірігеді. Мәтіннен тапқан көркемдегіш құралдарды талқылап, «Фишбоун» әдісі арқылы сызбаға түсіреді. Сынып алдында қорғайды.</p> <div data-bbox="539 454 842 607" style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin: 10px 0;"> <p style="text-align: center; font-size: small;">«Фишбоун» белсенді әдіс- тәсілі шығарманы таллау</p>  </div> <p>басы – тақырыптың мәселесі; үстіңгі сүйектері – көркемдегіш құрал түрлерін жазу; астыңғы сүйектері – көркемдегіш сөздерге мәтіннен тапқан мысалдарды жазу; құйрығы – шығарманың көркем тілі жайлы түйінді сөз. Қаңқадағы жазулар қысқа болу керек. Олар тірек сөздерден немесе тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалық сөздерден болуы мүмкін.</p> <p><u>2- топ: Болыс «Қарым- қатынас аймағы әдісі».</u> «Зар заман» белгілеріндегі ең маңызды әрекеттерді ажырату.</p> <table border="1" data-bbox="539 1249 1209 1467" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="padding: 5px;">«Зар заман» кезеңіндегі кейіпкерлердің кескін-келбеті</td> <td style="padding: 5px;">«Зар заман» кезеңіндегі ең маңызды әрекеттер</td> </tr> <tr> <td style="height: 20px;"></td> <td style="height: 20px;"></td> </tr> </table> <p><u>3-топ: Халық</u> «Түсіндірме күнделік» бойынша жұмыс жасайды. Оқушылар автор қолданған сөздердің кейіпкерді бейнелеудегі әсерін талқылайды.</p> <table border="1" data-bbox="539 1682 1209 1771" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="padding: 5px;">Өлеңдегі сөз</td> <td style="padding: 5px;">Менің пікірім</td> </tr> <tr> <td style="height: 20px;"></td> <td style="height: 20px;"></td> </tr> </table>	«Зар заман» кезеңіндегі кейіпкерлердің кескін-келбеті	«Зар заман» кезеңіндегі ең маңызды әрекеттер			Өлеңдегі сөз	Менің пікірім			<p>А3, маркер</p>
«Зар заман» кезеңіндегі кейіпкерлердің кескін-келбеті	«Зар заман» кезеңіндегі ең маңызды әрекеттер									
Өлеңдегі сөз	Менің пікірім									
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 мин</p>	<p>Кері байланыс: ПОПС формуласы арқылы «Менің ойымша, бұл...» «Себебі, мен оны былай түсіндірер едім...»</p>	<p>Интербелсенді тақта</p>								

	<p>Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын...» «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...» ҚБ «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау</p>	
Қосымша мәлімет		
<p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (<i>тәрбие элементі</i>)</p>
<p>Тапсырмаларды жүйелі түрде бере отырып, кейіпкерлер бейнесін ашуға бағыт беру. Көтерілген мәселелер бойынша өз ойын анық жеткізуге, маңызды идеяларды ортаға салуға бағыттау.</p>	<p>«Шығу билеті» әдісі арқылы бағалауды жүзеге асыру. -Сіз бүгін не үйрендіңіз? -Сіз тағы не білдіңіз келеді?</p>	<p>Қазақстан тарихы: ХІХ ғасыр кезеңіндегі Қазақстандағы жағдай; География: Сол ғасырдағы Қазақ елінің территориялық жағдайы;</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сабақ мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма, қолжетімді болды ма? • Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқу мақсатына қол жеткізбеген болса неліктен деп ойлайсыз? • Сабақ қалай және қандай деңгейде өтті? • Жоспарланған саралау дұрыс іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) • Сабақ кезеңдерінде 		


<p>уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма, неліктен? • Осы жоспарға қандай өзгеріс енгіземін және неге? 	
<p>Жалпы бағалау</p> <p>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе <i>(оқыту мен оқуға қатысты)</i>:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. <p>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді <i>(оқыту мен оқуға қатысты)</i>?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. <p>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</p>	

2-Қосымша.

<p>Бөлімнің атауы: Мәдениет: тіл және қарым-қатынас</p>	<p>Мектеп:</p>	
<p>Күні:</p>	<p>Мұғалімнің аты-жөні:</p>	
<p>Сынып: Пәні: Қазақ тілі</p>	<p>Қатысқандар:</p>	<p>Қатыспағандар:</p>
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Тіл - қатынас құралы</p>	
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>5.Ж2 Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, хабарландыру құрастырып жазу. 5.ӘТН4.1 Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану.</p>	
<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар орындай алады: туынды сөздер мен күрделі сөздерді түсінеді, құрылымға сай хабарландыру жазады;</p>	

	<p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: туынды сөздер мен күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесімде қолданады, жанр ерекшелігіне сай хат жаза алады;</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: ақпаратты сараптай отырып, туынды және күрделі сөздерді қолданып, өз пікірін білдіріп, хат жаза алады;</p>
<p>Бағалау критерийі 1. Жазба жұмыстарының жанрлық ерекшелігін ескереді, рәсімделуі мен құрылымын сақтайды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • хат, хабарландыру жанрының талаптарын еске түсіреді; • мәтін мазмұнында оқырманның назарын аударатындай сөйлемдерді қолданады;
<p>2. Туынды сөздер мен күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесімде қолданады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • мәтіннен туынды, күрделі сөздерді таба алады, сөйлем құрайды; • хат, хабарлама жазуда туынды және күрделі сөздерді қолданады;
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Оқушылар орындай алады: туынды және күрделі сөздерді мәтіннен таба алады, оны қолдана отырып хат, хабарландыру жазады.</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: ұялы телефон, қоңырау, мәдениетті сөйлеу, күрделі және туынды сөздер.</p> <p>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Сізді мазалағаным үшін кешірім сұраймын. Уақытыңыз бар ма? Көмек көрсеткеніңізге көп рахмет.</p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: Телефонмен сөйлесу мәдениеті деген не?</p>
<p>Құндылықтарға баулу</p>	<p>«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» атты тармағындағы негізгі идеялар «Тіл - қатынас құралы» тақырыбы арқылы іске асырылады.</p>
<p>Пәнаралық байланыс</p>	<p>Әдебиет, информатика</p>
<p>Алдыңғы оқу 3 мин</p>	<p>«Өрмекші торы» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексеру</p>
<p>Жоспар</p>	

Жоспарланған Уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 7 мин</p>	<p>С. «Телефонмен сөйлесу мәдениеті» бейнефильмін тамашалайды. Тыңдай отырып, мәтіннен туынды сөздер мен күрделі сөздерді теріп жазады. Сөйлем құрайды.</p> <p>С. «Қар кесегі 1» әдісі арқылы туынды сөздер мен күрделі сөздерді қолданып сөйлем құрайды. Оқушылар күрделі сөздердің түріне қарай топқа бөлінеді «Туынды сөз», «Біріккен сөз», «Қос сөз», «Тіркесті сөз»</p>	<p>Интербелсенді тақта</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=HJrcUIEagVA</p> <p>Топқа бөлуге арналған қима қағаздар</p>
<p>Сабақтың ортасы 30 мин</p> <p>10 мин</p> <p>15 мин</p>	<p>ЖЖ. Оқушылар «<u>Пікірталас әткеншегіне</u>» жиналады. Жұпта талқыланатын сұрақтар: 1.Телефонмен сөйлесу мәдениеті дегеніміз не? 2.Телефонмен сөйлесу барысында адамдар жиі қолданатын сөздік бірліктер, ол қаншалықты дұрыс қолданылған? 3.Қоғамдық орындарда сөйлескенде сіз адамдардан нені байқадыңыз? Қоғамдық орындардағы сөйлесу мәдениеті сақталған ба?</p> <p>Т. <u>1-топ, 2- топ</u> Хат құрылымын сақтай отырып, жақын досына «Телефонмен сөйлесу мәдениеті» тақырыбындағы пікірталасқа қатысқаныңыз туралы ақпарат беріп, туынды және күрделі сөздерді қолдана отырып хат жазады.</p> <p><u>3-топ</u> Мектепте «Телефонмен сөйлесу мәдениеті» акциясының өтетіні</p>	<p>А3 маркер, түрлі - түсті қағаздар</p> <p>маркер, стикер</p>

5 мин	жөнінде туынды және күрделі сөздерді қолдана отырып хабарландыру жазады. Ж. <u>«Галереяда ой шарлау»</u> әдісі арқылы топтар бір-бірінің жұмысын бағалайды.	
Сабақтың соңы 5 мин	Кері байланыс: <u>«Тамаша идеялар»</u> әдісі арқылы ҚБ жүзеге асыру <u>«Екі жұлдыз, бір тілек»</u> критерийлерге сүйене отырып, бағалау.	стикер 
Қосымша мәлімет		
Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (<i>тәрбие элементі</i>)
Құрылымға сай өз пікірін қорыта отырып, хат, хабарландыру жазуға бағыттаймын. Берілген туынды сөздер мен күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесімде ұтымды қолдана білуге ой тастаймын.	«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалауды жүзеге асырамын.	АКТ- дан бейнефильмдер мен тапсырмалар ұсынылады. Пікірталас ұйымдастыруда әдебиет пәнінен алған біліміне, сөздік қорына сүйене отырып, өз ойын білдіруге мүмкін беремін.
Сабақ бойынша рефлексия		
Жалпы бағалау		

3-Қосымша.

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: «Отбасылық дәстүрлер	Мектеп:
---	----------------

мен мерекелер»			
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 5	Пәні: қазақ тілі	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Жеті ата		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.05 Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру. 5.ӘТН 4.1 Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану.		
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: мәтін мазмұнын түсінеді.		
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мәтін бойынша сұрақтар құрастыра біледі, жұрнақ арқылы жасалған туынды және күрделі сөздерді таба алады.		
	Кейбір оқушылар орындай алады: туынды сөздер мен күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдана алады.		
Бағалау критерийі 1.Мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтайды, анықталған ақпараттарға қатысты сұрақтар құрастырады.	<ul style="list-style-type: none"> • мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтайды; • анықталған ақпараттарға қатысты сұрақтар құрастырады; 		
2.Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді табады, ауызша және жазбаша жұмыста қолданады.	<ul style="list-style-type: none"> • жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді табады; • ауызша және жазбаша жұмыста қолданады; 		
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Мәтін мазмұнын түсінеді, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолданады.		
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Жеті ата, Адам ата, шежіре, ру, ұрпақтар жалғасы, боз бие.		
	Диалог құруға/шығарма жазуға арналған		

	пайдалы тіркестер:	
	Талқылауға арналған сұрақтар: - Жеті ата қалай жіктеледі? - Жекжат сөзінің мағынасын қалай түсінесің?	
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының «Тарих, мәдениет пен тілдің біртұтастығы" атты тармағындағы идеялары «Жеті ата» мәтінін оқыту барсысында ішінара іске асырылады.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы , өзін-өзі тану	
Алдыңғы оқу 5 мин	Оқушылар «Суретке қарап сөйлеу» әдісі арқылы өткен сабақты пысықтайды. 1-сурет. Отбасы мүшелері 2-сурет. Отбасылық дәстүрлер 3-сурет. Отбасылық мерекелер	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Сынып 3 топқа бөлінеді. «Болжау» әдісі бойынша берілген бейнероликті көреді. Бейнеролик бойынша сұрақтар қойылады: - Балалар, сіздердің ойыңызша, бейнероликте не туралы айтылған? - Қалай ойлайсындар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы ненің төңірегінде болады? - Сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай?	Ата, әке, бала сөздері арқылы Интербелсенді тақта
Сабақтың ортасы 30 мин	Ж. Оқылым алдындағы тапсырма. «Жеті ата» ұстанымы туралы қысқаша әңгіме жүргізіледі. Оқушыларға «Шежіре ағашы» ұсынылады. Әр оқушы жеке өз отбасының шежіресін жасайды. Мұғалім оқушыларға кез келген қазақ отбасындағы ең басты дәстүр өзінің жеті атасын білу екендігін түсіндіреді. Топта бір-біріне өз шежіресін таныстырады. ТЖ. Оқылым кезіндегі тапсырма. Оқушыларға оқылым мәтіні ұсынылады. Тапсырма.	A4, маркер

	<p>1-топ. Мәтіннің мазмұнын оқып, нақты ақпараттарды «Сканерлеп оқу» әдісі арқылы анықтайды.</p> <p>2-топ. Мәтіннен жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді «Кластер құру» әдісі арқылы жазбаша көрсете алады.</p> <p>3-топ. Мәтіннен күрделі сөздерді «Семантикалық карта» толтыру арқылы нақтылайды.</p> <p>Оқылымнан кейінгі тапсырма.</p> <p>С.</p> <p>«Сен-маған, мен-саған» ойыны.</p> <p>Мұғалімнің қолындағы қорапқа әр оқушы мәтін бойынша өзінің сұрақтарын салады.</p> <p>Кейін мұғалім оқушыларға қорапты қайта ұсынады. Әр оқушы қораптан бір сұрақтан алып жауап беруге дайындалады.</p>	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 мин</p>	<p>Кері байланыс</p> <p>С.</p> <p>Жеті ата туралы ақпараттарды ауызша тілдесім барысында қолдану үшін «Егжей-тегжейлі баяндау» әдісін орындайды.</p> <p>ҚБ.</p> <p>«Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау жүзеге асырылады.</p>	
Қосымша мәлімет		
<p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?</p> <p>Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс.</p> <p>Құндылықтармен байланыс (<i>тәрбие элементі</i>)</p>
<p>Тапсырмаларды жүйелі түрде бере отырып, мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтауға бағыт беремін.</p> <p>Қабілетті оқушылар</p>	<p>«Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау жүзеге асырылады</p>	<p>Сабақ өзін-өзі тану пәнімен тығыз байланысты құрылды, АКТ-дан бейнеролик мен тапсырмалар ұсынылады. Отбасы</p>

«Егжей-тегжейлі баяндау» әдісі арқылы туынды сөздер мен күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдана алады өз ойларын жүйелеп айтады, сөздік қорларын байытады.		құндылықтары. Отан – отбасынан басталады. Интерактивті тақта сабақ материалдарын демонстрациялау мақсатында қолданылады.
Сабақ бойынша рефлексия		
Жалпы бағалау		

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ҮЛГІСІ

Қазақ тілі. 8-сынып

Бөлім «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Фонетика»

Оқу мақсаты

- 8.2.4.1 Тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау
- 8.3.1.1 Тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар

құру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіндердің тақырыбын, түрін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдайды
- Берілген тақырып негізінде тезистік жоспар құрады

Ойлау дағдыларының Қолдану

деңгейі

Орындау уақыты 15-20 минут

Тапсырма. Мәтіндерді түсініп оқыңыз.

1-мәтін.

«Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам өмірінің өзегі – құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Осы қағидаға сүйенсек, қоғамның жаңару кезіндегі жаңаша көзқарастардың бірі – құндылық бағдар.

Қазіргі заманда ғылым мен білім, ақпараттық технология, техника каншалықты қарыштап дамыған сайын, адамның бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерінің соншалықты төмендеп бара жатқанын күнделікті өмірде көріп отырмыз. Атап айтар болсақ: тастанды бала, қарттар үйі, қатыгездік, табиғатты ластау, ағашты кесу, алдап соғу, жемқорлық, өлтіріп кету сияқты келеңсіздіктер толып жатыр. Адамзаттың ең асылы «адам» деп қарайтын болсақ, онда адамның азғындауына не себеп? Әлде заман кінәлі ме? Көпшілігі «заманына қарай адамы» деген принциппен өмір сүреді. Ал заманды құрайтын адам емес пе? Міне, сонда барлығы қайтадан адамға келіп тіреледі. Сондықтан күллі әлемді сақтап қалатын бірден-бір жол рухани адамгершілік білім екені даусыз.

Рухани-адамгершілік білімнің негізі болып табылатын «Өзін-өзі тану» жобасының авторы С. А. Назарбаева «Өмір әдебі» деген кітабында: «Рухани кәусар бұлаққа барар жол іздеу әр адамның міндеттерінің міндеті екендігіне сенімдімін» дей келе, оған тек жалпыадамзаттық құндылықтарды оқыту арқылы ғана жетуге болатынын атап көрсетті...

2-мәтін

Әдетте құндылық деген сөзді естігенде, ойыңызға не келеді? Құнды заттар, құнды ақпарат, басқа адамның құнды қасиеттері. Әр нәрсенің өз құндылығын білгенмен, біз өз құндылықтарымызға назар аударма бермейміз. Ойланып көріңізші, сіздің қандай құндылықтарыңыз бар? Сіз өзіңізді

ақылды, инабатты, тәрбиелі, парасатты, адамгершілігі, түсінігі мол керемет қасиеттерге ие адаммын деп ойлауыңыз мүмкін. Бұның бәрі құнды қасиеттерге жатады. Сіз ата-анаңызды, туыстарыңызды, достарыңызды, туған жеріңізді, еліңізді, ұлтыңызды шексіз сүйеіңіз мүмкін. Бұл да адамның ерекше жақсы көретін құндылықтары. Сіздің үйіңіз, материалдық жағдайыңыз, жұмысыңыз, айналысатын ісіңіз, хоббиіңіз, шығармашылығыңыз да құндылықтар қатарында. Болмысыңыз бен пішініңіз, сұлулығыңыз, сымбаттылығыңыз – құндылықтың бір түрі. Сонымен қатар іске аспай жатқан құндылықтар да болады: үйлену, тұрмыс құру, ата-ана болу, өмірде өз орныңды табу, сыйлы адам болу, тұлға ретінде мойындалу да құндылықтар...

Екі мәтінді салыстырыңыз.

1. Мәтіндердің стилі қандай? Себебі неде?

2. Мәтіндердің тақырыбы қандай?

3. Мәтіндердің түрлері қандай? Неге олай?

4. Мәтіндердің құрылымы қандай? Неге?

2. Сіз тәрбие сағатында «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті» тақырыбында баяндама оқығалы жатырсыз. Баяндамаңыздың тезистік жоспарын жасаңыз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіндердің тақырыбын, түрін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдайды	1	мәтіндердің стильдерін ажыратады;	1
		тақырыбын анықтайды;	1
		түрін анықтайды;	1
	2	құрылымын салыстырады;	1 1

Берілген тақырып негізінде тезистік жоспар құрады	тақырып бойынша жоспар құрады;	1
	тезистік жоспарды талапқа сай құрады.	1
Барлығы		7

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.- Астана.
- 2 ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.- Астана.
- 3 ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды дайындайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру курсы бағдарламасы. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.- Астана.
- 4 Alexander R., (2001). Culture and pedagogy.[Мәдениет пен педагогика] Willey-Blackwell.
- 5 Assessment Reform Group, (2002a). Assessment for Learning: 10 Principles. [Оқу үшін бағалау: 10 ұстаным]. University of Cambridge Faculty of education.
- 6 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.-256 с.
- 7 Стилл Дж., Мередит К. т.б. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары. - Алматы, 1988.
- 8 Мирсеитова С.С. Становление и развитие философии учителя: гуманистическая парадигма.- Алматы: Верена 2008.- 260 с.
- 9 Аманашвили Ш.А. Обучение. Оценка. Отметка. [Оқу. Бағалау. Баға].- М: 1980.
- 10 Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе: Учебное пособию- Пермь, 2010.- 84 с.
- 11 Assessment Reform Group, (2002b). Testing, Motivation and Learning. [Тестілеу, қызықтыру және оқыту]. University of Cambridge Faculty of education.

- 12 Black P., & Wiliam D. (1989a). Assessment and Classroom Learning [Бағалау және сыныпты оқыту]. Assessment in Education: Principles, Policy and Practice,5 (1), 5-75.
- 13 Black P., & Wiliam D. (1998b). Inside the black box: raising standards through classroom assessment [Қара жәшіктің іші: сыныпты бағалау арқылы стандартты арттыру]. King's College London, School of Education. Now available from NFER\Nelson.
- 14 James M. (2002). Assessment for learning: what is it and what does research say about it? [Оқыту үшін бағалау: бұл не және зерттеулер бұл туралы не айтады]. Learning how to learn project. Faculty of Education, University of Cambridge.
- 15 Загашев И.О., Заир-Бек С.и. Критическое мышление: технология развития. [Сын тұрғысынан ойлау: даму технологиясы].- СПб: альянс- Дельта, 2003.
- 16 Загашев И.О., Заир-Бек С.и, Муштавинская и В. Учим детей мыслить критически. [Балаларды сын тұрғысынан ойлауға үйретейік]. 2-басылым-СПб: «Альянс «Дельта және «Речь», 2003.
- 17 Кларин М.В. инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры, дискуссии. Анализ зарубежного опыта. [Әлемдік педгогикадағы инновация: зерттеу, ойындар, пікірталастар негізінде оқыту. Шетелдік тәжірибені тандау]. – Рига: НПЦ «Эксперимент», 1995,- 176 бет.

Мазмұны

Алғысөз.....	3
1 Бағалау нормативтері туралы ұғым.....	4
2 Мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау.....	10
3 Блум таксономиясы.....	14
4 Блум бойынша ойлау дағдылары деңгейінің таксономиясы.....	19
5 Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша критериалды бағалаудың ұстанымдары.....	27
6 Ішкі жинақтық бағалау.....	36
7 Қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалаудың модерациясы.....	39
8 Бағалау үдерісі.....	41
9 Оқушы портфолиосы.....	46
10 Оқу жоспары (қысқа, орта, ұзақ).....	53
11 Пән бойынша глоссарий.....	59
12 «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәнінің тәжірибелік сабақтарының әдістемелік нұсқаулығы.....	62
13 «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәнінің оқытушы басшылығымен студенттің өздік жұмысын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулығы.....	66
14 «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәнінің студенттің өздік жұмысын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулығы.....	72
15 Қалыптастырушы бағалау парағы нәтижелерін талдау.....	81
16 Оқыту үшін бағалау құралдары.....	85
17 «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәнінен студенттердің білімін бақылау және бағалау жүйесі.....	98
Қосымша.....	116
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	131

